1. Абдикерова Г.О. Социализация современной личности. – Алматы, 2005. – 4б.
2. БҰҰ сайтының мәліметтері <https://www.un.org/ru/120927> (жүгінген күн 25.04.2023)
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының мәліметтері www.stat.gov.kz (жүгінген күн 25.04.2023).

Osman Yesilyrt
4 курс İnsan ve Toplum Bilimleri Fakültesi
Pamukkale Üniversitesi Türkiye, Denizli
Danışman: Gulvira Darmenova

ÖZBEK, KAZAK TÜRKLERİNDE KADIN ANTRONİMLERİ

ÖZET. *Kazakistan ve Özbekistan'da Kadın Adları ad verme konusunda dini etkenler ve kültürlerin ortak olması sebebiyle gözle görünür bir benzerliğe sahiptir. Bu adlar verilirken dikkat edilen hususların incelenmesi ve iki lehçe arasındaki Kadın adlarının anlambilim yöntemiyle araştırılması gerçekleştirilmiştir.*

Anahtar Kelimeler: *Kadın, Adlar, Anlambilim.*

ABSTRACT. In Kazakhstan and Uzbekistan, female names have a visible similarity in naming, due to the common religious factors and cultures. Examining the points that are considered while giving these names and researching the female names between the two dialects with the method of semantics were carried out.

Keywords: Woman, Names, Semantics.

GİRİŞ. Kişi adları (Antroponimler) insanın ömrü boyunca taşıyacağı bir ünvardır. Bu sebeple Türkler çocuklarına anlamlı ve kıymetli adlar vermektedirler. Adların verilmesi konusunda Türk tarihinde adını altın harflerle kazınmış olan kahramanlarımız, dinimizin getirmiş olduğu islami adlar ve ailenin düşünce, dileklerini yansıtan adları görmekteyiz. Bu araştırmada Kıpçak grubuna ait olan Kazakistan ve Karluk grubuna ait olan Özbekistan'daki kadın adlarının gerek benzerliği gerekse de farklılıklarını inceleyeceğiz.

Ad Kavramı .' *Ad, kişiyi ayırt etmek ve insan ilişkilerinde kendisini tanıtmak için kullanılan sözcük grubudur.* '' (Yıldız, 2017: 726). Milletlerin kültürlerinde adlar önemli bir yere sahiptir. O milletin kültüründen ve adetlerini yansıtmaktadır. Türk milleti bilindiği üzere büyük bir coğrafyaya yayılmış ve çeşitli kültürler ile harmanlanmıştır (Gül, 2001: 55).

Ad verme gelenekleri

Kazak Türklerinde .Farklı coğrafyalarda yaşasak da kanı Türk, canı Türk Kazak halkının da Türk gelenek ve göreneklerine, kültürüne sahip çıktığını görmekteyiz. Kazak Türklerinde çocuklara ad verme (At koyu) çocuğun kaderini, geleceğini doğrudan ilgilendireceğinin düşünülmesi sebebiyle gelişmiş güzel adlar verilmez. Çocuklara ad toplumdan saygı gören, yaşça büyük Aksakal diye adlandırabileceğimiz kişi tarafından verilir. Bu kişi çocuğu kucağına alarak sağ ve sol kulağına üç kez adını söyler ve adı ile yaşasın der. Kazaklar da müslüman oldukları için çocuk imanlı ve inançlı olsun diye ezan da okunur. Çocuğun adlandırılmasından sonra aile bu durumu kutlamak için ulusal yemekler hazırlar ve misafirlere kıymız dağıtılarak kutlama yapılır. Ad verilirken dikkat edilen hususlar dini adlar, milli kahramanlar, hayatta olmayan aile büyükleri, ailenin düşünceleri gibi durumlar göz önünde bulundurularak verilir (Çetin, 2018: 1091).

Özbek Türklerinde. Anne ve babanın asli görevleri arasında yer almaktadır. Özbek Türklerinde ad verilirken dikkat edilen hususlar ailenin soyu, ailenin kaçınıcı çocuğu olduğu, doğduğu vakit, vücudunda bulunan iz ve benzeri özelliklerin bulunması ve Kur'andan adlar verilmektedir. Kur'andan adların verilmesindeki başlıca sebepler, çocuğun belalardan korunması, ömrünün uzun olması, ve imanlı olması düşüncesidir (Yüce ve Khamrabaeva, 2020: 319-341).

Kazak ve Özbek Türklerinde kadınlara ad verme gelenekleri şöyle sıralanabilir:

1. Bitki, çiçek adlarından alıntı antroponimler;
2. Yer, su, maden ve benzeri adlardan alıntı antroponimler;
3. Gök cisimlerinden alıntı antroponimler;
4. Hayvan adlarından alıntı antroponimler;
5. Özel gün adlarından alıntı antroponimler;
6. Dilek bildiren antroponimler, İnsanın özellikleriyle ilgili antroponimler;
7. İnsanın özellikleriyle ilgili antroponimler.

1. Bitki, çiçek adlarından alıntı antroponimler

Kadınların güzelliğini anlatmak, çiçek gibi renkli bir hayatlarının olması düşünülerek verilen adlardır.

Kazak Türklerinde. Anargül “ Nar çiçeği ”, Rayhan “ Güzel kokulu çiçek”, Roza “ Gül”, Şınar “ Çınar ”, Şınargül “ Çınar + gül ”, Qızılgül “ Kırmızı gül, Kırmızı çiçek”, Güljan “ Gül gibi canlı ”, Gülnaz “ Gül gibi güzel ve nazlı”, Güldana “ Gül tanesi ”, Güljayna “Çiçek gibi parlam, gülsün”.

Özbek Türklerinde. Anor “ Nar ”, Nargiz “ Nergis çiçeği ”, Gul “ Gül ya da çiçek ”, Gulbasar “ Çiçeklerle sarılan ”, Gulchin “ Çiçek toplayan ”, Gulbahor “ Bahar gülü ”, Lola “ Lale ”, Rayhon “ Reyhan, çiçek ”, Nilufar “ Nilüfer, çiçek”, Rayhongul “Reyhan gülü, Reyhan çiçeği ”.

2. Yer, Su, maden ve benzeri adlardan alıntı antroponimler

Çocuğun genel anlamda özelliklerine göre verilen adlardır. Çocuk sarı saçlıysa “ Altın” adını almaktadır.

Kazak Türklerinde. Altın “ Altın ”, Daria “ Deniz, ırmak, nehir ”, Aydaria “ Ay + deniz ay gibi parlak, deniz gibi uzun olsun” İncuw “ İnci gibi parlak ”, Almas “ Elmas, parlak, değerli ”, Aykuwmıs” Ay ve gümüş gibi parlak”.

Özbek Türklerinde. Gavhar “Mücevher, inci”, Daryogul “Ömrü deniz gibi uzun ve güzel olsun”, Deniz “ Deniz gibi dalgalı”, Dinora “ Dinar taşı”, İnji “ İnci, değerli ve parlak”, Kumush “ Gümüş ”, Marjon “ Mercan”.

3. Gök cisimlerinden alıntı antroponimler

Gök cisimleri genel özellikleriyle insanlar tarafından ilgi çekici ve heyecan duyulan cisimlerdir. Çocuklara bu adların verilme sebeplerinin başında “ Juldız”, “Yıldız” gibi parlak olsun. Düşüncesi hakimdir.

Kazak Türklerinde. Zauwre “ Venüs”, Juldız “ Yıldız gibi parlak ”, Kunay “ Güneş ve ay gibi parlam, ışık saçsın”, Aygyz “ Ay gibi parlak kız”, Aybala” Nurlu, parlak çocuk”, Künsuluw “ Güneş gibi güzel” Ayziba “ Ay gibi güzel yüzlü”, Aynur “ Ay gibi nurlu”.

Özbek Türklerinde. Buvzuhra” Venüs gibi parlam”, Davlatoy “ Devlet + Ay, zenginlik anlamında”, Faxrioy “Gururlu olsun, ay gibi parlam”, Gulay “Gül gibi güzel, ay gibi parlak”, Hilol “Ayın şekli ”, Kunash “ Güneş anlamında, etrafına ışık saçsın”,Oydina “Parlak, beyaz, ay ”.

4. Hayvan adlarından alıntı antroponimler

Bazı hayvanların özellikleri Türk toplumu tarafından sevildiği için çocuklarına da bu adları verdiklerini görmekteyiz.

Kazak Türklerinde. Bulbul “ Bülbül, sesi güzel”, Maral “ Geyik, güzellik anlamında”, Sanduwğaş “Bülbül, sesi güzel”, Bota “ Deve yavrusu”, Botagöz “ Deve yavrusunun gözüne sahip kız”, Botajan “ Deve yavrusu”.

Özbek Türklerinde. Bo’ritosh “ Kurt gibi çenesi güçlü olsun ”, Bo’rixol “ Kurt gibi, doğduğunda iz ile doğan kız”, Bulbul “ Bülbül, sesi güzel”, Jayron “ Ceylan, güzellik anlamında”, Kaklik “ Keklik, güzellik anlamında”, Kiyik “ Geyik, güzellik anlamında”, Maral “Geyik, güzellik anlamında”.

5. Özel gün adlarından alıntı antroponimler

Türk toplumları için bazı günler çok önemlidir ve bu özel günlerde doğan çocuklara o günü yaşatması ve hatırlatması için günün önemiyle ilgili adlar verilmektedir.

Kazak Türklerinde. Toybala “ Ailede bir düğün vaktinde doğan kız çocuğu, doğumuyla düğün gibi gelen kız”, Bazargül “ Doğduğu gün pazar açılan, gül gibi güzel kız”, Saylawgül “ Bir seçim vaktinde doğan, gül gibi güzel kız”, Nauwrızgül “ Nevruzda doğan , gül gibi güzel kız”, Nauwrıznur “ Nevruzda doğan, parlak, nurlu kız”.

Özbek Türklerinde. Afruza “ Ramazan ayında doğan kız”, Bahora “ Bahar ayında doğan kız”, Jumabaxt “ Cuma günü doğan kız, mutlu olsun”, Muxarrama “ Muharrem ayında doğan kız”,

Namozgul “ Namaz vakti dođan gzel kz”, Navro’za “ Nevruzda dođan kz”, Navro’zoy “ Nevruzda dođan ay gibi parlak kz”.

6. Dilek bildiren antroponimler

Aile yeni dođan çocuk hakkındaki dşncelerini, dileklerini ad olarak vermektedir. Bu ad anlamca çok önemlidir. Dileklerini çocuklarına ad olarak veren aile Allah’ın bu dileklerini kabul etmesi amacıyla vermektedirler.

Kazak Trklerinde. mirgl “ mr uzun olsun, gzel olsun”, mirse “Uzun mrl olsun”, Turđan “ Dursun, lmesin, yaasn ”, Tursnay “ Dursun, lmesin, yaasn, ay parlasn”, Tursngl “ Dursun, lmesin, yaasn, gl gibi gzel olsun”, Tasbala “ Ta gibi sađlam olsun”, Ulbolsyn “ Sonraki çocuk erkek olsun”.

zbek Trklerinde. Fazla “ Sonraki çocuk erkek olsun, kz çocukları yeter”, Hayotgul “ mr olsun olsun, çiçek gibi gzel olsun”, Kerakmas “ Kz çocukları yeter, erkek olsun”, Keldiqiz “ Uzun zaman sonra dođan kz”, Kirli “ Çocuđu nazardan korumak için verilen ad”, Lozima “ Uzun zaman sonra dođan kz”, Qizyetar “ Sonraki çocuk erkek olsun, kz yeter”.

7. İnsanın özellikleriyle ilgili antroponimler

Çocuklara adlarını veren Aksakalın ilk olarak dikkat ettiđi özelliklerden bir tanesi çocuđun fiziksel ve karakteristik özellikleridir. Mesela çocuk siyah gzlyse “ Qaragz” ismini vermektedir.

Kazak Trklerinde. Altna “ Sar saçlı”, Dbs “ Çocuk çok sesli olduđunda bu ad verilmektedir”, Nurlıqan “ Parlak ve hareketli kz”, Nurluqz “ Parlak yzly kz”, Nursuluw “ Nur kadar gzel”, Qaragz “ Siyah gzly”, Tngl “ Sessiz, sakin, gl kadar gzel ”, Qzlgl “ Kzl saçlı, gl kadar gzel kz”.

zbek Trklerinde. Anora “ Nar gibi kırmızı saçlı kz”, Anorxol “ Çilli kz”, Qalamqosh “ Kalem kalı”, Qoraxol “ Siyah ben ile dođan”, Qorachoch “ Siyah saçlı”, Muhir” Vcudunda bir iz ile dođan kz”, Ishora ” Vcudunda bir iaret, iz ile dođan kz”, Ishorat “ Vcudunda bir iz ile dođan kz”.

Sonuç. Kpçak grubunda olan Kazakistan ve Karluk grubunda olan zbekistan’da adların insan hayatına olan önemi, adların verilmesinde geleneklerin korunması ve bu adların gelii gzel adlar olmayşını grmekteyiz. Gelenekler milleti millet yapan en önemli özelliklerden birisidir. Ve grmekteyiz ki aratırmı olduđumuz bu iki lke geleneklerini korumakta, sahip çıkmaktadır.

KAYNAKÇA

1. YCE, M., & KHAMRABAEVA, L. (2020). ZBEK TRKLERİNİN MİLLİ GELENEKLERİNE GENEL BAKI. Akademik Bakı Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler Dergisi, 319-341. (tarih yok).
2. ÇETİN, H. (-1. (tarih yok).
3. YCE, M. & -3. (tarih yok).
4. JANUZAQOV, T. J, ESBAYEVA, K. S (2003). Kazak Trklerinde Kii Adları, (çev. Nurettin Aksu), Trk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.
5. O’zbek ismlarining ma’nosi. İsmalar manosi, 2008-2023. <https://ismlar.com/>

Сабырқызы Ж.
сеньор –лектор, Caspian University

ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Қазақ дниетаным арқылы зін- зі таныған халық. Халқымыздың даналық рухын тану жолында қазақ ойының дамуына ерекше лес қосқан ойшылдарымыздың дниетанымын зерттеу арқашанда зекті болмақ. Бұл мақалада Ш. Қдайбердұлы шығармаларындағы діни дниетаным мәселелері қарастырылады.

Тйін сздер: анық, ақиқат, иман, соқыр сезім, ұждан, ынсап, ахлақ, мұтылған, адамгершілік

Қоғамдық құрылымда кез келген адамның мір кешкен тарихи кезеңі оған ерекше ықпал жасап, көзқарасының қалыптасуына әсер ететіні белгілі. Себебі негізінен қоршаған ортада адам рухани бастаулардан нәр ала отырып, жаңаша формада ойлау ерекшелігі мен шығармашылық болмыс бітімін қалыптастыруға ұмтылады. Бұл әрбір адамның ойшыл ретінде қалыптасу

процесіндегі басты мәнге ие құбылыс. Дүниетаным үшін біріншіден, санадағы тарихи кезең жеткіліксіз. Барлық ақпаратты жинап алып, оны біліп отыру дүниетанымға жатпайды. Дүниетаным дегеніміз ең алдымен ойлау мәдениетінен басталады. Адам тек ақпараттардың деңгейінде қалмай, ерекше көптеген ілімдердің арасынан өзін тапқан кезде дүниетаным қалыптасады. Дүниетаным - бұл мойындалған көзқарастардың, түсініктердің жиынтығы. Дүниетаным тұжырымдар мен ойлардың синтезі, адамның рухани әлемі деген дұрысырақ болар. Дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуында әр заманның өзіне сай әлеуметтік қатынастары мен рухани даму дәрежесінің алатын орны зор.

Осы орайда 1858 жылы дүниеге келіп, 73 жасында асыра сілтеудің құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымы ағартушылық бағыттың барлық өкілдерінің сияқты өз кезеңіндегі тарихи, әлеуметтік жағдайлардың көрінісі ретінде қалыптасты. Өз заманында Шәкәрім дүниетанымының іргетасы ретінде жазған алғашқы кітабының өзінде діни түсініктегі болмыс пен ислам қағидаларын талдай отырып, адам табиғаты мен танымын, қоғамдағы адамның орнын анықтауға тырысады "...адам өзін өзі білмекке әуелі жоғарыда айтылған қайдан жаралдым, не үшін жаралдым, түбінде не болмақпын деген үш сөзді ойласа керек! Онан соң басыма пайда, дүние ахиретіме пайда не іс қылып жүрмін, халыққа не пайда келтіріп жүрмін. Біреуге, яки өзіме зиян қылғаннан саумын ба деп ойлау керек Өйтіп өзін өзі тексермей жүре берген адам жайдан мал, аңнан да төмен болады", - деген тұжырымға келеді[1, 25-б]. Яғни, қазақтың сенім наным, діндарлығы жайлы ойлары жалпы сенім мәселесіне ұласып, зерттеу нәтижесі көрсетіп бергендей, Шәкәрімді өз сенім теориясын жасап шығаруға жетелейді.

Шәкәрім танымының нәр алған бұлақтарының біріншісі - ежелгі қазақ мәдениеті халық ауыз әдебиеті, екіншісі- шығыстың рухани қазынасы поэзия классиктері, араб- парсы, түрік мәдениетінің тарихы мен мораль философиясы жөніндегі ғұлама ойшылдар еңбектері. Үшіншісі орыс мәдениеті және сол тілге аударылған батыс әлемінің рухани қазыналары көзі болып табылады.

Шәкәрім дүниетанымының қалыптасуы туралы сөз болғанда оның өміріндегі Абайдың ролі, Абайдың ықпалы жайлы арнайы тоқталмауға болмайды. Себебі Шәкәрім ешбір оқу орнында оқымаған адам. Оның мектебі де, университеті де Абай. Шәкәрімнің шығыс, батыс әлемі ойшылдарының шығармашылығына қызығушылығынан оятқан да- Абай. Абайдың өсиет - кеңесімен Шәкәрім Мекке, Стамбул, Парижге барып, кітапханаларда жұмыс істейді, өзіне кітап жинап, шығыстық нота жазу жүйесін меңгереді. Шәкәрім Абайдың өз балаларымен қатар нағыз толық мағынадағы төрт шәкіртінің бірі болғаны, ағасымен туысқандық, ұстаздық шәкірттік байланыста ғана емес, бергін келе теңдес тізелес, ақындық дәрежеде сыйлас, мәжілістес болып, Абай маңында өтіп жатқан жиындарға қатысып, оның мәнін, түп төркінін терең түсінген. Абай мен Шәкәрім шығармаларының үндестігі сан қатпарлы. Екі ақынның дүниетанымы қазақ дүниетанымының екі биігі. Мәселен, қазақ дүниетанымында ақыл категориясына Шәкәрімдей деп қойып тоқталып, оның табиғатын ашқан ақын кем де кем. Шәкәрімнің "Пайғамбар қыл ақылды" деуі ақыл ұғымын шырқау биікке көтеруінің белгісі. Оның шығармаларындағы таза ақыл, жанды ақыл, азат ақыл, шын ақыл, еркін ақыл, өз ақыл, мол ақыл, ақыл- айна, ақыл- нұр, жайлы ақыл, толық ақыл, терең ақыл деген тіркестер Шәкәрімнің ақыл категориясын терең түсіне білетінінің белгісі. Ақылға қатысты Шәкәрімнің: "Бұл Абай- саудагер ғой ақыл сатқан, Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан. Тегін білсең- аласың, бос береді, Тұтасымен ешкім жоқ мұны тапқан" деуі Абайдың ақылын мойындау, оны тану, білу, тереңіне үңілу қажеттігін нұсқауының белгісі. "Абайдың ақылын тегін тапсаң бос аласың" деуімен "Абайша ойлай білсең, Абай дәстүрімен жүрсең, даналыққа құштар болсаң, сонда ғана Абайға жол табасың, сонда ғана Абайдың ақылын қабылдай аласың" деп тұр.

Ұлы Абайдың жолын қуған Шәкәрім тарихтың өн бойында қалыптасқан қазақ халқының жан дүниесінен, ұлт санасындағы наным- сенім мен негізгі ұғым -түсініктен хабар беретін поэтикалық және философиялық құбылысты игереді. Қанттық сипаттағы принципалды дүниетанымдық сұрақтар: -Мен қайданмын? -Не істеуім керек? -Неден үміттенемін?- Деген сұрақтарға өзіндік жауаптары Шәкәрімнің ән өлеңдерін, проза, философиялық трактаттарына арқау болады[2]. Шәкәрім өзіне дейінгі ойшыл ағартушы, ақын, ғалымдардың, теоретиктердің көзқарастарына, жаңа заман рухани қазыналарының басты бағыттары мен негізгі сұрақтарына талдау жасайды. Көп мәселелерде өзіндік, соны көзқарас танытып, оның прогрессивті тұжырымдары бүгінгі күнмен үндес келетіндей дәрежеге көтеріледі.

Шәкәрімнің философиялық мағынадағы шығармашылық дүниетанымының қалыптасуы «қажылық» кезеңнен басталады. Стамбул мен Париж кітапханаларында «түсіп сәуле соқыр көзге» Шәкәрім үшін «ауыр тұман» ашылады. Ең алдымен исламға, қазақтың мұсыманшылығына қанағаттанбаған Шәкәрімді сенім, дін мәселесі қызықтырады. Оның аталған саланы қамтыған еңбектеріне келсек, олар: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», туындылары және лирикалық һәм эпикалық шығармалары, аудармалары.

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегі де болмысы бөлек терең шығарма. Шәкәрім осы туындысын: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс - ұждан. Ұждан - дегеніміз ынсап, әділет, мейірім», - дейді. Бұл - Ислам мәдениетін терең білген данышпанның сөзі.

Ұждан - Ислам ғылымының басты танымдық категориясы. Шәкәрім мәңгі мен бақиды қатар алып ой толғайды. Осы еңбегінің түйінді сөзінде ойшыл ақын: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол - мұсылман жолы...», - деген мәнді сөз айтқан. Бұл Шәкәрімнің ғылымдағы терең танымынан туған нақты тұжырым. Ислам мәдениетінің осылай мәңгілігін, жер бетіндегі адамзат атаулыны бауырластыратынын ол анық та ашық айтқан Шәкәрімнің сенімі мен танымын біз қашан Шәкәрім өзінің «Үш анық» шығармасында адам жанының ажалсыздығы, дүниенің түп себебі туралы мәселелерді көтеріп, оған жауап іздеді. Тамыры тереңде жатқан дүниетанымдық сұрақтарды шешу жолында тек төлтума мәдениеттегі қалыптасқан көзқарас пен орыс әдебиетіндегі немесе шығыстық негіздегі көзқарастың жеткіліксіз болуы заңды құбылыс еді. Оны жете түсінген Шәкәрім, бұл сұрақтарды шешу жолында, дәстүрлі Батыс Еуропа философиясының тарихын зерттеудің соншалықты маңызды екенін аңғарды.

Шәкәрім «Үш анық» шығармасында Еуропадағы жаңа дәуірден кейін қалыптасқан ғылыми жолды сынау арқылы, негізгі философиялық дүниетанымын қалыптастырды [2]. Шәкәрім қалыптастырған философиялық дүниетанымды тереңірек түсіну үшін «Үш анық» шығармасының желісінде оның көзқарасындағы адам мен қоршаған ортаның мәніне назар аударған жөн. Сонда ғана біз оның жаңа дәуірден кейінгі, Еуропа философиясындағы, ғылыми жолды не үшін сынға алғанына көз жеткізіп, ойшылдың адам мен қоғам туралы мәселедегі негізгі жаңалығын философиялық тұрғыдан жүйелемекпіз. «Үш анықтың» түйін сөзінде адам атаулыны бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол ислам жолы деуі, Шәкәрімнің дін - Ислам ғұламасы екенін көрсетеді.

Сонымен Шәкәрім «адамзатты бауырластыққа бастайтын жол- мұсылмандық» деп ең алдымен ислам дінінің негізінде дүниетанымды қалыптастыруды, оны адамгершілік тәрбиесінің басты элементі, иман- тірегі ретінде қабылдауды мұрат ете отырып, «Мұсылмандық шартын» жазды.

Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегі 1911 жылы Орынбор қаласының баспасынан алғаш жарық көрді. «Мұсылмандық шарттарын» жазу үшін Шәкәрім ұзақ жылдар бойы араб, парсы тілдердегі әдебиеттерді зерттеген, ислам ілімі сол кезде дүние сырын шын мағынада аша алатын еңбек болатын. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шартын» жазудағы мақсаты халқының болашағын ойлағандықтан, халқына діни дұрыс жол, дұрыс бағыт көрсетуге ұмтылысы деп түсінгеніміз жөн. Бұл шығарманың сол кезде де, қазір де маңызы ерекше. Оны XX ғасыр басында қазақ тілінде жарық көрген алғашқы діни оқу құралының бірі деу керек. Ол тұстағы діни кітаптардың басым бөлігі араб, парсы, түрік және татар тілдерінде болатын. Ол тілдерде жарық көрген кітаптарды арнаулы оқу орындарында білім алған мамандар болмаса, жалпы жұртшылық еркін пайдалана алмады. Ал араб, парсы тілдерін жетік меңгерген білім иелері аз еді. Сол аздың бірі, тіпті бірегейі Шәкәрім қажы болатын. Сондықтан туған халқының алдында зор беделге ие Шәкәрім қажының «Мұсылмандық шарты» ерекше болды. Ол пайдалануға жеңіл, терең біліммен жазылған тамаша туынды.

Шәкәрім оны мәніне қарай төмендегідей бес бөлімге бөліп, жүйелеген:

1. Иманның мағынасы және иман сенімі (Исламның мәні);
2. Ахлақ (Ислам психологиясы);
3. Іс-харекет үкімдері (Сегіз амал);
4. Ислам негіздері (ғибадат);
5. Қоғамдық қатынастағы шарғи талаптар (Фикһ ілімінің негіздері).

Сондай-ақ, бұл бөлімде «Ажал», «Қабір азабы», «Адамның өзін-өзі тануы» тақырыптар және әһлус сүннаға қатысты бірқатар мәселелер қысқа да болса нұсқа қамтылған. Мұнда барша адамзатқа рахым етіп жіберілген хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың: «Ең жақсы мұсылман — ахлақы (мінез-құлқы) жақсы мұсылман», деген хадисінде айтылған мұсылманның мінез-құлқынан, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, биязылық, сабырлылық, байсалдылық сияқты ішкі мағынауи сұлулықтың да көрініп тұруға тиісті екені айтылған. Шәкәрім еңбегінде осындай маңызды мәселелер көрініс тапқан. Ол кездегі оқыту жүйесінде ахлақ ілімі Ислам негіздерін үйретуден бұрын жүргізілетін. Өйткені тәрбиелік тұрғыдан жетілген мінез-құлқы иесі ғана Исламды алып жүру мен таратуда ізгілік жетекшісі бола алатын. Шәкәрім осыны терең түсініп, соның талабынан шыға алған тұлға.

Шәкәрімнің осы еңбегінде басты сөз: әлемді жаратушы Алланы және оның пайғамбары Мұхамед с.а.с. баяндай келе адамға қатысты иманның мағынасын ашады: Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ықпаласпен нанбақ» [3]. Ол поэзияның үстемдік құдыретін пайдалана отырып иманды кең қолдануға мүмкіншілік беретін мән мағынасын ашады. Шәкәрімнің құдай алдында тақуалығына жұрт көп күмән жасаған еш уақытта ауытқымаған. Шәкәрімнің иманды екеніне сол сол кездегі молдалар да қатты күмән жасап, оны «кәпір» деген. Кез келген даналық қарама-қайшылықтан тұра келе орталықты жағдайды ұстап тұру керек, әйтпесе ол бір жақты фанатизмге айналып кетеді. Шәкәрімнің діни көзқарастары діни әмбебаптылықтан тұрған, ол өз ойында әлемнің бәр діндердің ерекшеліктерін баяндай келе «діндердің түп мақсаты» дейді, сол мақсаты құдайға жету болатын.

Осылайша, «Мұсылмандық шартын» жазып қазақтың діни сауатын ашпақ болған Шәкәрім Тәңіріні, Табиғатты, Адамды қарастыра отырып, бірегей концепция жасады. Оның бірегейлігі мынада: Шәкәрім теориясында қалың халық мойынсұнғысы келетін Тәңірісі де, оның өзі қозғау беріп жаратқан табиғаты да бар. Және сол Жаратылыстың ең жоғарғы түрі Адам да бар. Бұл шығарманы одан әрі талдап, сараптаудың маңызы зор.

Шәкәрім жүйесінің ерекшелігі мынада: Адам Тәңірі жаратқандықтан адам аталуы тиіс емес, ұжданы болғандықтан адам болды және болады. Немесе – адам құрылымының басты компоненті – ұждан. Онсыз адамның ішкі гармониясы ыдырап, статусы – «хайуанның арам, насы» дәрежесіне дейін төмендейді. Яғни адам ұждансыз да өмір сүре алады. Бірақ тілегі орындалмаған жанды оны тазартушы, қозғаушы, итермелеуші күші-ұждан болмағандықтан нашар қасиеттер (нәпсі, зорлық, алдау, мансапқорлық, өзімшілдік, мейірімсіздік) жайлап кетеді. Ал оны содан кейін не елемеу, не тыйым салу, не аскеза арқылы тазарту мүмкін болмайды. Адам болмысы баршаға ортақ: көрер қызығы, қайғысы осы екі дүние аралығында. Өмір мен өлім бәрімізге бір. Олай болса, адамға керегі – имандылық. «Адам жанының өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. нана алмаған кісінің жүрегін ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды» [4].

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді. Оның шығармаларында өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сәйкес келетін және сол идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтер тапқанда ғана сол туындыны жазуға бой ұрады.

Шәкәрім «Үш анық» атты философиялық еңбегінде: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі - адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ» деген.

Сонымен, ар дегеніміз не? Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика деп атайды. Немесе, мораль. Осы екеуі адамгершілік деген ұғымға сәйкес келеді. Бірақ Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ, Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім - адамшылық, ар дейді. Адамшылыққа қатысты білімді Шәкәрім «ар білімі» дейді. «Ар білімі» деген тіркес, түсінік - Шәкәрімнің жаңалығы. Ғарифолла Есім айтады: «Ар білімі» ұғымының ауқымы кең. Ар білімі адамның адамшылығының кемелденген кезінде қалыптаса ма деймін. Менің түсінігімше, ар ниет арқылы көрініс береді. Әдетте, адамдарды ақ ниетті, қара ниетті деп бөліп жатамыз. Қара ниетті адамда ар бола ма? Керісінше, арсыздық солардан шығады. Ақ ниетті адамдардың әр ісінде ізгілік жатады. Арлы адамдар - солар. Адамға бас иіп, құрмет білдіру де соларға тән. Ар білімі болса - арлылықты да, арсыздықты да зерттеуі керек» дейді.

Сонымен ар білімі деген - ар туралы біздің біліміміз. Яғни білуге тиісті, білуге міндетті

нәрселер.

Ғарифолла Есім осыны айта келіп, Шәкәрімнің «ар білімін» өзінше талдай келе оны «ар жүйесі» деп атайды. Оны төмендегіше негіздейді: «Адамзат жаратылғалы алдымен заттық табиғатқа ие болған, яғни басқы мақсат - ішіп, жеу, қарынды тойындыру. Мұны философ ғалым бірінші жүйе - тән жүйесі деген. Екінші болып жан жүйесі айтылады. Үшіншісі - адамның санасы. Төртінші - нәпсі жүйесі, ол тек ішіп-жеу емес, артына ұрпақ қалдыру ниеті. Бесінші - көңіл жүйесі, яғни көңіл азығын іздеу. Алтыншы жүйе - рух жүйесі, яғни адамның рухани мәдениеті. Жетінші жүйе - ар жүйесі, ол Жаратушыға барар соңғы баспалдақ».

Ғарифолла Есім ар жүйесі дегенді өз сөзімен былайша түсіндіреді: «Ар жүйесі дегенде адамшылық кеңістігі айтылады. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, ізгілік, парасаттылық, даналық, талаптылық, т.б. Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы деуге болады». Біз автордың бұл ойымен толық келісеміз. Орынды-ақ.

Бұл тұжырымдарды біз мақұлдаймыз және болашақта терең зерттеу, өмірге енгізу қажеттігін түсінеміз. Сөйте тұра адамгершілік пен арды зерттейтін түсінікті «ар ілімі» деп атауды ұсындық. Себебі не? Себебі біз ар ұғымы білім шеңберінен шығып, ғылым, таным, дін түсініктерімен астасып кететін ұғым деп танымыз. Сондықтан оны «ар ілімі» деп атауды лайық санаймыз.

Біздің түсінігімізше, ардың оянуы үшін білімді болу аз, адам алдымен көргенді, тәрбиелі болуы керек. Таным-түсінігі мол адам арсыздыққа бармайды. Ардың оялуы - арға нұқсан келетін істі болдырмайды. Ол үшін білім аз, көргенділік, көрегендік керек.

Ғылым көзі - іздену, ағартушылық. Ғылым - бүкіл елді сусындата алар шалқар көл, халықты байлыққа, бақытқа бөлер таусылмас кен, рухани дерттің бәрін аластайтын, елге қуат, күш беретін дәру. Білім алуды ғылыммен ұштастыра игерсе, қазақ та тарих көшінде өзгелермен тең дәрежеде болашаққа бет алмақ, басқалармен басы теңеспек, бәсекелес бола алмақ.

Шәкәрімнің даналық ой толғамдары, діни дүниетанымы бүгінгі біз өмір сүріп отырған заманда адамның жан дүниесіне, оның адамдық болмысы мен мәніне бетбұрыс жасауда бізге ауадай қажет. Себебі Шәкәрім шығармалары- Ислам гуманизмінің мәйегі. Сондай -ақ, Шәкәрім шығармалары халқына рухани жақын, имандылықтың бұлағы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. -Алматы, 1993-25-б.
2. Шәкәрім шежіресі// Қазақ әдебиеті- 1989.-14 шілде.-10-11-бб.
3. Есім Ғ. Мұтылған философиясы // Сана болмысы- Алматы: Ғалым.- 1996.-114 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы,1991.-16-б.

Нәби Назерке Бауржанқызы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
“D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының 2 курс докторанты

АЙТЫЛЫМ ҮДЕРІСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада сөйлесім әрекетінің мәні мен маңызы талданып, оның маңызды бір түрін құрайтын айтылым әрекетінің қалыптасу және даму үдерісі сараланды. Сондай-ақ мақалада сөйлесім әрекетінің маңызды негізін құрайтын айтылым үдерісінің зерттелу жайын білу мақсатында осы саланы жан-жақты зерттеген әртүрлі ғалымдардың, лингвистер мен психологтардың ғылыми еңбектері талданып, тұжырымдары келтірілді.

Түйін сөздер: коммуникативті құзыреттілік, тілдік дағдылар, тілдік қатынас, сөйлесім әрекеті, айтылым, айтылым үдерісі.

Аннотация. В статье анализируются значение и важность речевой деятельности, выделяется процесс формирования и развития навыка говорения, являющийся одним из важных ее видов. Также в статье с целью выявления исследования процесса говорения, анализируются научные работы различных ученых, лингвистов и психологов, всесторонне изучавших данную область являющегося важной основой

речевой деятельности, и даются научные выводы.

Ключевые слова: коммуникативная компетенция, языковые навыки, языковая коммуникация, речевая деятельность, говорение, процесс говорения.

Abstract. The article analyzes the meaning and importance of speech activity, highlights the process of formation and development of the skill of speaking, which is one of its important types. Also in the article, in order to identify the study of the process of speaking, the scientific works of various scientists, linguists and psychologists who have comprehensively studied this area, which is an important basis for speech activity, are analyzed, and scientific conclusions are given.

Key words: communicative competence, language skills, language communication, speech activity, speaking, speaking process.

Қазіргі заманғы оқыту үдерісінде мектептегі білім берудің пәндік саласы ретінде қазақ тілінің негізгі мақсаты оқушылардың туған тілінде қарым-қатынас жасау қабілетін меңгеруінен көрініс табады. Бұл коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру туралы, яғни әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе – «сөйлесім әрекеті» («речевая деятельность») және сөйлесім әрекетінің түрлерін жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы туралы мәселені алдыға шығарады. Коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру оқытудың негізгі және жетекші мақсаты болып табылады. Ол әсіресе, бүгінгі жаһандық интеграция дәуіріндегі сапалы білім беру қажеттілігінің қарқынды артқан тұсында аса танымал. Теориялық зерттеу қорындағы мәліметтерге сүйенсек, адам сөзді әуелі құлақ арқылы қабылдай отырып, тілдік қарым-қатынасқа түсіп, өз ойын білдіреді. Қазір рөлі ерекше мәнге ие болған ауызша сөйлесу барысында баяншының сөйлеген сөздерін ой елегінен өткізіп, соған сай өз ойыңды білдіру процесінде сөйлесім әрекетінің тыңдалым және айтылым дағдылары қолданылады. Өйткені сөйлеу әрекеті процесінде барлық осы процеске қатысушылар сөйлеуші ретінде де, тыңдаушы ретінде де әрекет етеді. Бүгінгі тілдік оқыту мәселесінің ең даулы аспектілерінің бірі білім, білік және дағдыларды тексеру және есепке алу, оларды ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдістемесі болып табылады. Оқушылардың тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру олардың білім, білік және дағдыларының қалыптасуына жол ашады. Осы орайда, зерттеу еңбегімізге негіз болған тілдік қатынастың сөйлесім әрекетіне тән айтылым үдерісінің зерттелу жайын жан-жақты қарастыру үлкен өзектілікке ие болып отыр.

Осы күнге дейін сөйлесім әрекеті, оның түрлері, оларды меңгертудің әдіс-тәсілдері жайлы отандық және орыс, шетел әдіскерлері арасында әртүрлі көзқарастар қалыптасып, әртүрлі әдістемелік оқулықтар, оқу құралдары, бірнеше зерттеулер жарыққа шықты.

Айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым сынды басты тілдік дағдыларды жинақтайтын сөйлесім әрекетін игертудегі психологиялық ерекшеліктер, сөйлесім әрекетінің түрлерін, оның ішінде айтылым әрекетін игертудегі заңдылықтар, айтылымның тілді меңгертудегі ерекшеліктері Ф.Оразбаева, И.А.Зимняя, Н.И.Гез, Я.Яноушек, В.А.Артемов, И.Л.Бим, Г.В.Рогова, А.А.Миролюбов, И.В.Рахманова, В.С.Цетлин, Т.А.Вишнякова, А.В.Величо, Н.В.Попова, О.Р.Бондаренко сынды тілші ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазақ тілі әдістемесінде профессор Фаузия Оразбаеваның тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері тақырыбындағы зерттеуінде айтылымның тілдік қатынаста атқаратын қызметі, айтылымға тән ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Ғалым тілдік қатынаста жүзеге асатын сөйлесім әрекетінің бір түрі – айтылым әрекетіне қатысты ерекшеліктерді, белгілерді қорыта келе, айтылым әрекетіне мынадай анықтама береді: «Айтылым – ой мен сананы, қатысымдық тұлғаларды қамтитын, сыртқы дүниенің әсерін тіл арқылы жарыққа шығаратын күрделі сөйлесім әрекеті» [1, 71-б.].

Ф.Оразбаеваның сөйлесім әрекеті мен оның түрлеріне қатысты зерттеуінің іргелі жаңалығы – қазақ тілімізге тән төл атауларды ұсынуы. Бұл туралы ғалым Ә.Жүнісбек өзінің «Ғалым-әдіскер - әдіскер-ғалым» атты зерттеу мақаласында профессор Ф.Оразбаеваның ғалым-әдіскер ретіндегі жаңашылдығы қазақ терминжасамының қазіргі ұлттық деңгейін жоғарылатқан жаңа атауларды ұсынуында деп атап көрсетеді [2, 12-б.]. Қазіргі ұлттық терминжасамның ең басты жетістігі – жаңа атаулардың бірыңғай қазақы әуезді шығуы. Осы орайда айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім тәрізді төл үлгідегі әдістемелік атаулардың қазіргі кезде еркін айналымға түскенін, сондай-ақ тілтанымның өзге салаларында жаңа атаулардың пайда болуына ұйытқы болғанын ерекше атап өткен жөн.

Ф.Оразбаева өзінің «Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі» атты іргелі

монографиясында көптеген әдістемелік зерттеу еңбектерінде қолданылып жүрген «говорение» сөзін қазақшаға «айтылым» әрекеті ретінде қолдануды жөн санаған. Ұлттық әдеби тілімізде сөздің дұрыс айтылу нормаларын «сөз сазы» деп те атау орын алған [3, 2-б.].

Бұрын орыс тіліндегі «говорение» - «айту», «аудирование» - «тыңдау», «чтение» - «оқу», «письмо» - «жазу» ретінде қолданылып жүрсе, Ф.Оразбаеваның сөйлесім әрекетінің түрлерін «айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым» деген атаулармен ұсынуы қазақ тіл ғылымының тілтаным саласына қосылған үлген іргелі нәтиже болды. Мысалы, осы бір тың бастама, біріншіден, қазақ грамматикаларындағы зат есім және етістік мағынасында қатар жұмсалып жүрген айту, оқу, тыңдау, жазу тәрізді екіұшты атулардан арылтса, екіншіден, қазақ тілінің сөздік қорын жаңа сөз үлгілерімен байытып отыр.

Тілдік қатынасты білдіретін сөйлесім әрекетінің төрт дағдысына қатысты жаңа атаулық сөздер бүгінгі күні тіл ғылымындағы әдеби және салалық сөздіктер құрамына еніп, оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде кең қолданысқа ие болып отыр. Өйткені сөйлесім әрекетінің түрлеріне қатысты жаңа атаулар, проф.Ф.Оразбаеваның өз сөзінің дәлелдемесіне жүгінетін болсақ:

- Біріншіден, тілдік қатынастың басты ерекшеліктеріне сәйкес келеді;
- Екіншіден, олар – қазақ тілінің сөздік қорына тән, қолданыста өзіндік орындары бар түбір сөздер;
- Үшіншіден, олар - әдістемелік ғылыми ұғымдарды білдіреді;
- Төртіншіден, әрқайсысы әртүрлі емес, қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сәйкес [2, 12-б.].

Осы орайда, ғалымның біз зерттеп отырған айтылым әрекетін орыс тіліндегі «говорение» сөзінен тікелей «сөйлесім» сөзі ретінде аударылған нұсқасын емес, ойды айту, пікірді айту, сөзді айту сынды тілдік әрекеттерді білдіретін «айтылым» деп алуы өте оңтайлы шешім болған. Бұл жерден біз ғалымның “ұғымнан атау көрініп тұру керек, атаудан ұғым көрініп тұру керек” деген тіл ғылымының атасы А.Байтұрсынұлының үлгісін берік ұстанып, соған сай амал еткенін анық байқаймыз.

Ғалым Б.Қалиев өзінің «Фаузия Шәмсиқызы Оразбаева – әмбебап ғалым» атты зерттеу мақаласында сөйлесім әрекетін терең зерттеп, тіл ғылымына сүбелі еңбек қосқан Ф.Оразбаеваның тілдік қатынасқа қатысты классификациясын келтіреді. Б.Қалиев: «Зерттеушінің дәлелдеуінше, тілдік қатынастың екі түрі бар. Олар: ауызша тілдік қатынас және жазбаша тілдік қатынас. Ауызша тілдік қатынас - «дыбыстық тілдік қатынас» деп аталады. Бұл қатынас кітапта құлақпен естуге негізделіп, «айту» және «тыңдау» деп аталатын екі бөлікке бөлініп қарастырылады. Ал жазбаша тілдік қатынас - «таңбалық тілдік қатынас» деп аталынады да, ол көзбен көруге негізделіп, «оқу» және «жазу» деген бөліктерге бөлініп зерттелінеді», - деп жазады [4, 28-б.].

Сөйлесім әрекетінің заңдылығы бойынша тілдік қарым-қатынас болу үшін екі түрлі шарттылық орындалуға тиісті. Оның бірі – тілдік қарым-қатынасқа түсетін адамдар болса, екіншісі – сол қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік бірліктер.

Айтылым үдерісіне Түйін болатын да осы екі нәрсе. Айтылым әрекетіне қажетті тілдік бірліктерді Ф.Оразбаева «қатысымдық бірліктер» деп атайды [1, 73-б.]. Ал қарым-қатынасқа түсуші адамдарды екі тарапқа бөліп қарастырады. Олар:

- Хабар беруші тарап, яғни, айтылым үдерісінде ойды айтып білдіруші адам. Ғалым бұл тарапты «баяншы» деген терминмен қарастырады;
- Екінші тарап - хабарды қабылдаушы, яғни айтушының сөзін тыңдаушы адам. Бұл жерде сонда айтылым мен тыңдалым әрекеттері қатар қарастырылып тұр.

Демек, хабар беруші – сөйлейді, хабарды қабылдаушы – тыңдайды (естиді). Осы екі Түйінтің арқасында тілдесушілер бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі.

Айтылым үдерісінде басты іс-әрекет сөйлеу әрекетіне келіп негізделеді. Ал сөйлеу өз кезегінде тіл арқылы жүзеге асады. Демек, айтылым үдерісінің қызметіне қажетті тілдік бірліктер тіл арқылы жарыққа шығатын сөздер.

Ғалым Т.Р.Қордабаев: «Сөйлеу дегеніміз – тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», - дей келіп, - «Сөйлеу тілдік материалдар арқылы іске асады әрі тілдік ережелер мен нормаларға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірінен ажырамас бірлікте», - дейді [5, 87-б.].

Айтылым әрекетіне қатысты ең маңызды мәселе – сөзді дұрыс айта білу заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Бұл туралы тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Тілдік нормалар тілдің қолданылу түрлерінде, яғни ауызша тілде де, жазбаша тілде де сақталуы тиіс. Сол себептен де қазақ тілінің жазба тілімен қатар ауызша тіліне қойылатын талаптарды күшейту де маңызды», - дейді [3, 5-б.].

Сөйлесім әрекеті мен оның түрлеріне қатысты зерттеулер орыс және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де кең көрініс тапқан.

Жоғарыда атап өткеніміздей, айтылым әрекеті сөйлеу әрекетінің маңызды түрі болып табылады, ол сөйлеуді есту, есте сақтау, болжау және зейінге негізделген күрделі психикалық әрекеттің болуымен сипатталады. Бұл туралы шетелдік ғалымдар Л.С.Выготский, А.А.Леонтьев, А.Р.Лурия өз еңбектерінде атап өтеді.

Зерттеу мақаламыздағы назар аударатын ең бірінші нәрсе тілдік қарым-қатынас, яғни «сөйлеу әрекеті». Орыс және әлемдік ғылымда бұл ұғымды алғаш рет Лев Семенович Выготский енгізді. Оның ойынша, сөйлеу әрекеті ойын, еңбек және басқа әрекеттер сияқты әлеуметтік сипатқа ие. Ғалымның тұжырымынша, сөйлеу әрекеті психологиялық тұрғыдан ұйымдастырылған, ойдың материалдану процесі болып табылады [6, 67-б.].

Л.С.Выготскийдің сөйлеу әрекетіне қатысты теориясын зерттеуді А.А.Леонтьев жалғастырды. Ол сөйлеу әрекетін адамның қандай да бір басқа іс-әрекеті кезінде тілді қарым-қатынас үшін пайдалану процесі деп түсінді [7, 89-б.]. Сондай-ақ, ғалым сөйлеуді әрекеттің «классикалық» түрлерімен (танымдық, ойындық, тәрбиелік) тікелей байланысты емес абстракцияның қандай да бір түрі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, сөйлеу әрекеті іс-әрекеттің барлық түріне қызмет етеді және сөйлеуден тыс әрекеттің құралы ретінде анықталады.

Басқа тіл мамандары да сөйлеу әрекетінің теориясын зерттеді. Әдістемелік тұрғыдан ең сәтті және толық анықтаманы психолінгвист ғалым, профессор Ирина Алексеевна Зимняя берді. Оның анықтамасы бойынша, сөйлеу әрекеті «адамдардың бір-бірімен белсенді, мақсатты, тілдік және жағдаяттық өзара әрекеттесу процесі. Сөйлеу әрекетін басқа, кеңірек әрекетке жатқызуға болады, мысалы, қоғамдық өндіріс (еңбек), танымдық, бірақ ол дербес әрекет болуы мүмкін» [8, 127-б.].

Сондай-ақ И.А. Зимняя сөйлеу әрекетінің түрлерінің классификациясын ұсынды. Ғалым сөйлеу әрекетін тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу деп бөліп қарастырады. Ал бұдан бұрын атап өткен Ф.Оразбаеваның сөйлесім әрекетін тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым деп бөлген классификациясы И.А. Зимняның осы топтауын негіз етіп алған болуы керек. Орыс ғалымының топтастыруындағы қазақ тілінің қолданысындағы айтылым әрекеті – сөйлесім ретінде келіп тұр.

Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің қарым-қатынасы айтарлықтай күрделі, ол тіл арқылы сөйлеу коммуникациясының өзінің жан-жақтылығы мен көп қырлылығын көрсетеді.

Сөйлеу әрекетінің бір түрі ретіндегі айтылым үдерісінің ерекшелігі оның күрделі, көп қырлы, қатаң ұйымдастырылған, белсенді процесс екендігінде. Демек, айтылым үдерісінің негізгі нысаны – ой. Ойдың айтылым әрекетінің нысаны ретіндегі ерекшелігі оның сөйлеу процесінде ашылатынында, сонымен қатар басқа адамдардың ойларын жаңғырту процесінде де жүзеге асуында. Ойды жүйелеп жеткізудің бірден бір құралы – тіл. Қ.Жұмалиевтің сөзімен айтар болсақ, "ой тілмашы – сөз" [9, 107-б.].

Айтылым үдерісінде ойды нысан ретінде жүзеге асыру құралы тіл (тіл жүйесі), ал тәсілі – сөйлеу әрекеті болады. Айтылым әрекетінің келесі маңызды элементі болып табылатын өнім - сөйлеу мәлімдемесі (мәтін), сөйлеу хабарламасы. Және сәйкесінше айтылым үдерісінің нәтижесі тілдік қатынасқа қатысушының жауапты әрекеті (реакциясы) болады.

Осылайша, айтылым үдерісі – әртүрлі ерекшеліктері мен параметрлері бар күрделі психофизиологиялық процесс, оның нәтижесі ойды білдіру және ақпаратты ауызша беру болып табылады. Айтылым әрекеті адамның жадында тілдік белгілердің есту-қозғалыс стереотиптерінің болуымен, сондай-ақ олармен жасалатын операциялармен қамтамасыз етіледі.

Айтылым үдерісі – сөйлеу әрекетінің түрі, ол арқылы ауызша вербалды қарым-қатынас жүзеге асырылады. Ендігі кезекте айтылым үдерісін жүзеге асыруға қатысты ғалымдар зерттеулерін қарастырайық. Айтылым үдерісі әртүрлі күрделілікте болуы мүмкін, ол қарапайым леппен әсерлі күйді білдіру, нысанды атау, сұраққа жауап беру және тәуелсіз егжей-тегжейлі мәлімдемемен аяқталуы мүмкін. Мәселен, шетелдік ғалым Ф.Кайнцтың ойынша, айтылым

үдерісінің ең жетілген түрі - сөйлеуші оны қолдана отырып, сөйлеу жағдаятына байланысты тілдік белгілерді сәйкес мазмұнмен саналы түрде корреляциялайды. Ф.Кайнци айтылым үдерісіндегі екі кезеңді ажыратады. Біріншісі – сөйлеу ниетінің қалыптасуы (сөйлеу ниеті). Ол өз кезегінде екі кезеңді қамтиды: сөйлеуді ынталандыру тәжірибесі деп аталатын кезеңді және пайымдауды қалыптастыру кезеңдерінен тұрады. Сөйлеудің екінші кезеңі де екі кезеңнен тұрады: 1) айтылым кезіндегі мәтінді қалыптастыру; 2) айту [7, 91-б.].

Айтылым үдерісінің психикалық қыры сөйлеу ниетінің алғашқы екі фазасының негізінде қалыптасады. Ассоциациялар мен анықтаушы қатынастың көмегімен айтылым үдерісінде қолданылатын сөздердің бейнелері белгілер мен мағыналық мазмұнның бірлігі ретінде пайда болады. Айтылу сатысында сөздің сезімдік және қимыл-қозғалыс бейнесі қалыптасып, сөздердің синтаксистік орналасуы және олардың үйлесімділігі жүзеге асырылады.

Айтылым үдерісі сөйлеу әрекетінің сөйлеуге негізделген түрі болғандықтан, оны жүзеге асырудың тетіктерін атап өткен жөн. Сөйлеуді іске асыратын басты механизм – психологиялық механизм. В.Г. Леонтьев психологиялық механизмді – «бір немесе бірнеше мотивтер арқылы көрінетін әрекетті басқа мотивтермен көрсетілген қажетті әрекетке айналдыруға және қалыптастыруға арналған психологиялық құбылыстар жүйесі» деп атап өтеді [7, 92-б.]. Сөйлеудің психологиялық механизмдері мәселесін ғалым Н.И. Жинкин де қарастырады. Оның теориясына сәйкес, «сөйлеу механизмі - бұл тірі, үнемі қайта құрылатын және қалыпты түрде үнемі жетілдірілетін механизм. Оның қалыптасуы, қайта құрылуы және іске қосылуы хабар алмасу нәтижесінде болады...» [10, 13-б.]. Демек, айтылым үдерісін іске асыратын сөйлеу механизмдерінің әрекеті, атап айтқанда, сөйлеу механизмі тек сөйлеу процесінде ғана байқалады.

Ерте тіл үйренудің теориясы мен тәжірибесін зерттеген тағы бір лингвист В.М. Филатов өз еңбектерінде тілдерді оқыту әдістемесіне, оның ішінде айтылым үдерісін жүзеге асыруға қатысты сөйлеудің мынадай нақты принциптерін бөліп көрсеткен:

- Айтылым үдерісінде сөйлеу әрқашан уәжді және мақсатты болады. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде коммуникативті мотивация құру оңай. Себебі, ана тілінде қарым-қатынас құралы ретінде көрінетін мотивация әрқашан болады деуге болады. Және кез келген мәлімдеменің мақсаты бар екенін есте ұстаған жөн.

- Айтылым үдерісінде қарым-қатынас мақсатына жету үшін әңгімелесушінің белсенділігі мен бастамашыл сөйлеу әрекеті маңызды. Өзара әрекеттесуде сөйлеушілердің шындыққа қатынасы көрінеді.

- Айтылым әрекеті ойлау және ақыл-ой әрекетімен өте тығыз байланысты. Оның себебі кез келген айтылым тапсырмасы о астан сөйлеу-ойлау мүддесін мақсат етеді. Яғни, айтылым үдерісіндегі сөйлеу адам қызметінің барлық басқа түрлеріне «қызмет етеді».

- Айтылым үдерісінің басты Түйінтеріне айналған тұлға мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамдық қатынастардың қатысушысы бола отырып, адам айтылым үдерісінде іске асатын сөйлеу әрекеті арқылы өзінің өмірлік ұстанымын білдіреді.

- Айтылым әрекетін жүзеге асыру барысында алгоритмдерді құру мүмкін емес. Сөйлеу «бағдарламасын» жасау еркіндікке негізделеді. Осыған сүйене отырып, айтылым үдерісіндегі сөйлеу әрекетінің маңызды белгілері тәуелсіздік және жаңашылдық, қисыннан және кенеттен келген ойға негізделген сөйлеу әрекеттерінің күтпегендігі. Сөйлеуші әрқашан айтылған сөзге жауап беруге дайын болуы керек [11, 113-б.].

А.А. Леонтьев айтылым үдерісінің құрылымын үш фазаның байланысы ретінде ұсынады: 1) сөйлеу әрекетін жоспарлау; 2) сөйлеу әрекетін жүзеге асыру; 3) салыстыру және бақылау, оның шеңберінде келесі кезеңдерді ажыратады:

- ✓ сөйлеу ниетін қалыптастыру;
- ✓ айтылатын мәлімдеменің ішкі бағдарламасын (концепциясын) құру;
- ✓ сөйлемнің грамматикалық орындалуы және таңдау сөздер;
- ✓ мәлімдеменің сыртқы дизайны.

Айтылым үдерісінде мотив және басқа да факторлардың негізінде сөйлеу ниеті қалыптасады, сөйлеу, субъективті (объективті) код арқылы делдалды және сөйлеу мәлімдемесінің идеясы (немесе бағдарламасы) ретінде қалыптасады. Бұл компоненттерде әлі де сөйлеудің грамматикалық құрылымы мен одан кейінгі барлық компоненттері туралы ақпарат жоқ.

Тіл әдістемесі мәселесін зерттейтін көптеген ғалымдар оқушылардың айтылым әрекетін

қалыптастыруды оқытудың маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырады және осы дағдыны дамыту үшін әртүрлі жұмыс түрлерін ұсынады. Мәселен, Т.С.Панина айтылым дағдысын белсендіру тәсілдерінің келесідей жіктелуін береді: 1) пікірталас (пікірсайыс, миға шабуыл, кейс-стади, дебат, ой талқы); 2) ойын әдістері [12, 89-б.]. Ал В.А.Латухина, С.В.Колясникова, А.К.Петросян, Е.С.Масалова, Р.М.Бөкесова, Н.С.Бисалиева сынды тіл ғалымдары айтылым дағдысын дамытудың тиімді әдістемесі ретінде тіл оқыту сабақтарында диалогты, қарым-қатынас жағдаяттарын пайдалану керек деп есептейді.

Сондай-ақ сөйлеу әрекетін үйрету контекстінде айтылым үдерісін тиімді жүзеге асыру үшін диалогтік оқытуды қолдануға болады. И.Л. Бим бұл ұғымды «бірін-бірі алмастырумен және екі немесе одан да көп тұлғалардың бірін-бірі қайталауымен сипатталатын тікелей байланыс процесі» деп анықтайды [13, 230-б.].

В.А. Бухбиндер диалогтік сөйлеуді «екі немесе одан да көп адамдар арасында тікелей пікір алмасу болатын сөйлеу түрі және кез келген диалогтік сөйлеу әртүрлі мәлімдемелерге негізделіп, олардың комбинациясы оның мәнін құрайды» деп түсіндіреді [14, 17-б.]. Ал В.М. Филатов диалогтік сөйлеу «екі немесе одан да көп тұлғалардың ауыспалы көшірмелерімен сипатталатын қарым-қатынас процесі» деп жазды [11, 118-б.].

Осылайша, айтылым үдерісін жүзеге асырудағы диалогтік сөйлеу – сөйлеу әрекетінің ерекше түрі, оның негізі пікір, ой алмасу болып табылады, оның тілдік құрамына қарым-қатынас жағдайы, тыңдаушының ақпаратты қабылдауы және айтушының белсенділігі тікелей әсер етеді.

В.М. Генкин оқушылардың айтылым дағдысын меңгертуде «айтылымның күрделі және көп аспектілі құбылыс» екенін, оның дайын (запрограммированный) және дайындықсыз (спонтанный) қалыпта жүзеге асатынын айтады [15, 7-б.].

Қарым-қатынас ауызша да, жазбаша да болуы мүмкін. Бірінші жағдайда адам қарым-қатынастың екі құралы – сөйлеу әрекетінің түрлері айтылым және тыңдалым әрекеттерін меңгеруі керек. Н.Д. Гальскова еңбектерінде бұл екі процестің тілдік қарым-қатынаста бір-бірінен ажырамайтынын айтып, оқытуда да тығыз байланысты екенін атап көрсетеді.

Тілдік оқыту шеңберінде сөйлеу әрекетінің түрі ретінде айтылым дағдысының даму деңгейін И.А. Зимняя төрт көрсеткіш арқылы анықтайды. Айтылым үдерісін жүзеге асырудағы тілдік сипаттамалар тобына сөздердің атауы, грамматикалық дұрыстық, лексикалық үйлесімділік және лексемалардың дұрыс таңдалуы жатады. И.А.Зимняя атап өткен айтылым үдерісін жамытуға ықпал ететін көрсеткіштерге мыналар жатады:

- Ақпараттық тығыздық;
- Ақпараттық жүйелілік;
- Ақпараттық күрделілік;
- Ақпараттық үйлесімділік [8, 132-б.].

Айтылымның сөйлеу туындысы ретіндегі жалпы сипаты көлемдік және субъектілік-семантикалық мазмұн арқылы ашылады. Фонациялық сипаттама бір минуттағы сөз саны мен үзіліспен беріледі. Айтылым үдерісіндегі сөйлеу – сөйлеу әрекетінің ең өнімді түрі.

Бүгінгі таңда айтылым үдерісінде туындауы мүмкін бірқатар типтік мәселелерді атап көрсетуге болады. Оларға төмендегі мәселелер жатады:

- 1) қателесуден қорқу;
- 2) мағыналы білімнің болмауы;
- 3) коммуникативті тапсырманы дұрыс түсінбеу;
- 4) ойды білдіру құралдарының жетіспеушілігі;
- 5) оқу уақытын тиімсіз пайдалану;

6) жұптық немесе топтық тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнің бір ғана адамды тыңдап, өзгелерін коммуникативті әрекеттен шеттету.

Сонымен, тілдік қатынасқа негіз болатын сөйлеу әрекеті мен оның түрлерінің маңызды өкілі – айтылым үдерісі мен оны жүзеге асыруға қатысты ғылыми зерттеу еңбектеріндегі ғалымдардың зерттеулері мен тұжырымдарын қарастыра келе, сөйлеу әрекетін тиімді қалыптастыру мен үйретудің жалпы тиімділігін арттыруға және мүмкін болатын проблемаларды жеңуге болатынына көз жеткіздік. Дей тұрғанмен, тіл мен әдістеме ғылымдарының аясында тілдік оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары үздіксіз ізденіс үстінде. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде келтірілген айтылым үдерісінің жағдайына қатысты зерттеулердегі көптеген теориялық тұжырымдар мен ұсыныстар егжей-тегжейлі қарастырылған, сонымен бірге бүгінгі

таңда тәжірибе жүзінде айтылым дағдыларын дамыту үшін кең қолданысқа ие болып отыр. Олай болса, қазақ тілін оқыту процесіндегі сөйлесім әрекеттері мен оның түрлерін оқытуда табысты нәтижеге жету жолында ғылыми зерттеу еңбектерінің маңызы үлкен деп анық айта аламыз.

Қорытындылап айтқанда, біз зерттеу еңбегімізде сөйлеу әрекетінің маңызды негізін құрайтын айтылым үдерісін зерттеген әртүрлі ғалымдардың, лингвистер мен психологтардың ғылыми еңбектерін талдай отырып, мынадай қорытындыға келдік. Сөйлеу әрекетін іске асыратын айтылым үдерісінің ғалымдар атап өткен ұғымдарды, тәсілдер мен ерекше принциптерді түсіндірудегі кейбір айырмашылықтарына қарамастан, олардың барлығы айтылым үдерісінің күрделі, көп деңгейлі және сонымен бірге сөйлеу әрекетінің маңызды түрі екендігімен бірауыздан келіседі. Айтылым әрекетінсіз коммуникация процесін құру мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. (Оқу құралы). – Алматы, 2000. – 208 б.
2. Жүнісбек Ә. Ғалым-әдіскер – әдіскер-ғалым. «Коммуникативтік лингвистика және сөзтаным» I том. Хал. ғылыми-практ. конф. материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. – 224 б.
3. Сыздықова Р. Сөз сазы / Сөзді дұрыс айту нормалары / - Алматы: «Санат», 1995.
4. Қалиұлы Б. Фаузия Шәмсіқызы Оразбаева – әмбебап ғалым. «Коммуникативтік лингвистика және сөзтаным» I том. «Коммуникативтік лингвистика және сөзтаным» I том. Хал. ғылыми-практ. конф. материалдары. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. – 224 б.
5. Қордабаев Т.Р. Жалпы тіл білімі. – Алматы: «Мектеп», 1975.
6. Выготский Л.С. Лекции по психологии [Текст] / Учебное пособие./ Л.С. Выготский. — Санкт-Петербург, 1999 — 88 с.
7. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М.: Просвещение, 1996. – 214 с.
8. Зимняя И. А. Лингвопсихология речевой деятельности. [Текст]/ — М.:Московский психолого-социальный институт, Воронеж: НПО "МОДЭК", 2001. — 432 с.
9. Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С., Рауандина А.Қ., Әміржанова Н.С. Тілдік коммуникация парадигмалары. Монография/ Оразбаева Ф.Ш. – Алматы: «Таугүл-Принт», 2022. – 230 б.
10. Жинкин, Н.И. Механизмы речи [Текст]/ М.: Издательство Академии педагогических наук, 1958.
11. Филатов, В.М. (ред.). Методика обучения иностранным языкам в начальной и основной общеобразовательной школе [Текст]/ Учебное пособие для студентов педагогических колледжей. — Ростов н/Д:Феникс, 2004. — 416 с.
12. Панина Т. С. Современные способы активизации обучения. М. : Изд. центр «Академия», 2008. 176 с.
13. Бим И.Л. Методика обучения иностранным языкам как наука и проблемы школьного учебника. [Текст]/ И.Л. Бим. - М.: Русский язык, 1977. — 288 с.
14. Бухбиндер В.А. Вопросы обучения лексике // Иностранные языки в школе. 1972. № 6
15. Генкин В.М.Методика преподавания видов речевой деятельности: устная речь: методические пособие. – Витебск: ВГУ им.П.М.Машерова, 2015. – 52 с.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ САМОПОВРЕЖДАЮЩЕГО ПОВЕДЕНИЯ КАЗАХСТАНСКИХ ПОДРОСТКОВ

Аннотация. В статье приводятся данные исследования, которое было проведено нами на казахстанских подростках и направлено на выявление психологических аспектов самоповреждающего поведения. Эмпирическим путем было выявлено, что у подростков, которые прибегают к аутоагрессии страдает эмоциональная сфера жизни, они используют такие низкоадаптивные формы эмоциональной регуляции, как руминация, избегание и трудности ментализации. Так же у данной группы подростков был выявлен высокий уровень суицидального риска.

Ключевые слова: несуйцидальное самоповреждающее поведение, аутодеструктивное поведение, подросток, самоповреждение

Аңдатпа. Мақалада қазақстандық жасөспірімдерде жүргізілген және өзіне зиян келтіретін мінез-құлықтың психологиялық аспектілерін анықтауға бағытталған зерттеу деректері келтірілген. Эмпирикалық жолмен аутоагрессияға жүгінетін жасөспірімдерде өмірдің эмоционалды саласы зардап шегетіні анықталды, олар эмоционалды реттеудің руминация, аулақ болу және ментализация қиындықтары сияқты төмен бейімделу формаларын қолданады. Сондай-ақ, жасөспірімдердің бұл тобында суицид қаупінің жоғары деңгейі анықталды.

Түйін сөздер: өзіне-өзі қол жұмсамайтын мінез-құлық, аутодеструктивті мінез-құлық, жасөспірім, өзіне-өзі зиян келтіру.

Annotation. The article presents the data of a study that we conducted on Kazakhstani adolescents and aimed at identifying the psychological aspects of self-harming behavior. Empirically, it was revealed that adolescents who resort to autoaggression suffer from the emotional sphere of life, they use such low-adaptive forms of emotional regulation as rumination, avoidance and difficulties of mentalization. Also, a high level of suicidal risk was found in this group of adolescents.

Keywords: non-suicidal self-harming behavior, autodestructive behavior, teenager, self-harm.

Проблема аутодеструктивного поведения является объектом внимания современных клинико-психологических исследований. Так, за последние несколько лет в зарубежной литературе отмечается повышенный интерес к несуйцидальному самоповреждающему поведению [1], как форме аутодеструкции. При этом было выявлено, что показатели его распространенности в общей популяции варьируются от 15,9 до 20,5% среди подростков и от 2,5% до 5,4 среди взрослых [1]. Исследование нами отечественных научных трудов показало, что в Казахстане в основном при изучении аутодеструктивного поведения делается акцент на его крайние формы – суицид и аддикции. Возможно, это связано с тем, что в нашей стране по данным следственного департамента МВД РК за период карантина [2] увеличилось количество случаев суицида среди несовершеннолетних на более чем 35% по сравнению с этим же периодом 2019 г.

В связи с этим не вызывает сомнений актуальность изучения психологических аспектов самоповреждающего поведения подростков, как одной из форм аутодеструкции.

Согласно американскому доктору философии Барент В. Уолш, самоповреждение – это преднамеренное нанесение себе телесных повреждений, которое не связано с летальным исходом, социально неприемлемое по характеру и реализуемое с целью уменьшить или справиться с психологическим дискомфортом [3].

Целью нашего исследования было изучить и определить связь психологических особенностей подростков с проявлением у них аутодеструктивного поведения.

Материалы и методы:

Экспериментальное исследование проводилось на базе одного из колледжей в городе Алматы. Всего было опрошено 81 подросток в возрасте от 12 до 17 лет. В дальнейшем, из выборки была выделена группа, которая получила название – экспериментальная. Она составила 37 человек. В данную группу вошли подростки с аутодеструктивным поведением, которое заключается в нанесении самоповреждений за последние полгода.


Для наиболее полной картины для исследования были выбраны восемь методик: тест «Большая пятерка (Big five). Пятифакторный личностный опросник», авторы Р. МакКрае, П. Коста, тест-опросник «Опросник формально-динамических свойств индивидуальности В.М. Русалова», автор В.М. Русалов, тест-опросник «Revised social anhedonia scale» (Шкала

социальной ангедонии), авторы Eckblad M.L., Chapman L.J., Chapman J.P., Mishlove M., тест «Шкала воспринимаемого стресса-10» (ШВС-10), авторы С. Кохен, Г. Вильямсон, тест «Диагностика социально-психологической адаптации», авторы К. Роджерс и Р. Даймонд, Тест «Опросник эмоциональной дисрегуляции», авторы Н.А. Польская, А.Ю. Разваляева, тест «Шкала причин самоповреждающего поведения», авторы Н. А. Польская, тест «СР-45: Суицидальный риск», автор П. Юнацкевич.

При сравнении групп по методу Манна-Уитни мы обнаруживаем, что у подростков экспериментальной группы ярче выражены свойства темперамента «Интеллектуальная эмоциональность» и «Коммуникативная эмоциональность». Данные шкалы характеризуются высоким беспокойством по поводу работы, связанной с умственным напряжением и высокой чувствительностью в случае неудач в общении [4].

На основе вышеизложенных данных был создан «Рисунок 1».

Рисунок 1 - Выраженные у подростков экспериментальной группы свойства темперамента по сравнению с контрольной группой (Методика «ОФДСИ: Опросник формально-динамических свойств индивидуальности» (В.М. Русалов))



Подростки, входящие в экспериментальную группу, отличаются от группы нормы значимым повышением показателей шкалы воспринимаемого стресса и социальной ангедонии.

Мы делаем предположение, что подростки с самоповреждающим поведением не испытывают удовольствие во время социальных контактов, в следствие негативного опыта социальных взаимодействий [6]. Кроме того, так как выраженность социальной ангедонии, как отмечают профессор Холмогорова А. Б. и доктор психологических наук Рычкова О.В., связана с уменьшением объема положительных эмоций, высокие показатели по шкале воспринимаемого стресса вполне логичны.

Сравнение показателей значений низкоадаптивных форм эмоциональной регуляции позволило выявить значимое увеличение общих показателей «Руминации», «Избегания» и «Трудностей ментализации» у подростков экспериментальной группы.

Мы считаем, что это обусловлено тем, что самоповреждение может выступать в качестве способа эмоциональной саморегуляции [7]. Следовательно, подростки с аутодеструктивным поведением отличаются ригидностью эмоциональных реакций, застреванием в негативных эмоциях, слабой возможностью дифференцировать переживания и чувства, избеганием эмоциональной боли. В качестве стратегии регуляции эмоций они прибегают к самоповреждениям.


Мы наблюдаем в группе подростков с самоповреждающим поведением и высокие значения таких личностных характеристик как «Приятие других» и «Эскапизм».

Данное наблюдение позволяет говорить о том, что для подростков, применяющих самоповреждения важно общение и взаимодействие со своим окружением, чувство социальной принадлежности. Здесь подтверждается мнение профессора Г.С. Абрамовой, что, если подросток

не может найти свое место в мире, он может пойти на самоубийство [10], в данном случае, он прибегает к аутоагрессии. Личностная характеристика «Эскапизм» согласно методике К. Роджерса и Р. Даймонд, рассматривается как стремление к уходу от проблем [5]. Эскапизм представляет собой защитную стратегию избегания негативных ситуаций в жизни, уход от реальности, может проявляться в различных защитных психических механизмах, например, отрицание, замещение.

На основе вышеизложенных данных был создан «Рисунок 2».


Рисунок 2 - Выраженные у подростков экспериментальной группы личностные характеристики по сравнению с контрольной группой (Методика «Revised social anhedonia scale» (RSAS) (Eckblad M.L., Chapman L.J., Chapman J.P., Mishlove M.), «ШВС-10: Шкала воспринимаемого стресса» (С. Кохен, Г. Вильямсон), «Диагностика социально-психологической адаптации» (К. Роджерс и Р. Даймонд) (СПА), «Опросник эмоциональной дисрегуляции» (Н.А. Польская, А.Ю. Разваляева)



Так же мы обнаруживаем с помощью определения значимости различий по методу Манна-Уитни, что у подростков экспериментальной группы суицидальный риск выше, чем у подростков группы нормы. Это может говорить о том, что у них есть некоторая внутренняя готовность к смерти.

На основе вышеизложенных данных был создан «Рисунок 3».

Рисунок 3 - Выраженные у подростков экспериментальной группы личностные характеристики по сравнению с контрольной группой (Методика «СР-45: Суицидальный риск» (П.И. Юнацкевич))



Был проведен анализ частотного распределения по отдельным самоповреждениям согласно методике «Шкала причин самоповреждающего поведения» (автор Н. А. Польская).

Для анализа частоты отдельных самоповреждений мы оценивали ответы варианта «часто». Нами было установлено, что подростки с аутодеструктивным поведением чаще всего выбирали следующие способы:


- обкусывание губ (51,4%)
- обкусывание ногтей (13,5%) и прикусывание языка или щек (13,5%)
- сковыривание болячек, чтобы дольше не заживали (10,8%)

Реже всего респонденты выбирали:

- порезы режущими предметами (2,7%)
- удары кулаком, ногой, головой или корпусом тела по твердым поверхностям (2,7%)
- Удары кулаком по своему телу (2,7%)

На основе вышеизложенных данных был создан «Рисунок 4».

Рисунок 4 – Способы осуществления самоповреждения подростками экспериментальной группы, встречающиеся наиболее часто и наиболее редко в шкале «Часто» методики «Шкала причин самоповреждающего поведения» (Н. А. Польская)



Ни один из испытуемых не выбрал способ осуществления самоповреждения - «Уколы или проколы кожи острыми предметами», при этом 8,1 % испытуемых сообщили, что используют следующие способы, которые не вошли в перечень:

- обливание себя кипятком (часто)
- тщательное нахождение и выдавливание всех недостатков на коже (часто)
- выдергивание ресниц (часто)
- расчесывание головы до крови и болячек (часто)
- не ем специально, чтобы болел желудок и была слабость (часто)
- моральное

Наиболее часто выбираемые способы осуществления самоповреждения в экспериментальной группе относятся к соматическим. Это говорит о том, что подростки стараются использовать те способы, которые легче скрыть, принять за привычку.

Был проведен анализ частотного распределения по отдельным причинам самоповреждающего поведения согласно методике «Шкала причин самоповреждающего поведения» (автор Н. А. Польская).

Испытуемым было предложено двадцать шесть причин самоповреждающего поведения и пять вариантов ответа от «Совершенно не согласен» до «Совершенно согласен».

Чаще всего респонденты не соглашались со следующими причинами:


- Чтобы меня уважали другие (78,4%)
- Чтобы произвести на других впечатление (67,6%)
- Чтобы попробовать что-то необычное (62,2%)
- Чтобы показать другим, что я способен на все (62,2%)

Причины, с которыми чаще всего соглашались подростки экспериментальной группы:

- Чтобы почувствовать облегчение (48,6%)
- Что бы избавиться от плохих мыслей (40,5%)
- Чтобы справиться со своими эмоциями (37,8%)
- Чтобы успокоиться (35,1%)

На основе вышеизложенных данных был создан «Рисунок 4.2».

Рисунок 4.2 – Наиболее часто выбираемые причины самоповреждающего поведения по шкалам «Согласен», «Совершенно согласен» и «Не согласен», «Совершенно несогласен» (Методика «Шкала причин самоповреждающего поведения» (Н. А. Польская)



Согласно проведенному исследованию, можно сделать выводы, что сфера несуицидального самоповреждающего поведения требует всестороннего и глубокого изучения. Эмпирическим путем было выявлено, что у подростков, которые прибегают к аутоагрессии страдает эмоциональная сфера жизни, они используют такие низкоадаптивные формы эмоциональной регуляции, как руминация, избегание и трудности ментализации. Мы видим, что у казахстанских подростков преобладают соматические способы осуществления самоповреждения, которые маскируются под привычки и их сложно выявить. В то же время настораживает высокий уровень суицидального риска и внутренняя, моральная готовность к смерти подростков, осуществляющих самоповреждения. Кроме того, необходимо разработать и внедрить систему профилактики самоповреждающего поведения подростков.

Список литературных источников

1. Андронникова О.О., Волкова Е.Н. Обзор зарубежных исследований по проблеме несуицидального самоповреждения у детей и подростков. // Теоретическая и экспериментальная психология. – 2020 – Т.13 (3). – С. 38-50
2. Куандыкова Б.З., Есимбекова А.К., Давлетова А.А., Перленбетов М.А. Система мониторинга и психологической помощи несовершеннолетним. Комплексный подход. // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2022 апрель. - №80 (1). - С. 48-64.
3. Barent W. Walsh Treating Self-Injury. Second Edition. A Practical Guide / 2014 – с. 413
4. Стандартные требования к психологическим тестам: Приложение-2 Б // Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. СПб.: Питер, 2009
5. Роджерс К. Клиент-центрированная психотерапия: теория, современная практика и применение. М.: Психотерапия, 2007. 560 с.
6. Рычкова О.В., Холмогорова А.Б. Адаптация методики диагностики социальной ангедонии (RSAS) на российской выборке // Консультативная психология и психотерапия. – 2016 - Т. 24. № 4. - С. 62—96.

Төлеухан Шынар
журналистика мамандығының 1-курс магистранты, «Тұран» университеті
Ғылыми жетекші: Шиндалиева М.Б., ф.ғ.д., профессор

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ РУСОФОБИЯ – ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы «өшпенділік» феноменін зерттеудің өзектілігін асыра бағалау қиын. Белгілі бір әлеуметтік топтарға деген өшпенділік көрінісінің нысаны ретінде «өшпенділік» елеулі әлеуметтік қауіп тәндіреді, өйткені ол кемсітушіліктің немесе төзімсіздіктің сол немесе басқа түрінің көрінісі болуы және әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік қақтығыстардың дамуына әкелуі мүмкін. «Жек көру тілі» әлеуметтік наным-сенімдерге және стереотиптерге негізделген, бұл оны стереотиптерге негізделген қақтығыстардың көрінісі ретінде зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: өшпенділік тілі, әлеуметтік желілер, русофобия, ұлтшылдық, Ресей, орыс, мобилизация, жеккөрушілік, кемсіту.

Аннотация. Актуальность исследования феномена «языка вражды» в современной гуманитаристике сложно переоценить. «Язык вражды» как форма манифестации враждебности по отношению к определенным социальным группам несет в себе значительную социальную опасность, так как может быть формой проявления того или иного вида дискриминации или нетерпимости и приводит к развитию социальных конфликтов разного уровня. В основе «языка вражды» лежат социальные предубеждения и стереотипы, что обуславливает необходимость его изучения в качестве формы проявления конфликтов, основанных на стереотипах.

Ключевые слова: язык ненависти, социальные сети, русофобия, национализм, Россия, русский, мобилизация, ненависть, дискриминация.

Annotation. The relevance of hate speech studies in modern humanities can hardly be overestimated. Hate speech as a form of manifestation of hostility towards certain social groups carries a significant social danger, since it can be an indicator of discrimination or intolerance and lead to the development of social conflicts of different levels. Hate speech is always based on social prejudices and stereotypes, which makes it necessary to study it as a form of manifestation of conflicts based on stereotypes.

Keywords: hate language, social networks, Russophobia, nationalism, Russia, Russian, mobilization, hatred, discrimination.

Өшпенділік тілі – кемсітуден, антогонистік және толерантты емес сөздерден тұратын тұжырым, ол жекелеген әлеуметтік топтарға, соның ішінде көбінесе азшылық өкілдеріне қатысты қолданылады.

Әлеуметтік медиа-платформалары - кез келген адамға миллиондаған пайдаланушылармен жылдам байланысуға мүмкіндік беретін, арзан байланыс құралы. Дегенмен, әлеуметтік желі жүйелері әлеуеті маңызды мәселені біріктіреді - бұл жүйелер белгілі бір адамдар тобына зиян келтіре алатын мыңдаған идеологияны насихаттап, ақпараттық араздық туындатуға мүмкіндік береді. Бұл мәселе қорлау, мазақ ету және өшпенділік сөздерін қоса алғанда, бірнеше тәсілдермен көрініс табады.

Әлеуметтік желілерде өшпенділікті насихаттау мақсатында жазылмаған ақпараттардың өзі халық арасында өшпенділіктің жиі туындауына әсер етеді. Оған себеп, бірінші кезекте, жалған патриотизм, күрделенген ұлтшылдық, толерантты емес ой-түсініктер мен ұлттық құндылықтардың бұрмалануынан туындауы мүмкін.

Өшпенділік тілінің өрбіген тұсы ретінде көршілес Ресейде орын алған ішкі және сыртқы қақтығыстардың Қазақстан аумағында көрініс табуын айта аламыз. Әлемде ашық талқыға түскен Ресей халқының күрделі жағдайға, яғни мобилизацияға тап болуы Қазақстан аумағын да, қазақ халқын да айналып өткен жоқ. Бұл жағдайға байланысты отандық әлеуметтік желі қолданушыларының пікірі де сан-алуан. Бүгінде кеңестік кезеңдегі ұлттық көзқарасты ұстанатындар мен орыс ұлтын қазақ халқының жауы санайтын адамдардың тобы күнделікті жаңалықтардың «сыншысына» айналуға. Бұл ақпараттардың көп талқыға түсуі мен сан-алуан пікірлердің таралуы халық арасында «русофобия» - орыс ұлтына деген жеккөрушілік пен өшпенділіктің өршуіне әсер етуде. Ресей Федерациясында ішінара мобилизацияның жариялануы әлеуметтік желіні дүр сілкіндірді. Адамдардың түрлі ой-пікірлері бір арнаға әлі күнге тоғыспады.

Жеккөрушілік – біреуді жақтырмаудың ең асқынған түрі. Оны психологиялық жағдай, сезім (адамның ішкі эмоциясы) деуге болады. Ал өшпенділік, араздасу – жеккөрушіліктің

нактыланған формасы, яғни сыртқа шығарылған күйі. Мысалы, ол ойдағысын айтып тастау арқылы көрініс табады. Экстремизм туралы заңнамада жеккөрушілік, өшпенділік, алауыздық ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты синоним сөздер болып қарастырылады [1,78-6].

Зерттеуді негіздеу мақсатында 2010 жылдан бері ақпарат таратумен айналысатын, Қазақстандағы ең ірі «Tengrinews» ақпараттық агенттігінің әлеуметтік желілердегі парақшаларын назарға алдық. Ақпараттық агенттік бүгінде интернетте кеңінен таралған. Парақшаларын тереңінен талдайтын болсақ, Twitter әлеуметтік желісінде 406 мың оқырман, YouTube арнасында 679 мың көрермен, Telegram арнасында 221 мың, Facebook-та 74 мың, TikTok-та 537 мың, Вконтакте желісінде 160 мың жазылушы тіркелгеніне көз жеткіздік. Ең көп пікір мен көрсетілімге ие Instagram әлеуметтік желісіндегі *tengrinewskz* парақшасында 2 млн жазылушысы бар. Одан өзге қазақ тілді ақпараттарға арналған *kaz.tengrinews* парақшасы (442 мың оқырман), аймақтық *tengri.astana* (23 мың оқырман), *tengri.almaty* (27 мың оқырман) парақшалары да кең танымалдылыққа ие.

2022 жылдың 21 қыркүйегінен бастап шамамен 15 күн көлеміндегі уақыт аралығында Tengrinews ақпараттық агенттігі *tengrinewskz* Инстаграм парақшасында Ресейге және мобилизацияға байланысты жалпы саны 16 материал жариялаған. Оның ішінде миграция тақырыбында – 5, билік өкілдерінің пікірі туралы – 7, оқиғаның салдары мен халықтың пікірі жөнінде – 2, Ресейде орын алып жатқан қазіргі жағдайларға байланысты – 2 ақпарат тіркелсе, одан өзге ресми сайттарындағы ресейліктер туралы материалдарға күніне кемінде 3 сілтеме ұсынылатынын аңғардық.

Оқырманның саны қанша болса, пікірі де соншалықты сан алуан. Әр ақпаратқа жазылатын пікірлер саны (16 материалға шаққанда), орташа мөлшерде 2152 пікір жинайды. Демек, мұндағы ресейліктер туралы бір ақпараттың өзі 2000 адамды бей-жай қалдырмайтынын байқай аламыз. Пікірлердің көптігі, маңыздылығы, адами құндылықтар мен стереотипті ойлардың көпшілігі және ойлардың қарама-қайшылығы араздық тудырушы адамдар тобының жасырынуына және өшпенділік тілінің еркін көрініс табуына ең қолайлы орта екенін осы тұста байқай аламыз.

Қазақстанда өшпенділік тілінің орнығуы жөнінде алғашқылардың бірі болып «MediaNet» халықаралық журналистер орталығы ұсынған «Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингінде» өшпенділік тілінің бірнеше түрлері бөлініп, көрсетілген. «Өшпенділік сөздерінің» түрлерінің ауырлық дәрежесін ажырату үшін мониторингіде көрсетілген А.М.Верховский ұсынған классификация бойынша қарастырайық. «Өшпенділік тілі» шартты түрде «жұмсақ», «орташа» және «қатты» деп бөлінеді [2,4-6]. Берілген негіздемелерге сүйене отырып, Tengrinews ақпараттық агенттігі *tengrinewskz* Инстаграм парақшасындағы мобилизация жарияланғаннан кейінгі халықтың пікіріне талдау жасайық.

«Жұмсақ өшпенділік тілі» этнос тобының жағымсыз образын қалыптастыру; этнос тобының атауын кемсітетін контексте атау; этнос тобының кем дамығаны немесе моральдық кемшілігі туралы тұжырым жасау; әлеуметтік топты немесе оның өкілдерін кемсітетін немесе қорлайтын контексте атау; ксенофобиямен айтылған сөзден үзінді келтіру немесе сондай мәтінді сұхбат берушінің пікірі мен мәтін авторы (журналистің) ұстанымының ара-жігін білдіретін тиісті түсініктемесіз жариялау; газеттен анық ұлтшылдық үгіт-насихатқа редакцияның түсініктемесіз немесе басқа пікірлерге орын беру. Жұмсақ түрдегі өшпенділік тілінің көрінісі:

- Этникалық немесе діни топтардың жағымсыз образын қалыптастыру: *jarqyn16*: СССР-ді армандап жүр. Халқы зомби.

- Этникалық немесе діни топты немесе оның өкілін кемсіту, қорлау: *orserikbek*: Орыстан қалғандар елді тонап бітті, құлдық сана бар. орыстан қалғандарда. *aigerim_rakhimbay8*: Жетісіп қалдық ал, сорымыз болады ертең мыналар. Абайлау керек!

- Этникалық немесе діни топты моральдық кемшіліктері бар деп пайымдау: *sabanbay* Орыстан досың болса айбалтаң қасыңда болсын.

- Этникалық немесе діни топтың кембағалдығын айту: *zhibek19554584*: Шекараны жабу керек енді жастары біздің елге қашады.

«Орташа өшпенділік тілі» — дискриминация мен зорлық-зомбылықтың тарихи жағдайларын ақтау; белгілі бір этнос тобының қылмысқа бейімдігі туралы тұжырым айту; қандай да бір әлеуметтік топтың беделіне нұқсан келтіру үшін оның шетелдің саяси және мемлекеттік құрылымдарымен байланысы бар екенін айту; қандай да бір этнос тобының материалдық байлық, билік құрылымдарына өкілдік ету және тағы басқа жөнінен үйлесімсіз

артықшылығы бар екені туралы пайымдау; белгілі бір әлеуметтік топты «қоғамға, мемлекетке және басқаларға жағымсыз әсері бар» деп айыптау. Орташа түрдегі өшпенділік тілінің көрінісі:

- Сөз арасында этникалық немесе діни топ атауын қорлап айту: *zhandos11997*: Саша, Вася дегендер квартираны алып алыпты, шошқа сатқан ақшаға.

- Белгілі бір этникалық немесе діни топтың тарихи қылмысқа бейім екенін айту. *saulegul_bota*: Бұл жақсылық емес, өз елін тастап қашқандардан бәрін күтуге болады.

- Қандай да бір этникалық немесе діни топқа өзгелерден артық жағдай жасалған деп бағалау. *zhamilasuiunbaeva*: Өңшең орыстарды бықсытып әкеліп қазақты тентіретіп жатыр. *sultanov.aibol* Орыстарды жарылқағанша осы студенттерге жағдай жасамай ма!

- Этникалық немесе діни топты қоғамға, мемлекетке зиян тигізіп отыр деп айыптау: *dastankozhyrov*: Таза қуғынбай екенсің ғой. Қазақтар бірін-бірі квартирадан қуып жатса саған не керек орыстарды күтіп алып сыйлау.

- Белгілі бір топты билікті басып алмақ болды немесе аумақтық тұтастыққа қауіп төндірді деп айыптау: *for_safety_reason*: Ертең кіріп алып төр менікі дейтін халық бұлар. Жерімізді жаулап алса, таң қалмаңдар.

«Қатты өшпенділік тілі» — зорлық-зомбылыққа немесе дискриминацияға тікелей немесе делдалсыз үндеу; жалпы ұрандарды қолданып, зорлық-зомбылыққа немесе дискриминацияға үндеу; зорлық-зомбылық пен дискриминацияға астыртын үндеу. Қатты түрдегі өшпенділік тілінің көрінісі:

- Зорлық-зомбылық жасауға шақыру: *jenis_alhanafi*: Біздегі Путинді жақтайтындарды апарып тастау керек!

- Кемсітуге шақыру: *life_molli*: Ал қыздар, жігіттер көрген жерде құтырған орыс болса, орнына қоя білейік, тайрандатпай!

- Кемсітушілік әрекеттер жасауға ұрандар арқылы шақыру: *aidanaanuarbekova1*: Бәріміз жақтырмай жүрейікші, тез кетіп қалсын елдеріне. *jaras6791*: Бұлардың бәрі сатқындар, өз елін тастап қашып бара жатқан сорлылар, бұларды аямау керек!

- Аймақта орнығуына жол бермеуге шақыру: *gul_jan.r*: Россияға барсаң бетіңе айтады чурки, калбит деп... иттей қылып кіргізбеу керек шошқаларды! [3]

Талдау бойынша, ресейліктердің жаппай қоныс алуынан туындаған қазақ тілді өшпенділік тілінде пікір білдірушілердің көбісі ұлт тобына қарсы «қатаң» үнлеулерге негізделген пікір иелері екеніне көз жеткізе аламыз. Пікірлердің көпшілігі «жапсын», «кетсін», «кіргізбеңдер», т.с.с. бұйрық райлы, агрессивті түрде көрініс тапқан. Бұл «русофобияның» қызған шағының көрінісі және оларға деген анық жағымсыз көзқарастың халық арасында кеңінен тарауынан орын алған.

БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен бекітілген «Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция», «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция» сияқты өшпенділік сөздерін қолдануға тыйым салатын халықаралық және ұлттық заңдар бар болғанның өзінде, «өшпенділік тілі» әлі де бар. Мысалы, Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, жала жабу немесе қорлау үшін жауапкершілікке тарту «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» 130-бабында, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты тудыруға бағытталған пікірді немесе ақпаратты жариялау ҚР Қылмыстық Кодексінің 174-бабында қарастырылған [4,8-6].

Қорыта айтқанда, өшпенділік немесе араздық негізінде жасалған сөз қылмыстары лингвоқұқықтық қақтығыстардың жеке түрін құрайды. Мұндай құқық бұзушылықтар наным-сенімге негізделген, яғни олар белгілі бір әлеуметтік топтарға қатысты стереотиптердің дамуынан туындайтын әлеуметтік қақтығыстар кезінде немесе нәтижесінде туындайды. Әлеуметтік стереотиптер адамның «өзінің» және «бөтен» әлеуметтік топтардың өкілдерін қабылдауына әсер етеді және бағалаушылық сипатта болады: әдетте, «өзінің» тобы - оң, ал «бөтен» - теріс бағаланады. Белгілі бір әлеуметтік топтарға қарсы дұшпандықты вербализациялаудың жолдары мен құралдары әлемдік гуманитарлық ғылымдарда «өшпенділік тілі» деген жалпылама атау алды. Ал өшпенділік тілінің ұлт мәселесінде көрініс табуы ұлтаралық қақтығыстарды туындатуға үлкен әсер ететіндігін ескерген жөн.

Сонымен қатар, ұлттар арасындағы жиі байланыстар жағымсыз қарым-қатынастың себебі болуы міндетті емес. Зерттеулер ТМД-ның әртүрлі халықтарымен байланысудың шамамен

бірдей жиілігінде өшпенділік саны мен әлеуеті әртүрлі екенін көрсетеді. Түрлі ұлттарға деген күрт теріс немесе бейтарап және оң көзқарастың себептері тілдік емес салада жатыр: әлеуметтік-экономикалық, сыртқы саясат және т.б. және осы мақалада қарастырылған мәселелер шеңберіне кірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі. Құраст. П.Банников. Алматы: Medianet ХЖО, 2017. 8 – 9 б.
2. Верховский А. Общий анализ результатов мониторинга // Язык мой... Проблема этнической и религиозной нетерпимости в российских СМИ. М.: РОО «Центр "Панорама"». 2002. С. 20-48.
3. «Tengrinews» ақпараттық агенттігінің инстаграм парақшасы. <https://www.instagram.com/tengrinewskz/>
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Райымбаева Гүлманат
журналистик мамандығының 1-курс магистранты, «Тұран» университеті
Ғылыми жетекші: Құрманбаева А.А. фил.ғыл.канд., доцент

ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ҚОҒАМҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Адамдар ақпараттық қоғамда өмір сүргендіктен, күнделікті бизнес, ойын-сауық, саяси, танымдық тақырыптардағы жаңалықтарды оқиды. Соңғы онжылдықта коммуникацияның техникалық құралдары жоғары деңгейге жетті. Сол арқылы адамдарға келетін ақпараттар легі артты. БАҚ нарығы жаңалықтарға толы, нәтижесінде ақпарат таратушылар арасында бәсекелестік жыл сайын артып келеді. Мұндай бәсекелестік бұқаралық ақпарат құралдарының өзара аудитория үшін күресуіне әкелді. Жыл сайын баспа басылымдарының жағдайы қиындап барады, оны таралымның азаюы, жастардың қызығушылығының жоқтығы сияқты құбылыстармен бағалауға болады. Көпшілік қазіргі жағдайдан шығу үшін дәстүрлі медианың форматын жаңа медиаға ұқсас етіп өзгерту керек деп ойлайды. Сондықтан, барлық дәстүрлі медианың онлайн форматтағы қолжетімді платформалары жасалынууда.

Оқырман ақпаратты алғаш көргенде ең алдымен *тақырыбы, суреті мен дизайнына* мән береді. Аталған факторлар жаңалықтың негізгі элементі болып табылады. Бірде-бір ақпарат тақырыпсыз жарияланбайды. Бұл маңызды элемент ең алдымен оқырманның санасына әсер етеді. Тақырып – кез-келген ақпараттың басы. Тақырыптарды «айғайлатып» қою бүгінгі күннің тренді. Әсіресе, мұны *nur.kz, stan.kz* секілді ақпараттық порталдардан жиі кездестіреміз. Жаңалықтардың тақырыбы бірден назар аудартады. Тақырыпты қоғамда болып жатқан өзекті жаңалықтармен байланыстырып қояды. Сонымен қатар, «атышулы», «масқара», «елді шулатты», «жаға ұстатарлық жаңалық» деген тіркестерді жиі қосады. Бұл журналистер жиі қолданатын психологиялық айла. Ол аудиторияның назарын аударуға, ынталандыруға, мотивация беруге негіз болады. *Мотивация* – адамның санасына психологиялық әсер ету механизмі. Оны белгілі бір әрекетке итермелейді. Бұқаралық коммуникация саласында мотивация мазмұнға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған: оқырман көбірек қызықтыратын мәтінді таңдайды. Кез-келген жаңалық мәтіннен тұрады. Ал мәтін тіл білімінің бөлігі болып табылады. Оқырманның оқу ынтасының артуы мәтінге психолінгвистикалық аспектіні енгізу арқылы жүзеге асады. Сол кезде оқырмандар жаңалыққа қызығушылық танытып кликбейт жасай бастайды. Яғни, мақаланың қаралым саны артады.

Жаңалықтың мәні – оқиға. Бұл оқырман үшін әрқашан маңызды бола бермейді. Сондықтан, оған тақырып арқылы назар аударту, адамдарды жаңалықты оқуға итермелеу және сол арқылы ақпарат беруші платформаның рейтингін арттыру үшін журналистер түрлі қулыққа барады. Оқырман психологиясына әсер ету әдістерінің бірі «назар аудару». Бұл ұғымның бір мәнді анықтамасы жоқ. Бұл түсінікті тұжырымдау кезінде ғылыми әдебиетте түрлі тәсілдер ұсынылған. Л.А.Ходякова мен А.В.Супруноваға тиесілі тұжырымдардың бірі дәл осы үрдіске

сәйкес келеді. Бұл авторлар «назар аудару» әдісін «сөйлеу әрекеттің бір түрі ретінде оқу процесін қамтамасыз ететін білімдердің, қабілеттердің, дағдылардың жиынтығы: қабылдау, түсіну, болжау, ақпараттың мағынасын ашу, оқыған мәтінді бағалау, оқырманмен диалог» деп түсінеді. Авторлардың айтуынша, оқырман алынған ақпаратқа назар аударып, өзінің жеке тәжірибесінде пайдалануы заманауи әлеммен бір қарқында болуға үйретеді. Назар аударта алу мәтінмен жұмыс жасағанда журналист тарапынан қалыптасуы керек. Оқырман үшін қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікпен жақындастыратын қабілеттер қалыптастыруға ықпал ететін мәтіндердің маңызы зор. Біз мұндай тақырыптарды «мәтінді баяндайтын немесе сипаттайтын, мазмұнды болжайтын, мәтінді түсіндіретін, оған қосымша мағына беретін салыстырмалы автосемантикасы бар бүктелген мәтін» деп атадық.

Оқырмандардың жаңалықтарға деген қызығушылық деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргіздім. Респонденттердің интернет-басылымдағы жаңалықтар тақырыптарына және мәтін мазмұнына қаншалықты қызығатыны тексерілді. Біздің респонденттеріміз 18 бен 47 жас аралығындағы адамдар. Біз оларды ақпаратқа қол жеткізу және оған қызығушылық деңгейіне қарап үш жас санатына бөлдік. Оқырманның жалпы мәдени деңгейі, өмірлік тәжірибесі, тілді меңгеруі және мағыналарын түсіну, интернетке кіру қажеттіліктері ескерілді. Интернеттегі жаңалықтар ақпаратына қатынасы тұрғысынан осы топтарға жалпылама сипаттама берейік.


Бірінші топ – 18-21 жас аралығындағы оқырмандар. Олардың барлығы университет студенттері. Күннің барлық белсенді уақыты ғаламторда өтеді. Мұндай ойын-сауықтық платформаларды пайдаланудың негізгі мақсаты қарым-қатынас, ойын-сауық, оқу. Бұл респонденттер жаңалық порталдарына онша бағдарланбайды және «жаңалық» деген олар үшін telegram секілді әлеуметтік желілер. Сөздің жалпы қабылданған мағынасында жаңалықтарды осы топтағы респонденттердің шамамен 30%-ы жүйелі түрде қарайды. Ал жарияланған ақпаратқа деген сенім деңгейі өте жоғары, орта есеппен 80% құрайды.

Екінші топ – 23-26 жас аралығындағы қатысушылар. Бұлар жоғары оқу орындарын бітіріп, еңбекке араласқандар. Олар интернетте алдыңғы респонденттермен салыстырғанда аз уақыт жұмсайды. Шамамен күніне 2-3 сағат. Осы санаттағы респонденттердің 62%-ы жаңалықтарды тұрақты түрде қарайды, желідегі БАҚ жаңалықтарына сенімнің орташа деңгейі 68%-ды құрайды.

Үшінші топ – 30-47 жас аралығындағы респонденттер. Оның 47%-ы күн сайын, қалғаны аптасына 1-2 рет интернетке кіріп, жаңалықтар оқиды. Ақпаратқа деген сенімнің орташа деңгейі 64%-ға жетеді.

Оқырмандардың жаңа медиа жаңалықтарына қызығушылық деңгейі

■ Уақыты ■ Оқу, Қызығушылық ■ Сенім деңгейі



Source: Datawrapper's internal analytics • Created with Datawrapper

Қорытындылай келе, жас ерекшеліктеріне қарамастан интернеттегі жаңалықтарға қызығушылық деңгейі айтарлықтай жоғары. Бұл адамның айналасындағы болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратқа ие болғысы келетінін көрсетеді. А.А.Негрышев еңбегінде жаңалық жанрының ерекшелігін оның мәтіні туралы «мүмкіндігінше шындыққа жақын болуы және аналитикалық, публицистикалық жанрдан айырмашылығы, интерпретацияға емес, оның рефлексиясына көңіл бөлуі керек» деп жазған. Адамдар жаңалықтарды көбіне ақпараттық порталдар мен әлеуметтік желілерден оқиды. Рас-өтірігіне қарамастан сенім деңгейі жоғары. Демек, тақырыптар арқылы «назар аудару» және мәтінді оқуға итермелеу арқылы мотивация беру жүйелі түрде іске асуда. Журналистер мәтін жазуда пайдаланатын психологиялық әдістер оқырмандарға әсер етуде.

Нұрқанат Атажан
журналистика мамандығының 2-курс магистранты, «Тұран» университеті
Ғылыми жетекші: Құрманбаева А.А.ф.ғ.к., доцент

МЕДИАХОЛДИНГТЕР – ХХІ ҒАСЫРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа. Мақалада ғылыми тұрғыда конвергенция, жаһандану, шоғырлану, цифрландыру процестерімен байланысқан ақпараттық қоғамның нарықтық қатынастарының әсерінен туындаған заманауи БАҚ қызметіндегі өзгерістердің аспектілері қарастырылады. Қазақстандық медиахолдингтердің мысалында медиа капиталды бір экономикалық құрылым аясында шоғырландыру мүмкіндігі көрсетілді.

Түйін сөздер: медиахолдинг, медиа, нарықтық қатынастар; конвергенция; холдинг.

Аннотация. В статье научно рассматриваются аспекты изменений в деятельности современных СМИ, вызванных влиянием рыночных отношений информационного общества, стимулированных процессами конвергенции, глобализации, консолидации, цифровизации. На примере казахстанских медиахолдингов показана возможность консолидации медиа-капитала в рамках одной экономической структуры.

Abstract. The article scientifically examines the aspects of changes in the activities of modern mass media caused by the influence of market relations of the information society, stimulated by the processes of convergence, globalization, consolidation, digitalization. Using the example of Kazakhstani media holdings, the possibility of consolidating media capital within one economic structure is shown.

Постиндустриалдық қоғамның пайда болуы және адамзаттың интеллектуалдық еңбек рөлін арттыруға ұмтылуы экономикадағы процестерді толық зерттеуді қажет етті. Қаржы секторы ұзақ уақыт бойы адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды, өйткені ол ХХІ ғасырда қоғамға аса қажетті функцияларды орындайды. Бұл біртұтас саланы құруға, сондай-ақ медианың барлық сегменттерінде ғылыми-техникалық саясатты жүргізуге бағытталған экономикалық интеграция.

БАҚ нарығын дамыту процесінде оны дамытуға қаржы салуға мүмкіндік алған жеке компаниялар үлкен рөл атқарады. Уақыт өте келе нарық оларды өз компаниялары үшін медиа құрамдас бөлік құруға итермеледі. Мұндай тәжірибе инвесторға да, БАҚ-қа да тиімді екенін көрсетті.

Медиа нарықты дамытуда бұқаралық ақпарат құралдарын шоғырландыру процесі де басым рөл атқарады (латын тілінен *con* – бірге; *centrum* – шоғырлану, орталық). Шоғырлану капиталистік нарықтың заңдылықтарына байланысты пайда болды, оның мағынасы өзара әрекеттесетін кәсіпорындардың жиынтығын құру дегенді білдіреді. Ол арқылы компаниялар тез дамып, үлкен пайдаға ие болады. Ал тәжірибеде шоғырланудың мәні Экономикалық қызмет тетіктерін құру мақсатында медиа кәсіпорындарды біріктіруді білдіреді.

Капиталдың шоғырлануы мен өндірісінің дамуының алғашқы кезеңдерінде қазақстандық медианарықта медиахолдингтер пайда бола бастады. Сол арқылы басқа медиакомпаниялар арасындағы бәсекелестік күшейе түсті.

Медиахолдинг – бірнеше медиа ресурстың, яғни газеттер, телеарналар, радио, интернет-баслымдардың бір компания астына бірігуі. Бұндай медиабірлестік өзінің қоғамға ықпалы мен беделін, экономикалық жағдайын арттыру үшін құрылып, бірыңғай басқару орталығына бағынады. Осы арқылы компанияға келетін пайда мен ақпарат тарату мүмкіндіктері артады.

Ірі ресейлік медиахолдингтердің («ГазпромМедиа», «Яндекс», «Бірінші арна») тәжірибесіне сүйене отырып, әлеуеттерді біріктіру және БАҚ жұмысындағы күш-жігердің бір ортаға бірігуі оларды қазіргі саяси және экономикалық жағдайда тиімді жұмыс істеуге, сол арқылы басылымдардың шаруашылық қызметін оңтайландыруға, шығармашылық әлеуетті шоғырландыруға мүмкіндік береді деп айтуға болады. [1]

Бүгінде Қазақстанда медиахолдингтердің саны күннен күнге артуда. Олардың жетекшісі – «NUR Media» медихолдингі. Компания 2008 жылы құрылғанынан бастап, қазірге дейін үлкен жетістіктерге жетіп үлгерген. Медиахолдинг құрамына «Astana» телеарнасы, «Aiqun», «Liter», «Türkistan», «Қазақстан теміржолшысы» газеттері мен «Orda FM», «NS» радиолоары және «Azattyq ruhy» порталы кіреді. Аталған ақпарат ресурсының сайттарына кіру арқылы компания иелігендегі өзге ақпарат құралдарына жарнаманы және сол парақшаға өтуге мүмкіндік беретін

белсенді сілтемелерді көруге болады. «NUR Media» бұрынғы «Nur Otan» қазіргі «Amanat» партиясының бастамасымен ашылып, қазірге дейін билік партиясының қолдауына ие. Бұл өз тұрғысына медиахолдингтердің қоғамға үлкен әсерін білдіріп, басқарушы, бағыттаушы күші бар екендігін көрсетеді. Медиа саласындағы осындай көріністердің арқасында отандық интернет журналистикада сандық формат бейім алып, кеңінен қолдануда.

Ғаламтор, сандық форматтың арқасында медиа өнімдер кез келген шеғарадан аса алатын, ерекше ақпараттық және коммуникациялық ортаға айналды. Дигитализация, жеке БАҚ-тар арасындағы өзгешелікті жойып және олардың мазмұнын реттей отырып, олардың конвергенциясына жол ашады. Біріншіден, бұл әртүрлі техникалық тасымалдаушыларға – кабельді немесе телефонды желілерге, сымсыз спутниктік байланысқа ақпаратты пайдаланушыға немесе тұтынушыға жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялардың бірігуі. Екіншіден, конвергенция бұл алдымен бірінен айтарлықтай алшақ және шашыраңқы БАҚ-тардың бірігуі [2].

Медиахолдингте жұмыс істейтін журналист өзінің кәсіби машығын шыңдату үшін жақсы мүмкіндіктеріне ие. Мәселен, онда еңбек ететін тілші бүгін интернетке мақала дайындайды, ертең жаңалықтар мен жобаларға арнап телемәтіндер жазады, ал арғы күні негізгі БАҚ үшін көлемді материал жазады. Бұл мультимедианы нақты игеруге, кез-келген БАҚ-та жұмыс істей алатын «әмбебап» журналист шығаруға алып келеді.

Ақпараттық индустрия жаңа сандық және сапалық деңгейге көшті. Ол заманауи технологиялар ғасырында ақпараттық қоғамға көшу кезінде елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайды. Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары уақыттың қиындықтарына бірінші болып жауап беріп, әлемдік ақпарат таратудың талаптарына сай болу үшін саясатын өзгертті. Осы тұрғыда медиахолдингтер жеке корпорациялардың жұмысын оңтайландыруға, олардың жұмысы мен шығындарын толық бақылау жасай алуды қарастырады. Сондай-ақ осы типтегі компаниялар белгілі бір оқиғаларға ұқсас көзқарастармен ерекшеленетін медиа альянстарын құру үшін маңызды саналады.

Ақпараттық бірлестіктер көп жағдайда инвестициялар есебінен өмір сүреді. Сонымен қатар олардың күшімен жеке қызметтер көрсетілуі мүмкін. Ірі медиахолдингтер көбінесе тек тұрақты клиенттермен жұмыс істейді. Әрбір ауқымды корпорация белгілі бір мақсаттарды көздейді. Медиахолдингтер тек жеке мүдделер аясында жұмыс істейді және көбінесе белгілі бір мамандандыруды қажет етеді. Бұдан басқа ол табыс деңгейін арттыру, сондай-ақ ақпараттық немесе ресурстық нарыққа әсерді күшейту екені белгілі.

Бірнеше басылымдар бойынша жұмыс істейтін медиахолдингтер құру көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді және олар үлкен артықшылықтарға ие. Бұл ұйымдастырушылық қызметті орталықтандыру, мәселелерді жедел қаржылық-экономикалық шешу мүмкіндігі, шығындарды оңтайландыру, оның ішінде - әкімшілік және техникалық қызметкерлерді үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, ғимарат жалдау, бухгалтерлік есеп, жоспарлау, қаржылық, жарнама қызметі бір уақытта бірнеше басылымдарға қатыса алады. Басшылық шығармашылықты шоғырландыруға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда медиахолдингтер бірқатар маңызды міндеттерді шешеді: олар капиталды шоғырландырады, бұл ауқымды және қымбат медиа жобалар, ынтымақтастық және мамандану журналистік жұмыс, журналистік зерттеудің мазмұнын тереңдету, бұл сала мамандарының жұмыс сапасының артуына объективті түрде әкеледі. Сонымен қатар ұлттық бірлестік басылымдарды бір орталықтандырылған жүйеге енгізу нарық талаптарына икемді жауап беруге, жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өнімді ұсынуға және бюджетті үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары конвергенция, яғни дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерінің бірігіп, кірігуі туралы болжамдар іске аса бастады. Бұл оларды ортақ сандық тұрғыға келтіру арқылы жасалады. Дигитализация және конвергенция процестерінің арқасында бұқаралық ақпарат құралдары көпарналық, интерактивтілік, болып жатқан оқиғаны шынайы уақытта тарата алуға және ақпараттық ресурстарды үздіксіз жаңарту қасиеттеріне ие болды. Қазірдің өзінде жаңа медиа, дәстүрлі БАҚ-тың ойына келмеген мүмкіндіктерге ие: ол дыбспен, анимациямен, гипермәтінмен, кең ауқымды электронды мұрағатпен, аудиториямен кері байланысудың түрлі әдістерімен жабдықталған [3].

Осылайша, ірі медиа корпорацияларды кәсіби және әлеуметтік қауымдастықтар,

шығармашылықпен ойлауға қабілетті білікті сарапшылар қатысатын мәселелерді талқылауға арналған алаң деп атауға болады. Медиахолдингтер – бұл Қазақстан үшін перспективасы жоғары жүйе, оның отандық медиаға арналған көп артықшылықтары бар. Медиахолдингтерге біріктіру процестерінде газеттер мен журналдар сақталып қана қоймай, олардың ақпараттық, ұйымдастырушылық және қаржылық ресурстары бір ортаға шоғырланады, бұл медианың одан әрі дамуына қосымша ынталандыру болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Норберт Б. Азбука медиа; пер. с нем. / Б. Норберт; под ред. Л. Ионина. – М., 2011. - 102 б.
2. Иманалиев Ж.О. Ғаламтор және масс-медиа. // «Медиабілім беру және киберәлеуметтану» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2014. -101 б.
3. Тәшімова Ә. Жаңа медиа мен дәстүрлі БАҚ; өзара кірігуінің (конвергенция) мәселелері. // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. №2(30). -80 б.

Марат Айым

журналистика мамандығының 1-курс магистранты, «Тұран» университеті
Ғылыми жетекші: Құрманбаева А.А. фил.ғыл.канд., доцент

РЕСЕЙ ЖӘНЕ УКРАИНА АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС БАҚ БЕТТЕРІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада Ресей мен Украина елдерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық соғыс көріністеріне салыстыра отырып талдау жүргізілді. Қазіргі уақытта мемлекетаралық және ұлтаралық қақтығыстар ақпараттық өрісте жиі болып жатыр. Бұл адамдар өмірінің барлық саласына тікелей әсер етеді. Сондықтан да медиа критиканың алдында тұрған басты міндет – саяси қатысудан тыс, фактілермен бекітілген ақпарат өрісін құру.

Түйін сөздер: ақпараттық соғыс, медиа критика, пропаганда, Ресей және Украина, ақпараттық қауіпсіздік.

Аннотация. В данной статье проведен сравнительный анализ проявлений информационной войны в средствах массовой информации России и Украины. В настоящее время межгосударственные и межнациональные конфликты все чаще происходят в информационном поле. Это напрямую влияет на все сферы жизни людей. Поэтому главная задача, стоящая перед медиа-критикой - создание информационного поля, закрепленного фактами, вне политического участия.

Ключевые слова: информационная война, медиа-критика, пропаганда, Россия и Украина, информационная безопасность.

Abstract: This article presents a comparative analysis of the manifestations of information warfare in the mass media of Russia and Ukraine. Currently, interstate and interethnic conflicts are increasingly occurring in the information field. This directly affects all areas of people's lives. Therefore, the main task facing media criticism is to create an information field anchored by facts, outside of political participation.

Keywords: information war, media criticism, propaganda, Russia and Ukraine, information security.

Зерттеудің өзектілігі: Окинава жаһандық ақпараттық қоғамының Хартиясында айтылғандай, "ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың революциялық әсері адамдардың өмір салтына, олардың білімі мен жұмысына, Үкімет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуіне қатысты" [1].

"Ақпараттық соғыс" терминінің өзі 1970 жылдары Батыс пен КСРО елдерінің қырғи қабақ соғысы кезінде пайда болды. Ғылыми ортада бұл түсініктің теориялық тұжырымдамасы қарулы күштер мен қорғаныстың ең әлсіз буыны ретінде ақпаратты анықтаған Т. Ронның есімімен байланысты. Ол алғаш рет "ақпараттық соғыс" терминін 1976 жылы "Боинг" компаниясы үшін "Қару жүйелері және ақпараттық соғыс" есебінде қолданды [2].

Ақпараттық соғысты жүргізудің негізгі құралы ретінде БАҚ, әсіресе "электрондық" бұқаралық ақпарат құралдары танылды. Электрондық БАҚ қазіргі кезеңде бүкіл медиа-салада монополиялық жағдайға ие және ақпараттық соғыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікірге әсері кең ауқым алып келеді.

Ақпараттық соғыс, ең алдымен, адамның санасына әсер етеді. Мұндай соғыстарды жүргізетін саясаткерлер адам психологиясымен шебер ойнайды, осылайша мақсаттарына жетеді.

Адам ақпараттық әсерден қорғансыз, ал БАҚ адамды басқара отырып, қоғамдағы ақпаратты бақылау құралына айналады.

Әдебиеттік шолу: Дәстүрлі БАҚ-нда және интернетте ақпараттық соғыс жүргізу ерекшеліктері түбегейлі айырмашылықтарға ие. Дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында жүргізілетін "ақпараттық соғыстар" В. Липпман мен П. Лазарсфельдтің зерттеулеріне негізделген [3]. Олар бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікір мен саяси процестерге әсері туралы екі түрлі тәсіл жасады. Екі тәсіл де ақпарат, оны манипуляция құралы ретін пайдалану қоғамды басқаруда шешуші болып табылатындығына назар аударды, ал бұқаралық ақпарат құралдары билік элиталары үшін қоғамды басқарудың қажетті элементі болып табылатынын айтты.

Г.Г. Почепцовтың жазуы бойынша, ақпараттық соғыстың техникалық және саяси аспектілерін бөліп қарастыру қажет. Стратегия, ақпараттық соғыс және маркетинг мәселелерінің теоретигі қазіргі уақытта экономикалық немесе әскери қатынастардан бөлек, халықаралық қатынастарға ақпараттық өлшемнің қосылғанын да атап өтеді. "Ақпараттық соғыс" ұғымы басқа мемлекеттің ақпарат кеңістігіне ұйымдастырылған араласу мағынасында жұмсалады.

Автор ақпараттық соғыстың қолданылу мақсатын "қарсыластан нағыз жау жасау" деп түсіндіреді және бұл көп жағдайларда өте ауқымды, қорқынышты салдарға әкеп соғатынын жазады. Сырттан көрсетілген қаттылық ел ішінде рұқсат етілген шектерді алып тастауда көрінеді. Мұнда ақпараттық соғыс жүргізетін тараптардың әрқайсысының жететін жетістіктері айқын көрінеді.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістері. Отандық және шетелдік ғалымдардың ақпараттық соғыстың психологиялық әсерін қарастыратын еңбектеріндегі негізгі дәлелдемелер мен фактілер зерттеудің әдіснамалық негізін құрады. Зерттеуде әлеуметтік зерттеулердің жалпы ғылыми әдістері мен тәсілдері қолданылды: контент-анализ, сауалнама әдісі, ақпаратты талдау әдісі, бақылау және сараптамалық бағалау әдісі.

Көптеген жолдармен жұмыссыздық, перфекционизмге дейінгі табысқа деген жоғары мотивация, бәрін жасауға және әрқашан өте жақсы істеуге деген ұмтылыс, жақсырақ кез келген адамнан жақсырақ, өзін-өзі бағалаудың төмендігінен туындайды. Еңбек нәтижелерінің кез келген төмендеуі, тіпті объективті себептермен болса да, адекватты емес реакцияны тудыруы

мүмкін: өзін-өзі және депрессиялық тәжірибеден бас тартудан кінәлі біреуді іздеуге және оған өткір агрессивті жарылыстарды бағыттауға дейін.

Келесі ерекшелік - интроверсияға бейімділік, қызығушылықтың адамның ішкі әлеміне шоғырлануы. Сырттай бұл эмоционалды жақындық, байланыстарды ресімдеу ретінде көрінеді. Рөлден кету немесе аздап ашу қажет болған кез келген жағдай агрессияға дейін қатты алаңдаушылық тудырады.

Әдетте, бұл адамдар өздерінің өмірлік жоспарларын, мінез-құлық стереотиптерін әрең қалпына келтіреді, сондықтан олар эмоционалды күйіп кету мәселесін өздігінен жеңе алады. Ал оның дамуының келесі кезеңі белгілі бір психосоматикалық аурулардың пайда болуы мүмкін.

Дегенмен, кейбір ішкі алғышарттар эмоционалды қажуды тудыруы үшін жеткіліксіз. Еңбекті ұйымдастыруға және қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайларына байланысты сыртқы факторлар осымен байланысты болуы керек.

Еңбекті ұйымдастырумен байланысты эмоционалды күйзелудің үш факторын көрсетеміз.

1. Жеке фактор:

бұл, ең алдымен, жұмыс орнында өзін-өзі маңызды сезіну, кәсіби өсу мүмкіндігі, автономия және басқару тарапынан бақылау деңгейі. Егер маман өз қызметінің маңыздылығын сезінсе, онда ол эмоционалды күйіп қалуға қарсы иммунитетке ие болады. Егер жұмыс оның көзіне елеусіз болып көрінсе, онда синдром тезірек дамиды. Оның дамуына өзінің кәсіби өсуіне қанағаттанбау, басқалардың пікіріне шамадан тыс тәуелділік және дербестік пен тәуелсіздіктің болмауы да ықпал етеді.

2. Рөлдік фактор:

жоғарыда аталған мәселені ғылыми зерттеулерде көрсеткендей, кәсіби қажудың дамуына рөлдік қақтығыс пен рөлдік белгісіздік, сондай-ақ қызметкерлердің бірлескен іс-әрекеттері негізінен үйлестірілмеген кәсіби жағдайлар (күш біріктіру жоқ, бірақ бәсекелестік бар) айтарлықтай әсер етеді. Бірақ үлестірілген жауапкершілік жағдайындағы жақсы үйлестірілген, үйлестірілген ұжымдық жұмыс, әлеуметтік-психологиялық қызмет қызметкерін жұмыс жүктемесінің болуы мүмкін екеніне қарамастан, эмоционалды күйіп қалу синдромының дамуынан қорғайды. айтарлықтай жоғары.

3. Ұйымдастырушылық фактор:

Кәсіби қажу синдромның дамуына көп сағаттық жұмыс әсер етеді, бірақ кез келген емес, бірақ белгісіз (анықсыз функционалды міндеттер) немесе тиісті баға алмау. Сонымен қатар, бірнеше рет сынға ұшыраған басқару стилі теріс әсер етеді, онда бастық қызметкерге тәуелсіздік көрсетуге мүмкіндік бермейді («бастама жазаланады» қағидасы бойынша) және сол арқылы оны сезімнен айырады. өз жұмысына жауапкершілік және орындалатын жұмыстың маңыздылығы мен маңыздылығын сезіну[5].

Әрине, мұнда әлеуметтік және мәдени факторлардың әсерін елемеген болмайды. Әртүрлі ғылыми зерттеулерге сәйкес, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында коммуникативті кәсіпте жұмыс істейтін адамдарда эмоционалды қажу деңгейі әрқашан жоғарылайды. Шынында да, қазіргі жағдайлар оларда жағымсыз бағдарламалаудың болуына байланысты депрессиялық факторлар ретінде әрекет етеді.

Жалпы, осы зерттеуімізде дәлелденгендей, психологиялық әдіс- тәсілдердің, психологиялық көмектің нәтижесінде жоғарыда аталған «кәсіби қажудың» алдын - алуға болатынына көз жеткізу өте маңызды деп білеміз.

Әдебиеттер:

1. Бойко В.В. Энергия эмоций в общении: взгляд на себя и других. М.: Информац. Изд. Дом Фелин, 1996. – 256 с.
2. Гнездилов А.В. Психология и психотерапия потерь. СПб.:Издательство «Речь». 2004. – 162 с.
3. Зборовская И.В. Саморегуляция психической устойчивости учителя // Прикладная психология. 2001, № 6, С.55-65.
4. Ларенцова Л.И. Изучение синдрома эмоционального выгорания у врачей-стоматологов // Клиническая стоматология, 2003, №4, С.82-86.
5. Ларенцова Л.И., Максимовский Ю.М., Соколова Ю.Д. Синдром «эмоционального выгорания» у врачей стоматологов // Новая стоматология, 2002, № 2, С.97-99.

Аятаева С. М.

ОП-19-1к мамандығының студенті, Caspian University

Ғылыми жетекшісі: Бейсенова Ж.Ж., псих.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ КӘСІБИ ІС - ӘРЕКЕТТЕ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ

Аңдатпа. Мақалада өзін-өзі бағалаудың кәсіби қызметтің табыс деңгейіне әсерін зерттеуге арналған. Бұл жұмыстың мақсаты - өзін-өзі бағалаудың кәсіби нәтижеге қалай әсер ететінін анықтау. Зерттеу әдістері – теориялық талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, ғылыми зерттеу материалдары. Нәтижелер – теориялық зерттеулерді талдау өзін-өзі бағалаудың кәсіби іс-әрекетке өте күшті әсер ететінін және адамның одан әрі мансабы оның түрлеріне байланысты екенін көрсетті.

Түйін сөздер: Өзін-өзі бағалау, кәсіби іс - әрекет, кәсіби жетістікке жету, жетістікке жету мотивациясы.

«Өзіндік бағалау» ұғымы психологияда фундаменттік ұғымдардың бірі, өзіндік бағалаудың даму шарты, мазмұны, анықтамасы жайлы бірыңғай ықпалдар әлі де қалыптаспаған. Өзіндік бағалау – жеке бастық қатынастардың өмірлік құрылымдарын таратудағы белсенділікті шарттандыратын тұлғаның сипаттамасы[1].

Зерттеудің негізгі мәселесіне тоқталу үшін ең алдымен өзіндік бағалаудың теориялық зерттеулеріне талдау жасаймыз.

Тұлғаның өзіндік бағалау ерекшеліктерін қарастырған жұмыстарда тұлғаның әртүрлі даму жақтары нақты қарастырылған[1].

Өзіндік бағалауды адамның мінез-құлқын реттеуші, жеке бастық феномен ретінде сипатталған көптеген эксперименттік жұмыстар да бар.

А.Г. Спиркиннің пікірінше өзіндік бағалаусыз өмірде өз орнында анықтау қиын және тіпті мүмкін емес[2]. В.Ф. Сафин өзіндік бағалауды тұлғаның өзіндік анықталудағы екі механизмнің бірі деп көрсетеді[3]. Өзіндік бағалаудың регулятивті функциясы көптеген жағдайларды анықтады, мәселен оның оқу іс-әрекетімен байланыстылығы Т.Ю Андрущенко, М.Э. Боцманова, Л.В. Берцфаи, А.В. Захарова; топ аралық қатынастардағы әсері М.И. Боришевский, С.Д. Максименко, С.И. Будасси; мінез-құлықтағы В.В. Столин және т.б. рөлі жайындағы зерттеулерді айтуға болады[1].

Л.В.Бороздинаның пікірінше өзін-өзі бағалау өзіндік сананың құрылымы ретінде тұлғаның өзін-өзі нақтыланған қасиеттерін немесе өзінің жеке потенциалын бағалауы дейді[4].

Батыс Еуропа және американдық психологтар өзін-өзі бағалауды қоршаған ортада бағдарлануды қамтамасыз ететін және өзінің ішкі талаптарын сыртқы жағдайлармен үйлестіретін механизм ретінде қарастырады. Бұл жағдайда әлеуметтік орта адам үшін, оның қажеттіліктері мен ұмтылыстарына қарсы күш ретінде түсіндіріледі. Бұл көзқарасты ұстанушылар З. Фрейд және неофрейдистер К. Хорни, Э. Фромм болды. Аталмыш ғалымдар тұлғаның өзін-өзі бағалауы ішкі қозулар мен сыртқы тыйымдар арасында әрдайым шиеленістер туындатады деп есептеді. Адекватты өзін-өзі бағалаудың болуы мүмкін емес деді [5,6,7].

Адекватты өзіндік бағалау арқылы адамның өз жетістіктерін шынайы бағалауы негізінде өнегелік даму жүзеге асады. Жасөспірімдерде өзіндік бағалаудың қалыптасу процесіне оқу іс-әрекетіне берілген бағалау, жеке бастық сапалар, мінез-құлық шешуші рөл атқарады.

Өзіндік бағалауды түсіндіруде К. Левин мотивтер, қызығушылықтар, талаптану деңгейі және олардың динамикалық арақатынасын қарастырды. Осы орайда, түрлі тапсырмаларды орындаудағы жетістіктер мен сәтсіздіктерге, талаптану деңгейіне, шағын топтардағы статуска өзін-өзі бағалаудың тәуелділігі туралы фактілер анықтала бастады[8].

Қазіргі таңда кеңес психология ғылымында өзін-өзі бағалау теориялық-эмпирикалық деңгейде терең зерттелген.

Өзіндік бағалау тұлға қалыптасуының іргетасы оның рухани жан-дүниесі, әлеуметтік жауапкершілігі, өзіндік бағалау деңгейіне байланысты. И. А. Абеуова және И. С. Ташиева пікірі бойынша, өзіндік бағалау – өз қабілетінді, психологиялық сапалар мен әрекетінді, өмірлік

мақсаттар мен оған жету мүмкіндігінді, басқа адамдар арасындағы өз орнынды бағалауға мүмкіндік береді[9, 423б].

Өзіндік бағалау – еңбектің, танымның және қарым-қатынастың күрделі өнімі. Мұның негізінде тұлға өз мінез-құлығы мен әрекетін, сондай-ақ айналасындағылармен мақсатқа бағытты қатынасын ұйымдастырады.

Кез-келген психологиялық зерттеуге жүйелі түрде талдау жасап қарастыратын болсақ, тұлға өмірінде өзіндік бағалаудың маңыздылығы айқын көрінеді. Себебі, өмірлік мақсаттар қою, оған жету жолдарын қарастыру әрбір тұлғаның өзіне деген қатынасы арқылы айқындалады.

Альбуханова-Славская К.А. өзіндік бағалауды тұлғада өзін құрметтеу, өзін қабылдау, яғни «Мен» аумағы енетін өзіне деген қандай да бір позитивті қатынастың туындауы болып табылады[10].

Өзіндік бағалау тұлға дамуы барысында құрылады. Біртіндеп әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесінде қайта құрылып, тұлғаның өзіндік санасын қалыптастыра отырып, оның құрамына кіреді. Өзін-өзі бағалау өзіндік санада көрінеді. Тұлғаның өзіндік санасы негізінде қоғамдық сана қалыптасады.

Сондай-ақ, өзіндік бағалау әлеуметтік ортада өзара әрекеттесу негізінде қалыптастыңдығын тұжырымдайтын зерттеулер де белгілі. Яғни, тұлға өзін қоршаған адамдармен өзара әрекеттесе отырып, өз орнын анықтайды да, соның негізінде өзіндік бағалау қалыптасады.

Өзіндік бағалау тұлға психикасының жеткілікті деңгейдегі күрделі құрылымы. Ол күрделі кезеңдерде және тұлға қалыптасуының әртүрлі деңгейінде болатын өзіндік сана процесінің жалпыланған жұмысы негізінде туындайды. Сондықтан да өзіндік бағалау әрдайым өзгереді және өзіндік кемелденеді. Өзіндік бағалауды анықтау процесі шексіз, себебі, тұлға әрдайым дамиды, мұнан оның өзі туралы пікірлері өзгереді.

Өзіндік бағалау табиғаты бойынша күрделі құрылым және ол жүйелі болып келеді. Ол тұтас, сонымен қатар, көп аспектілі, көпдеңгейлі және иерархиялық құрылымға ие. Өзіндік бағалау басқа да психологиялық құрылымдармен, іс-әрекеттің әр түрімен, қарым-қатынас формалары және деңгейлерімен, тұлғаның когнитивті, рухани және эмоциялық дамуымен көптеген жүйе астары байланыстарға қосылған.

Өзіндік бағалау жүйелік құрылым бола отырып, құрылымдық-динамикалық модельге ие. Өзіндік бағалау танымның ерекше объектісі ретінде тұлғаның өзін-өзі бейнелеу формасын, құндылықтарды қабылдауын, жекелік мазмұндарды, мінез-құлықтың қоғамдық талаптарға бағдарлануын, сондай-ақ, сыртқы дүниені жанама тану, субъектінің онымен белсенді өзара әрекеттестігін білдіреді.

Өзіндік бағалау компоненті екі құрылымды білдіреді: 1) когнитивті және 2) эмоциялық. Когнитивті құрылым тұлғаның өзін танып білуі болса, эмоциялық құрылым – бұл өзіне деген қатынасы.

Тұлғада адекватты өзіндік бағалау қалыптасуы үйлесімді даму үшін өте маңызды деген көзқарасты ұстанатын да зерттеулер бар. Яғни, өз қабілеттерін, түрлі аумақта өз мақсатына жету деңгейін шынайы көру және бағалай алу ептілігі болып табылады[10].

Өзіндік бағалау – бұл тұлғаның өзін-өзі, өз мүмкіндіктерін, қасиеттерін және баса адамдар арасында орнын бағалауы. Тұлғаның мінез-құлығы өзіндік бағалау арқылы реттеледі, ал өзіндік бағалау айналадағы адамдармен қарым-қатынас барысында қалыптасады. Жаңа бағалауларға ие болу, алғашқылардың мағынасын өзгертуі мүмкін. Көптеген ғалымдар өзіндік бағалауды түсіну үшін үш сипатты ерекше бөліп көрсеткен. Біріншіден, өзіндік бағалау қалыптасуы үшін шынайы Мен-бейнесінің идеалды Мен - бейнесімен салыстырылуы ерекше рөлге ие. Екінші фактор, сол адамға әлеуметтік реакцияның интериоризациясымен байланысты. Үшінші фактор, тұлға өз іс-әрекетінің жетістігін және ұқсастыру көлеңкесі арқылы оның көріністерін бағалайды.

Өзіндік бағалауды анықтау процесі шексіз болып келеді. Себебі, тұлға үнемі даму үстінде. Соның негізінде тұлғаның өзі туралы пікірлері өзгереді.

Көптеген зерттеулер негізінде алынған нәтижелер бойынша адам іс-әрекетінің жетістігі, адам бойындағы қабілеттерден гөрі, сол қабілеттер жөніндегі пікіріне тәуелді болып келеді.

Тұлғаның психикалық өмірінде өзіндік бағалаудың негізгі функциясы мінез-құлық және іс-әрекетті реттеудің қажетті ішкі жағдайы болып табылады. Тұлға өзіндік бағалау арқылы

мүмкіндіктерін саралап, өз іс-әрекетін соған қарай икемдейді.

Шетел психологы У. Джеймс ең алғаш өзіндік бағалаудың эмоциялық компонентін ажыратты. Яғни, тұлғаның талаптану дегейімен байланысты өзіндік құрмет. Мұның мәні тұлғаның өзі туралы білімдерінің қалыптасуы оның өзгені тануына тәуелді. Ол «Мен» құрамын үшке бөлді: рухани «Мен», физикалық «Мен» және әлеуметтік «Мен»[11].

Автордың бөлген «Мен» құрамы өзіндік бағалауда әртүрлі деңгейде көрініс береді. Және тұлға қажеттілігін қанағаттандыруда түрліше функционалданады.

Автордың зерттеулерінде өзін-өзі бағалау формасы анықталды. Бұл формула бойынша тұлға жеткен жетістіктер талаптану деңгейімен салыстырылады. Мұны былай көрсеткен:

жетістіктер

Өзін-өзі бағалау = -----

Талаптану деңгейі

Жетістікке жету жағдайында талаптану деңгейі әдетте жоғарылайды, тұлға күрделі тапсырмаларды орындауға дайын екендігін көрсетеді, керісінше сәтсіздікке ұшырағанда қатысты жағдай төмендейді.

Мұндай жағдайлар тұлғаның өзіндік бағалауы қалыптасуында басты мәселелердің бірі болып табылады. Автор пікірімен келісуге болады, бірақ тұлғаның даралық психологиялық ерекшеліктері де белгілі бір дәрежеде рөлге ие екендігін ескеру керек.

Теориялық тұжырымдарды нақтылау мақсатында тұлғаның жетістікке жету мотивациясын айқындау арқылы олардың өз мамандығына деген сенімділігін нақтылау мақсатында жетістікке жету ынтасын анықтайтын «Тұлғаның жетістікке жету мотивациясын анықтайтын» әдістемесі әдістемесі жүргізілді.

Нарық жағдайында тұлғаның өзін-өзі бағалауы оның кәсіби жетістікке жетуге деген ұмытылысынан байқауға болады. Мұндай ерекшеліктерінің бірі олар мамандықты меңгерумен бірге осы салада жетістікке жетуді де мақсат етеді. Осыны дәлелдеу мақсатында біз сыналұшылардың жетістікке жету мотивация деңгейін анықтауға арналған жетістікке жету ынтасының деңгейін анықтауға арналған әдістеме жүргізілді.

Бұл әдістеме тұлғаның екі түрін диагностикалауға арналған: жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу, екеуінің қайсысы доминатты екені анықталады. Бұл әдістеме А. Мехрабинаның тест сауалнамасының жаңаланған формасы болып табылады. Ерлерге арналған (А) және әйелдерге арналған (Б) формалары бар. А формасы 32 сұрақтан, Б формасы 30 сұрақтан тұрады.

Жетістікке жету ынтасы-нәтижелерді жақсартуға ұмтылыс, қолы жеткенге қанағаттанбау, өзінің мақсатына жетудегі табандылық, қандай жағдайда болмасын, өз деңгейіне жетуге ұмтылыс-тұлғаның бүкіл өміріне әсер ететін тұлғаның кәсіби сапаларының бірі болып табылады.

Көптеген зерттеулер жетістікке жету мотивациясының деңгейі мен өзін-өзі бағалауының арасында тығыз байланыстың бар екендігін көрсетеді және бұл кездейсоқтық емес, себебі осы мотивацияның жоғарғы деңгейіне тән тұлғаның-жетістік жағдайларын іздейтіні, өз жетістіктері туралы ойлауға ақпарат іздейтіні, өз ісінің нәтижесіне сенімді болатыны, өзінің жауапкершілік алуға дайын болатыны, белгісіз, анық емес жағдайларда шешімді болатыны, қызықты міндеттерді шешуден ләззат алатыны, бәсекелестік жағдайда өзін жоғалтпайтыны, мақсатқа ұмтылуда табандылық танытатыны және кедіргілерге кездескенде үлкен қайсарлық көрсететіні дәлелденген.


Сәтсіздіктен қашу мотивациясы-керісінше белгілі мөлшерде тұлғаға өмірде белсенді болуына, мақсатқа жетуде табанды болуына, болашағына сеніммен қарауына, позитивті көзқарас ұстанымына кедіргі келтіреді.

Тұлғада мотивацияның аталған екі түрінің қайсысы басым екенін осы әдістеме арқылы анықтауға болады.

Сомалық балды санау негізінде зерттелінушіде қандай мотивациялық тенденция доминантты екендігі анықталады. Зерттеу тобындағы барлық зерттелінушілердің балдары рангленеді және екі нақты топ бөлінеді: зерттеу тобының жоғарғы 27%-ы жетістікке ұмтылыс мотивациясымен сипатталады, ал төменгі 27%-ы-сәтсіздіктен қашу мотивациясымен сипатталады.

Міне осы әдістеме арқылы білім алушылардың жетістікке жету мотивациясының типі

анықталады.



1- сурет. Жетістікке жету мотивациясы

Бұл әдістеме бойынша алынған нәтижелер төмендегідей болды.

Сонымен диаграммадан көріп отырғанымыздай, білім алушылардың жетістікке жету мотивациясы сәтсіздіктен қашу мотивациясымен салыстырғанда жоғары. Ал енді көрсеткіштері әр мотивация түрі бойынша жеке – жеке қарастырайық. Білім алушылардың жетістікке жету мотивациясының пайыздық көрсеткіші - 64%, яғни зерттелген 80 білім алушылардың 59-ында жетістікке жету мотивациясы жақсы дамыған, ал сәтсіздіктен қашу мотивациясы 36%-ты құрайды, яғни қалған 21 білім алушылардың кәсіби іс - әрекетінде сәтсіздіктен қашу мотивациясы маңызды орын алады екен.

Демек, білім алушылардың ынталанудың көрсеткіштерінің жоғары болуы, олардың өзін-өзі адекватты бағалайтыны анықталды.

Әдебиеттер

1. Бейсенова Ж.Ж. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу. Автореферат. Алматы, 2004 ж.
2. <http://gopsy.ru/lichnost/vidy-samoocenki.html>
3. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Самооценка>
4. Квинн Вирджиния Н. Прикладная психология. - С-Пб., М., Харьков, Минск: Питер, 2000г., 560 с
5. Шибутани Т.. Я - концепция и чувство собственного достоинства. Самосознание и защитные механизмы личности. Самара. Изд. Дом «Бахрах», 2003г.
6. Коломинский Я. П.. Самооценка: Стабильность или изменчивость? // Психология. Журнал Высшей школы экономики [Текст] / О. Н. Молчанова, 2006, Т. 3, № 2. - С. 23-51.
7. https://spravochnick.ru/psihologiya/vliyanie_samoocenki_na_ushpeshnost_professionalnoy_deyatelnosti/?ysclid=lhjrub1d2572769810
8. Левин. К. Определение понятия «поле в данный момент» / Хрест. по истории психологии: Период открытого кризиса. Начало 10-х – середина – 30-х годов XX в. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1980. – С. 131-145.
9. Абеуова И. А., Тациева И. С. Самооценка и ее влияние на трудности в общении. Международная научно-практическая конференция. – Алматы, 2003. - 423 с.
10. Альбуханова-Славская К.А. Личность в процессе деятельности // Психология личности // т. 2// Хрестоматия.- Самара: Изд. Дом «Бахрах», 1999г., с.240.
11. Джеймс У. Психология / под ред. Л. А. Петровской. – М.: Педагогика, 1991. – С. – 368.

Жусупекова Ә. Ж.
ОП-19-1к мамандығының студенті, Caspian University
Ғылыми жетекшісі: Бейсенова Ж.Ж., псих.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ИНТЕРНЕТКЕ ТӘУЕЛДІ ЖАСӨСПІМДЕРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада интернетке тәуелді жасөспірімдердегі психологиялық қолдау көрсету мәселесі қарастырылған. Зерттеу нәтижелері интернет-тәуелділік, девиантты мінез-құлыққа бейімділік, аддиктивті мінез-құлыққа бейімділік ұғымдарын қарастыруға және өзара байланыстыруға, жасөспірімдердегі интернет-тәуелділік көрінісінің ерекше белгілері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігінің алдын алу жолдары туралы мәселе көтеріледі.*

***Түйін сөздер:** жасөспірімдік шақ, интернетке тәуелділік, девиантты мінез-құлық, тәуелді мінез-құлық, интернетке тәуелділікті зерттеу, психологиялық қолдау.*

Қазіргі кезде жасөспірімдерге жаңа заманғы жеке өздерінің компьютерлері зиянды қауіп төндіріп отыр. Жасөспірімдер әртүрлі көптеген компьютерлік ойындарға өзінің бос уақытының бәрін дерлік арнайды. Он бес жыл бойы фантазиядағы (ойындағы) және шынайы өмірдегі жауыздықтың арасында тығыз себеп-салдарлық байланысы бар ма деген пікір таластар жүруде. Алайда, психологияда компьютерлік ойындарға бейімділіктің, агрессивтіліктің жеке тұлғалық қасиет ретінде қалыптасуына ықпалы аз зерттелінген.

Бүгінгі күні білім беру саласын компьютерсіз елестету мүмкін емес. Балалар бұл күрделі техниканы жылдам және үздік меңгеруде. Меңгеру барысында мектеп оқушыларының логикалық ойлау қабілеті жылдамдап, өзіне тиісті қызметтерді жетік жоспарлайды және өмірге икемді келеді.

Компьютермен айналысу бала үшін пайдалы болғанымен, ұзақ уақыт экран алдында отыру жүйке жүйесіне күш түсіреді, ұйқысы бұзылады, психикалық реакциялар пайда болуы мүмкін, арқасы, мойын еттерінің ауыруы байқалады.

Ал, компьютер ойындары балалар үшін оқу тапсырмаларынан гөрі ауыр. Әр түрлі ойындар реакция жылдамдығын қажет етеді. Олар балаға түрлі оқиғаның ішінде жүргендей сезінуге мүмкіндік береді, көптеген балалар ойынның виртуальды әлеміне кіріп, жарысу кезеңдерін бастан өткізіп, жеңуге ұмтылумен сағаттар бойы отыруға дайын. Компьютерлік ойындардағы зорлық-зомбылық көріністері және соның салдарынан пайда болатын агрессивті фантазиялар жеткіншектерге де, қоғамға да қауіп төндіріп тұр. Жеткіншектер виртуалдық әлемде рұқсат етілетін жауыздық қимыл, іс-әрекеттерді ойынның мақсатына жету үшін қолдануға әдеттеніп, шынайы өмірде де өз көргендерін іс жүзінде асыруға, бірте-бірте өз мәселелерін шешетін әмбебап құрал ретінде қолдануға болады деген ұстанымның қалыптасуы мүмкіндігі бар. Психологтар, мұндай ойындар баланың психологиясын бұзады деп қатаң ескерту жасауда. Ойынға берілген бала мінез – құлқында өктемдік, аямаушылық, ойланбаушылық, белең алады екен. Өкінішке орай, бізде ойды дамытатын, білім үйрететін бағдарламалар саны шектеулі, таңдап, талғап пайдалануға мүмкіндік жоқ.

Теледидардағы қорқынышты фильмдер, компьютерлік ойындардағы күштеу элементтерінің ықпалы туралы мәселе де әлі шешілмеген. Бірақ агрессиялық мінез-құлық табиғаты біршама зерттелді. Сол себепті агрессияны зерттеу бағытының негізгі теорияларын көрсетуге болады. Атап айтсақ, инстинкт теориясы (З.Фрейд), агрессияның фрустрация теориясы (Дж. Доллард), когнитивті теория (З. Берковитц) және әлеуметтік үйрену теориясы (А.Бандура) [1]. Агрессиялық мінез-құлықты зерттеу мәселесі төңірегіндегі бұл теориялар бір-бірінен агрессиялық мінез-құлықтың дамуы мен қалыптасуын түрліше түсіндірумен ерекшеленеді. Соңғы көрсетілген теориялар реті адамның агрессиялық мінез-құлықтың тоқтату мен бақылаудың барынша көп мүмкіндігін туғызады. Агрессияның әлеуметтік үйрену теориясы әлеуметтену процесінде меңгерілген жағымсыз мінез-құлық моделін көрсетеді. Мысалы, кіші жасөспірім жастағы балалар басқа балалармен өзара әрекеттестікке және өзара қатынас барысында түрлі мінез-құлық модельдерін меңгереді.

Мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқушылыққа себепші индивидтік, жеке-даралық, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық факторлардың жүйелі

талдануының жүргізілуі, ауытқушылықтан сақтандыратын тәрбиелік-сауықтырушы жұмыс та толық үздіксіз жүргізілуі керек. Сондықтан жеткіншектегі ерте қалыптасқан мінез-құлықтық мәселесі, оның қалыптасуының сипаттамасын жүйелі талдау және үздіксіз адекватты тәрбиелік-түзетуші жұмыс баланың жағымсыз әлеуметтенуіндегі агрессиялық мінез-құлықтан сақтап қалудың сәті болып табылады.

Біздің балаларға компьютерленген қоғамда өмір сүруге тура келеді, сондықтан оларды компьютермен айналысуда сауатты болуды үйретумен бірге денсаулығына зиян келтірмейтін жағын да үйреткеніміз абзал.

Ғылыми – техникалық әлемнің дамуына байланысты жеке тұлғаның өмір сүруіне жаңа әлеуметтік талаптар қойыла бастайды. Ойын-сауық индустриясының жаңа түрі - компьютерлік ойындардың пайда болуы жеке тұлғаға, оның ерекшеліктеріне жаңа зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

80-жылдардан бастап компьютерлік ойындар Батыс елдерінің тұрғындарының көпшілігін, соның ішінде жастар мен жеткіншектердің санасын жаулап алған ойын-сауық индустриясына айнала бастады. Бұл жаңа қызығушылық екі жақты бағаланды: бір жағынан, қоғамның компьютерді қолдану мүмкіндіктеріне ие болып өз жұмыстарын жеңілдетіп, соған таңдана қараса; ал екінші жағынан көптеген бұқаралық ақпараттарда тұтастай компьютердің өзін және компьютерлік ойындардың балалардың психикасына қауіпті әсері жайлы көптеген мәліметтер жарияланып жүр.

Компьютерлік ойындардың баланың агрессивті мінез-құлқына ықпалын анықтау үшін, бірінші кезекте, компьютерлік ойындардың шығу тарихына тоқталып кетейік.

XX ғасырдың 20-жылдары Массачусет Технологиясында (атақты MIT) мейнфреймерлердің бірінде ең алғашқы «Space war» («Ғарыш соғысы») деп аталатын компьютерлік ойын дүниеге келді. Бұл жаңалықтан халықтың көпшілігі хабарсыз еді, өйткені ол кездері компьютерлік ойындар қымбат ойын-сауықтардың бірі еді. Бірақ-та, бұл жағдай ойынды құрастырған нағыз программистер үшін кедергі емес еді, олар өздері үшін ойын жасап, өздері ойнады.

Ойынның мақсаты қарапайымдау еді: экранда екі кеме ұшып жүріп бір-біріне оқ атады. Осылайша дүниедегі ең бірінші жанр – аркада пайда болды. «Аркада» ұғымы архитектуралық салаға байланысты шыққан, яғни жабық коридорда орналасқан ойын автоматтары тұрған жерді осылайша атаған. Бұл атау «Space war-дан» кейін, 10 жылдан соң пайда болған.

1971 жылы Нолан Башнелл тұңғыш рет коммерциялық аркада ойындарын шығарды әрі сата бастады. Бұл ойынның негізінде сол баяғы «Space war», дәл сол векторлық графика және ойын желісі, тек супер компьютерді көлемі шағымдау, әрі бағасы да арзандау темір жәшік алмастырған еді.

Өкінешке орай, ең алғашқы Ноланның ісі жүзеге аспай, сәтсіздікке ұшырады. Нарық мұндай күрделі ойындар үшін әлі жетілмеген еді.

Алайда, Нолан бұл сәтсіздікке қарамастан, 1972 жылы компаниясының атын «Atari» деп өзгертіп, коммерциялық ойындар дәуірін бастаған «эпохалық ойындарды» ойлап шығарды. Атақты «Pong»- қарапайым аркада ойыны, мұнда екі адам не болмаса адам мен компьютер басқаратын екі тарелка допты тартып алып, өздерінің ойын алаңдарында ұзақ уақыт ұстап тұру қажет. Бұл ойын қазірдің өзінде де ойыншылардың арасында өз атағын жоғалтпаған.

Кейіннен «эпохалық» ойындарға жатпайтын, бірақ-та көпшілікке белгілі «Magnox» шығарған - «Odyssey», «Kee» құрастырған - «Tank» ойындары пайда болды.

Шексіз аркада ойындарының басшылығы жетпісінші жылдарыдың ортасында аяқталды. Вильям Кроутердің басшылығымен бір топ программистер «Adventure» деп талатын ең алқашқы мәтіндік «кезбе» ойынын құрастырыра отырып, adventure жанрының негізін салды[2].

Қазіргі кезде Taito фирмасының «Arcanoid» деп танылып жүрген ойын- .

«Breakout», Стив Джобс пен Стив Возняк ойлап шығарды.

Бір жылдан соң, 1977 жылы «Atari» 2600 VCS шығарды, бірнеше ойындардан тұратын ойын қосымшалары. Қазіргі кездегі техникалық сипаттамалармен салыстырып қарасақ тек күліп қана қоясыз, ал сол кезде 2 килобайт ПЗУ және 128 байт ОЗУ үлкен коммерциялық табысты қамтамасыз ете алатын еді[2].

Ал одан кейін ойын өнеркәсібі, тау шындарындағы қар тасқыны секілді, жылдамдықпен

бет ала бастады. 1977 «Apple» фирмасы «Apple II» сата бастады, 1978 жылы атақты «Space Invaders» сол бұрынғы «Taito» фирмасында жасап шығарылды, ал 1979 «Atari» өңдеушілері «Activision» фирмасының негізін қалады. Сол кездері 8 биттік процессор қолданылған «Atari 800» дүниеге келді.

80-жылдардың басында-ақ компьютерлік ойындар кезеңі шындап әрі ұзаққа уақытқа келгенін байқатты.

Жалпы бәйгеге қосылған «Phillips» фирмасы «Odyssey2» ойынын шығарады, «Mattel» графикасы жақсы, бірақ басқару құрылғысы нашар «Intellivision» ойынын шығарады, «Namco» ешқандай өзгеріссіз біздің бүгінгі күнге дейін жеткен: қазіргі кезде де түрлі платформаларда және түрлерде қолданылатын «Pac-Man» ойынын құрастырды.

Бұл жылдары ойын өнеркәсібі үлкен табыстарға жетті: бір миллиард доллар (бүгінгі күнде екі жарым миллиард доллар) [2].

«Atari» бір орында тұрмады және «Asteroids» ойынын шығарды, басқа жанрларда да тоқырау болған жоқ, шытырман ойындарда классикалық мәтіндік квест «Infocom-ның» «Zork» деп аталатын ойыны қолданысқа енгізілді, «Ultima» сериясының бірінші ойыны да сол 80-жылдары шыққан.

Келесі жылы бұдан да үлкен жетістіктерге жетті. Ойындар бірінен соң бірі шығып жатты: «Donkey Kong» «Nintendo-ның», «Galaxian», «Centipede», «Tempest», «Pac-Man-ның әпкесі» - «Ms.Pac-Man».

1981 жылы дүниені дүрсілкіндірген оқиға болды: IBM бірінші рет IBM PC ұсынды.

Осыған байланысты тек үйдегі компьютерлерге арналып: «Sierra On-Line», «Broderbund», «BudgeCo», «Electronic Arts» фирмалары ашыла бастады.

Осылайша, уақыт өте берді. Бірте-бірте компьютердің әдемі әрі сапалы жаңа түрлері және ойындардың түрлі жанрларына қатысты жаңа ойындар шығарылып жатты. Мультиплеерлер, Internet байланысы, Online әлемі пайда болды және де осы жаңалықтың бәрін де қазіргі қоғамда қолдануға барлық мүмкіндіктер бар.

70-жылдардың басында-ақ ата-аналар мен тәрбиешілер қауымы өз балаларының әскери ойыншықтармен ойнай бастағанына алаңдай бастады. Одан соң әскери ойындары бар ойын залдарына бару күннен - күнге артқан сайын балаларының бұл қызығушылығына да қауіптеніп қарай бастады. Ал қазіргі күнде жеткіншектердің сана-сезімі мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін зұлымдық пен қастықтың көзі деп өз үйлеріндегі жеке компьютерлеріндегі соғыс тақырыбындағы компьютерлік ойындар деп санап отыр[3].

Ж.У Рожж айтуы бойынша (1984) әскери ойыншықтар мен әскери видео ойындарға қызығушылық осы ойынды шынайы өмірде жүзеге асыруға алып келеді[4].

С.А.Заворажиннің пікірі бойынша жеткіншектердің зорлық-зомбылық көріністерге толы компьютерлік ойындарға әуестенуі нормативтік мағынаға ие. Біріншіден, өзі көргеніне қайғырып-қамығу, жаны ашу процесі жеткіншектің өз өміріндегі жиналып қалған агрессивтілікті, бейсана қорқынышты, мазасыздануды бәсеңдетумен бірге қатар жүреді. Екіншіден, зорлық-зомбылық көріністерін экраннан көре отырып іштей өз фантазиясында кейіпкермен бір күйде болып, қиындықтарды бірге жеңу, жеткіншек жастағы баланың қалыптасып келе жатқан Мен-концепциясының «соққыға қарсы тұра білетіндігін», яғни төзімділігін, шыдамдылығын тексеретін қазіргі кездегі тәсілдең бірі. Бұл қарсы тұра білушілік қасиеті жеткіншектерге жеткіншек шақтағы популяция стандартына тұтастай сәйкес келуіне өз септігін тигізеді[5].

Сонда да зорлық-зомбылық көріністері және соның салдарынан пайда болатын агрессивті фантазиялар жеткіншектерге де, қоғамға да қауіп төндіріп тұр. Жеткіншектер виртуалдық әлемде рұқсат етілетін жауыздық қимыл, іс-әрекеттерді ойынның мақсатына жету үшін қолдануға әдеттеніп, шынайы өмірде де өз көргендерін іс жүзінде асыруға, бірте-бірте өз мәселелерін шешетін әмбебап құрал ретінде қолдануға болады деген ұстанымның қалыптасу мүмкіндігі бар. Лукештің айтуынша [6] 13 пен 16 жас аралығындағы жеткіншектер бір рет болсын компьютерлік ойындарды ойнап көрген. Сауанаманың нәтижесі бойынша жауап бергендердің жартысына жуығы өте аз ойнайды (айына бір рет ойнайды) және тек қана 6%-ға жуығы күн сайын бос уақытын компьютердің алдында өткізеді екен. Көптеген ойыншылар (81,1%) ойынға 1 сағат уақытын жұмсайды екен. Осыған ұқсас мәліметтер тағы да басқа аторлардың зерттеулерінде де алынған. Шпанхель бойынша «құмарпаз» ойыншылардың пайызы 10 - 14-тен

жоғары. Ұл балалар қыздарға қарағанда компьютерлік ойындарды жиі ойнайды: ойынның жиілігі мен ұзақтығы жасы келе және ойыншының білім деңгейінің жоғарылауына байланысты төмендейді. Ал ұлттық ерекшеліктеріне қарайтын болсақ компьютерлік ойындарды хобби ретінде қазіргі езде тек американдықтар мен немістер арасында салыстыру жүргізуге болады: неміс ойыншылары американдықтарға қарағанда анағұрлым аз ойнайды.

Функ 357 жеткіншектерге сауална мажүргізу барысында мынадай мәліметтер алған, қыздардың үштен екісі компьютерлік ойындармен ойнайды және аптасына аз дегенде 2 сағат жұмсайды; ал ұл балалар арасында «ойыншылар» пайызы 90%-дан жоғары. Сонымен қатар ұл балалар компьютерлік ойындарға қыздарға қарағанда 2 есе көп уақыт жұмсайды.

Көп таралған ойындар ретінде «ең соңғы» деп аталатын компьютерлік ойындар, екінші орында шапшаңдық арналған ойындар және спорттық ойындардың компьютерлік нұсқалары; ал логикалық ойындар алдыңғы ойындарға қарағанда аз таралған. Илга мен Маркеттің пікірінше [7] бірінші орында шапшаңдыққа арналған компьютерлік ойындар, ал спорттық, логикалық, «жауынгерлік», «ұрыс-тартыс» ойындары артта қалып қояды. Қауіпті белгі ретінде агрессиялық мазмұндағы ойындардың таралуы, сонымен қатар , порнографияны, күштеп-зорлауды, нәсілшілдікті насихаттайтын ойындар болып отыр. Германияда 1994 жылы осындай ойындар Жастар ісі жөніндегі Министрлігіндегі бюллетеньде 214 ойынға жеткен.

Осы тектес және басқа да ойындардың кең таралуы жеткіншектердің осы ойындарды таңдауымен тығыз байланысты. Ең жоғарғы рейтингте жылдамдықты талап ететін ойындар мен спорттық ойындардың компьютерлік нұсқасы алып тұр, сонымен қатар, күштеп-зорлау, жауыздық элементтері бар ойындар; ең төменгі рейтингті порнографиялық ойындар алып отыр. Лукештің жұмысында ең сүйікті ойындар ретінде лабиринт бойынша саяхаттау, кейінгі кезекте «тіршілік үшін күрес» ойындары және футуристикалық ойындар.

Ойынды таңдауда нақты жыныстық айырмашылықтар байқалған, мәселен, ұл балалар күрес немесе жарыспен байланысты ойындарды жоғары бағалайды, келесі орында лездікке, жылдамдыққа арналған ойындар («Аркада»), «Стратегия» тәрізді ойындар; соңғы орында аз ойналатын – логикалық ойындар алады. Ал қыздарға ең бірінші кезекте шапшаңдықты талап ететін компьютерлік ойындар; сонан соң – логикалық, шытырман-ойындар; ал «Стратегия» тәрізді ойындарды қыз балалар сирек ойнайды екен. Функтың айтуы бойынша [8], «Аркада» ойынын суалнамаға қатысушылардың 20% қыздар мен 50% ұлдар таңдаған. Ұл балалар қыздарға қарағанда «агрессивті» ойындарды ұнатады деген тұжырым толық дәлелденбеген. Бірақ-та көптеген таңдамалы ойындар дәстүрлі түрде «ер жігіттік» болып саналатын ойындардың сапаларын талап етеді.

Кейбір мәліметтер бойынша мынадай гипотеза құруға болады. Жеткіншектердің компьютерлік ойындарды хобби ретінде таңдауы көбіне ата-ана позициясына байланысты. Мәселен, компьютермен көп ойнатын жеткіншектердің ата-аналарының білім деңгейі жоғары, ал хоббидің басқа түрлеріне әуестенетін балалардың ата-аналарының білім деңгейі алдыңғыарға қарағанда төмен. Мүмкін, жоғары білімді ата-аналар баланың интеллектуалдық дамуында компьютердің ролін жоғары бағалап осы хоббидің түрімен айналысуға қолайлы жағдай жасайтын шығар.

Компьютерлік ойындарға көп уақыт жұмсайтын жасөспірімдердің жекелік ерекшеліктерін анықтауға бірнеше зерттеулер жүргізілген [9].

9 жас пен 16 жас аралығындағы балаларға жүргізілген 5 айлық лонгитюдты зерттеудің нәтижесі ерше назар аударарлық. Оның нәтижесі бойынша компьютерлік ойындар қызығушылықтар құрылымына енгізу нәтижесінде бала өз қызығушылықтарын өзгертіп және оны қарқынды түрде айналысуы тек бірнеше апталарға созылады. Үш айдың ішінде көптеген қолданушылар өздерінің алдыңғы хоби құрылымын қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Ахрямкина Т. А. Зависимое поведение: теория и практика. - Самара: СФ МГП, 2008. - 96.
2. Войскунский, А. Е. Исследования Интернета в психологии /М. И. Семенов. - М. -Интернет и российское общество. -2002. -573 с.-ISBN 5-876-86-948
3. Иванов М. С. Психология зависимости: хрестоматия/сост. К. В. Сельченко. Минск: Харвест, 2004. - 345 с.
4. Попов В.А. Иллюзии и реалии в современной отечественной педагогике (полемиические заметки)//Педагогика. – 2005. №6. С. 108111

5. Снежневская Р. Д. Мир подростка. - М.: Педагогика, 1989. - 345 с.
6. Юрьева, Л.Н., Бальбот, Т.Ю. Компьютерная зависимость: формирование, диагностика, коррекция и профилактика: монография / Л.Н. Юрьева, Т.Ю. Бальбот. Днепропетровск: Пороги, 2006. 196 с.
7. Коптелова Н. И. Интернет-зависимость среди подростков как психолого-педагогическая проблема // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 11. – С. 3101–3105.
8. Лотякова А.М. Феномен интернет-зависимости у подростков // Гуманитарные научные исследования. 2016. № 12 [Электронный ресурс]. URL: <https://human.snauka.ru/2016/12/18115> (дата обращения: 17.05.2023).
9. Гиляжева, Г.З. Применение информационно-коммуникационных технологий для профессионального самоопределения учащихся старших классов/Гиляжева Г.З., Варфоломеева Т.Н. // Новые информационные технологии в образовании материалы VIII Международной научно-практической конференции. Российский государственный профессионально-педагогический университет: сб. трудов конф. Екатеринбург, 2015. – С. 306-311.

Изтаева Жанерке
“D01701- Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының 2 курс докторанты
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті

Зат есім категорияларындағы нөлдік морфемалар

***Аннотация.** Мақала зат есім категорияларына септік, тәуелдік, сандылық категорияларына жатқызу тұрғысынан қарастырылады. Ертерек уақытта морфология категорияларындағы нөлдік морфемаларды таным тұрғысынан зерттеу қарастырылмады. Сондықтан көптеген ғалымдардың еңбектерінде орын алатын морфологияның зат есім категорияларындағы нөлдік морфемаларды зерттеу әлі де өзекті тақырып екендігі айқын.*

***Тірек сөздер:** тіл, зат есім, грамматика, оқыту, категория, септік, тәуелдік, сандылық, морфология, нөлдік, морфема, қолданбалы, сөзжасам, сөз тудырушы.*

Жалпы тілді оқытудың негізгі мақсаты тіл мен ойдың байланысын, интеллектуалдық және шығармашылық мүмкіндерді дамытуға, тілдің коммуникативті жүйедегі қызметі мен құрылымы туралы білімді меңгеруге негізделе отырып тіл байлығын толық және сауатты қолдана алу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Ал осы мақсатқа жету көп жағдайда тіл білімінің ең маңызды тарауларының бірі – морфологияны меңгеруімен тығыз байланысты. Морфологияның барлық категорияларының көрсеткіші ретінде, сөзжасамда сөз тудырушы номинативтік элемент ретінде, қолданбалы грамматикада жұмсалымдық бірлік ретінде орны бар тілдік бірлік болып табылатын зат есім категорияларындағы нөлдік морфема біздің зерттеуіміздің нысаны.

Нөлдік морфема теориясының пайда болуына Ф. Де Соссюрдың тілдік таңба туралы ілімі негіз болды. Ғалым тілдік таңбаға ғылыми сипаттама беріп, “тіл таңбалардан тұрады, ол екі жақты құбылыс”, оның сыртқы белгісін “белгілеуші (означающее)”, және ішкі мағынасын “белгіленуші(означаемое)” деп атаған. Ғалымның айтуынша, тілде осы екі ұғымнан тұрмайтын ешнәрсе жоқ. Тілдік таңба теориясы бойынша белгіленуші, яғни мағына бар жерде көрсеткіші болмаса, дыбыстық көрсеткішінің жоқ болуының өзі сыртқы белгісі деп саналып, ол нөлдік морфема деп аталған [1, 7]. Ф. де Соссюрдің айтуынша “Мағынаны білдіруші көрсеткіші жоқ сөз формасы басқа сөз формалардан өзгешелігі арқылы танылады”.

Нөлдік форма туралы У.Уитней, Ф.Фортунатов, Бодуен де Куртенэ, Ш.Балли еңбектерінде айтылған. Ш.Балли Фердинанд де Соссюрдың тілдік таңба туралы теориясын нөлдік таңба теориясымен толықтырған “... нулевым знаком является знак, фигурирующий без положительного означающего, но с определенным значением в определенном месте синтагмы, которую можно заменить одной или несколькими синтагмами того же вида, где этот суффикс имеет экплицитную форму” деп, нөлдік таңбаны сол мағынадағы қосымшалы басқа сөздермен, сөз формаларымен салыстыру арқылы анықтауға болады деп санайды [1, 9].

Ғылымға морфема ұғымымен қоса нөлдік морфема терминін де енгізген ғалым Бодуэн де Куртенэ. “Кроме, морфем, состоящих из определенной произносительно-слуховой величины, мы должны принять непременно тоже морфемы “нулевые”, т.е. лишены всякого ассоциируемого с известными семасиологическими и морфологическими представлениями”.

Исаченко А.В. десигнатты дәлелдеуде парадигмалық контексттың үлкен қызмет атқаратынын айтқан. Парадигмалық контекст (мағынаның) сыртқы көрсеткіші, яғни десигнаторы болмаса да, оның таңба деп танылуына мүмкіндік береді деп санайды. Бұл ғылымда нөлдік көрсеткіш аталып жүр [1, 10].

Орыс тіл білімінде зерттеген ғалымдар: Ю.С. Маслов, П.С. Кузнецов, В.И. Дегтярев, И.П. Иванова, В.В. Бурлакова, Г.Г. Почепцов, А.М. Пешковский т.б. А.М. Пешковскийдің анықтамасында “Сөздің қосымшасы болмауы басқа түрлі қосымшалы сөз ішінде оны өзінше бір форма етеді, ондай формадағы сөз түбірден және нольден тұрады” дейді. Нөлдік морфема теориясы орыс ғылымында зерттелгенге дейін қазақ тілінде бұл құбылыс әр түрлі аталып келген, Х. Сарыбаев «Табыс жалғауының тасалануы», Ә. Төлеуов «Кейбір көрсеткіштердің тасалануы, тасаланбауы», А. Ысқақов «Септік жалғауларының жалғанып, жалғанбай қолданылуы». Қазақ тіл білімінде бұл тілдік құбылысты нөлдік форма ретінде зерттеген ғалымдар қатарына Ы.Маманов, С. Исаев, Н. Оралбаева, Ж. Балтабаева, А. Омарова жатқызамыз

С.Исаев нөлдік морфеманы сөз тұлғасы тұрғысынан қарастырған: “Сөйтіп, нөлдік форма парадигмалық түрлену жүйесінің бір түрі болып табылатын, сондықтан, сол түрлену жүйесінің синтаксистік сөз бацланыстырушы қызметін толық атқаратын форма, бірақ осы мәндері мен қыметті тікелей көрсететін арнайы формасы жоқ тұлға және осы қасиеттері арқылы бір грамматикалық категорияның басқа формасы бар түрлеріне қарамақайшы, әрі онымен бірлікте болып, бір бүтін құрайды. Белгілі бір белгілер жүйесінде бірдей белгінің болмауының өзі белгі болып табылады” дейді [1, 8].

Қазақ тілі қосымшаларға да бай, тілімізде сөздердің түрленуінің түрлі жүйесі мен парадигмасы бар. Мысалы: септік, тәуелдік, сандылық, жақ бойынша, болымды-болымсыздық, етістік райлары. Сөздердің берілген түрлену жүйелерінің бәрінде нөлдік форма орын алады. Осылардың ішінде зат есім категорияларына септік, тәуелдік, сандылық категорияларын жатқызамыз.

Ы. Мамановтың айтуынша: “Грамматикалық форма түбір сөзге арнайы форма тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Әрбір грамматикалық форма белгілі сөз табына қатысты болады да, сөз таптастыру принциптерінің басты бір белгісі болып саналады. Мысалы, септік, тәуелдік, көптік, иелік формалар зат есімге тән. Есімше, көсемше, шақ, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай, тұйық рай формалары етістікке тән” [3, 206].

Ғалымның айтуынша, қазақ тіліндегі кейбір грамматикалық формалар қосымшасыз-ақ нөлдік формада қолданыла береді. Және түбір сөздермен нөлдік формалар тұлғалас болғандықтан, оларды ажырату қиынға түседі. “Зат есімнің жекеше түрі”, “атау септік”, “жай шырай”, “негізгі етіс” деген терминдер грамматикалық формалардың атауы болғанымен, грамматикалық көрсеткіші жоқ. Қай тілде болмасын абсолют түрде нөлдік форма болуы мүмкін емес, сондықтан бұлар форма емес. Зат есім түбір сөз күйінде және көптік, тәуелдік, иелік формаларында тұрып, ілік, барыс, жатыс, табыс, шығыс, көмектес септік формаларына негіз болып жұмсалады. Ал, атау септігінің өзіне тән арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ. Қазақ тіліндегі “құрдас” сөзі (зат есім түбірі) сөзі бірнеше грамматикалық формаларға негіз бола алады: құрдас-тар, құрдас-ым, құрдас-тың, құрдас-тікі. Демек, қазақ тіліндегі түбір сөз грамматикалық форма емес, ол грамматикалық формаларға негіз болып табылады. Ал грамматикалық форма түбір сөзге арнайы форма тудырушы қосымша жалғану арқылы жасалады. “Зат есімнің жекеше түрі”, “атау септік”, “жай шырай”, “негізгі етіс” терминдері грамматикалық форма емес, көптік, шырай және етіс формаларына негіз болып қолданылатын түбір сөздер. Себебі, бұлардың арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ [3, 207].

Сөздердің септелу парадигмасы нөлдік формаға өте бай. Нөлдік формаға алғашқы болып анықтама берген ғалым Ф.Ф. Фортунатов “Атау септік септік категориясының бір формасы, басқа қосымшалы септіктің формаларынан нөлдік жалғаумен берілу арқылы айқындалады” деген. Түркі туыстас тілдерде атау септігінің қызметі туралы әр түрлі пікір болған. Мысалы: Азербайжан тілінің грамматикасында атау септігін негізге септік деп атаған және төрт қызметі берілген: бастауыш, белгісіз толықтауыш, анықтауыш, баяндауыштың есім бөлімі. Азербайжан тіліндегі атау септігінің *негізгі* деп аталуы нөлдік формадағы бірнеше септіктің басын қосатындығына байланысты. Бұл тұрғыда қазақ тілі грамматикасы атау септікті жеке қарастырады. А. Қалыбаева, Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» атты оқулығында бұл бағыттың дұрыстығына дәлел келтірілген. Түркі туыстас тілдерде әр септіктің мағынасы әбден анықталған, айқындалған, мағынасы ажыраған. Яғни, атау септіктің де белгілі мағынасы мен қызметі бары сөзсіз. Ал орыс тілінде септелудің бірнеше жүйесі бар, әрқайсысының жекеше көпше түрі бар [2, 110].

Атау септік мағынасы саналып жүрген мағыналарды қарастырайық. Мысалы, *тас үй, ағаш үй* т.б. тіркестеріндегі анықтауыш қызметіндегі *тас, ағаш* зат есімдері атау септікте тұрған жоқ, себебі анықтауыш қызметіндегі есім сөздер сын есімдер сияқты түбір қалпында тұрып анықтауыш болады. Бұл қызметте зат есім сын есімнің орнына қолданылып тұр. Ал сын есім түркі тілдерінде септелмейді. Септелмейтін сөз табының орнына қолданылатын зат есімді септік парадигмасының бір формасында танудың негізі жоқ [2, 111].

Келесі, есім сөзден болған баяндауыш немесе есім мен көмекші етістіктердің тіркесінен болған баяндауыш. Мысалы: *Ол- дәрігер; ол дәрігер еді*. Баяндауыш қызметін атқарушы *дәрігер* сөзі атау септігінде тұрған жоқ, себебі жіктелу парадигмасындағы сөзді септік парадигмасының бір формасы деп тану шындыққа жатпайды. Олар да септелмейтін сөздердің қызметінде қолданылған. Баяндауышқа септелу емес, жіктелу қатысты. Бұл мысалда үшінші жақтық жалғау жалғанбағандықтан, олар атау септікпен омоним болып тұр.

Қосымшасыз табыс, ілік септігін қарастырсақ, *ағаш жапырағы*(ілік с.); *ағаш өсіру*(табыс с.); *ағаш өсті*(атау с.) тіркестеріндегі *ағаш* сөзі да атау септік болмайды себебі септіктердің, қосымшалардың ұқсастығына қарамастан, мағыналары мен қызметтері басқа. Ілік, табыс, шығыс, көмектес септіктерде қосымшалы формалар мен нөлдік формалар қатарласа қолданылады, сондықтан бұл септіктер қос формалы септіктерге жатады. Мысалы: *Сахара(сахараның) заңында бар қаталдық(қаталдығымен), бар надандық(надандығымен), зұлымдығымен молаша мызғымай қалғандай* (М. Әуезов).

Сөздің қосымшасыз формаларының қалыптасуының бірнеше себебі бар:

Астындағы бөдес қоңыр құнанның омырауы, құлағы, көзіне шейін тер басқан (М. Әуезов) сөйлемінде бірыңғай мүшелерді тұтас топ ретінде алынғандықтан, барыс септік жалғауы мен шылау ең соңғы бірыңғай мүшемен (*көзіне*) берілген.

Тәкежан, Майбасар, Ысқақтармен ақылдасып, Шұбар жаңа сайлау алдында ел аңғарын түймек болған (М. Әуезов) сөйлемінде осы адамдардың рухани жақындығы, тұтастығы, бірлігіне негізделіп, септік жалғауы мен көптік жалғаулары осы тұтастықтың жалпы тұлғасы ретінде соңғысына жалғанған.

Тілде «мен» шылауы арқылы байланысқан екі бірыңғай мүшенің соңғысы үнемі қосымшалы формада тұрады. *Үлкен үй мен отауға гана бөліп қой* (М. Әуезов). Алайда, *Қалада бұл кезде күзем жүні мен киіз, тері-терсегімен базаршылай келген ел жолаушысы көп болатын* (М. Әуезов) сөйлеміндегі киіз сөзінің нөлдік формада келуінің себебі, бұл стильдік қажеттен болған. Көмектес септігінің қосымшасы тасаланбағанда шылау мен көмектес септігін ажырату қиындайтын еді.

Көрпе-жастық, асжаулық, тегене, тостаған, самауырлар тасыған жас әйелдер, еркектер қарбаласады (М. Әуезов) сөйлемінде табыс септіктің нөлдік формасы ықшамдау мақсатымен қолданылған.

Базардан ұн, шайын, бұл-бұйымдарын және де асықпай алып жатқан кездері (М. Әуезов). Сөйлемдегі *ұн* сөзі оның келесі сөзбен үндесу, бір ырғаққа келтіру мақсатымен нөлдік формада қолданылған. Бұл жазушы арсеналындағы тіл көркемдігінің бір тәсілі.

Тілімізде ерте заманнан келе жатқан меншіктілікті білдіретін морфемалардың болғанына қарамастан, осы мағыналардың да нөлдік форма арқылы берілуі тілде кездеседі. Мысалы:

Ие, ол соңғы кезде оны-мұны сылтауратып, біздің үйге (біздің үйімізге) келгіштеп жүруші еді, сөйтсем, текке жүрмеген екен (І. Есенберлин). Бұл сөйлемдегі *үйге* сөзінде тәуелділіктің 1-жақ көпше түрінің қосымшасы тасаланған.

Сіздің ауыл мына жақта ғой, - деді ол, қамшысының ұшымен күнгей жақты нұсқап (І. Есенберлин). Сөйлемде тәуелділіктің 2-жақ жекеше сыпайы түрінің *-ыңыз* қосымшасы берілмеген.

Еңбек те, жол да өзіңдікі (М. Әуезов). Сөйлемде меншікті заттың иесін білдіретін сөзге *-нікі, -дікі, -тікі* жұрнағы жалғанады, мешікті, тәуелді заттың өзін білдіретін сөз нөлдік формада тіркескен. Бұл сөздердің синтагмалық қатысынсыз тәуелділік мағына көрінбетініне сүйеніп, тәуелділіктің бұл түрін Н.К. Дмитриев дерексіз тәуелділік (абстрактная принадлежность) деп атаған.

Халқы бақытсыз болса, өз бақытын көрмейді (І. Есенберлин). Өздік есімдігі тәуелділіктің үш жағында да нөлдік формада жиі кездеседі. Оның қосымшалы, қосымшасыз екі формасы да тілде қатар қолданылады.

Сандылық категория өте абстракты грамматикалық категория. Оның мағынасы мен заттың нақтылы сан мағынасы бірдей емес. Сандылық категориясының жекешелік мағынасы абстракцияланған, грамматикаланған жалпы ұғым. Ол жеке затты да, жеке зат ретінде түсінілетін академик А.Н. Кононов көрсеткен жалпы ұғымды да қамтуы мүмкін.

Көптік мағынаның нөлдік формасы екі жағдайда кездеседі:

Шаш, мұрт, сақал, құм, шөп, қамыс, бидай, тары т.б. сөздері санауға келмейтін көптік мағыналы зат есімдер.

Көптік мағына көршілес нөлдік форма арқылы берілуі мүмкін. Мысалы: *Ойпат, ылдилар шетіне көз жетпес дария, көлдерге айналды* (І. Есенберлин) Сөйлемдегі *ойпат, дария* сөздеріне көптік жалғау жалғанбаған, көрші бірыңғай мүшелері *ылдилар, көлдер* көптік мағынасы *-лар, -дер* қосымшалары арқылы берілген [2, 127].

Зат есім категорияларына септік, тәуелдік, сандылық категорияларын жатқызамыз. Мақалада осы категориялардағы нөлдік формаларға талдау жасалды. Алдағы уақытта морфология категорияларындағы нөлдік морфемаларды таным тұрғысынан зерттеу маңызды. Сондықтан көптеген ғалымдардың еңбектерінде орын алатын морфологияның зат есім категорияларындағы нөлдік морфемаларды зерттеу әлі де өзекті.

Пайдаланған әдебиеттер:

Білім саласындағы даму ерекшеліктері: қызыққұмарлық, білімге құмарлық, білу қажеттілігі, яғни, білім шыңына алып бару үшін, бұл түсініктермен әр мұғалімге анық алты саты белгіленеді. Оның бірінші сатысында барлық балалар болады, яғни, дарынды және дарынды еместер. Қызыққұмарлық, жаңа нәрсені білу құмарлығы, интеллектуалды стимуляция, ресейлік психологияда анықталатын және ми пікірлерінің қажеттіліктері әрбір дені сау балаға сипатталынған (Л.И.Божович, Л.А.Венгер, А.В.Запорожец, Н.С.Лейтес т.б.) [1,5].

И.П.Павлов өзінің жұмыстарында оның шығу және анықталу механизмін де ашты. Ол мынадай шартсыз рефлекс қатарына бұл азықтық, қорғану және де зерттеу рефлексі де бар деп сызып көрсетті. Бұл рефлекс адамда және ең жоғарғы маймылдарда бөрекше күшке жетеді. И.П.Павлов былай жазған «Пайдакүнемсіздік білім құмарлығы» өзіндік түсінікке ие [6].

Бұл қажеттілік мидың әсерлерінен жай – жай білім құмарлыққа ауысады, яғни, оны білу қажеттілігінің екі деңгейі сияқты қарастыруға болады.

Білімге құмарлық немесе ми белсенділігі, жалпы түрде ми қабілеттілігінің конгломераты және мотивациялық факторлар сияқты ұсынылады. Білімге құмарлықтың тұруы тағы да бір маңызды ерекшелікке байланысты зерттеулер қатарына белгіленген. Мұнда мәселе сөз эмоциясы туралы айтылған.

Эмоциялар, бұл қажеттіліктер индикаторы және олардың қанағаттану дәрежесі бізге белгілі. Білім құмарлығының анықталуы жағымды эмоциялар орталығымен тығыз байланысты. Бұл процесті зерттеген зерттеушілер былай айтып отыр, дарынды балалар мидың зорығуынан қанағаттанады. Бірақ, эмоциялардан басқа психикалық дарытулардың мынадай формасы бар, ол – бостандық. Бұның механикасына тоқталсақ, бостандық нақты сол қажеттілікті тауып, яғни, тұлғалық сферада мотивациялы – қажеттіліктер құрымылымында тұрақты. Бостандық өзі де спецификалық қажеттілікті

көрсетеді – қажеттілікті жеңу.

Көбінесе дарынды балалар білімге, қоршаған ортаны зерттеуге ұмтылады. Дарынды бала өзінің зерттеулеріне шектеу қоюды жек көреді және бұл оның сапасы. Атақты маман дарындылықты зерттеуде Н.С.Лейтес былай деп бекітті: «мидың ізденуінде ерекше қажеттілік бар». Көбінесе, ең жоғарғы деңгейде қабілеттіліктердің дамуын қамтамасыз етеді. Н.С.Лейтес: «Баланың білімге құмарлығын сақтап қалса, онда қабілеттіліктерге тұрақты дамуға стимул береді»[7].

Дарындылықты уақыт ағымына қарай ерте және кеш кездегі дарындылық деп айтуға болады.

Бұл әдебиетте ең көп айтылатын және дарынды бала мәселесіне байланысты (Ж.Ш. Террасье, П.Мерги және т.б.). Зерттеушілердің айтуы бойынша «диссинхрония – көптеген адамдарға тән психологиялық құбылыс, бірақ гетерогенді дамуына байланысты интеллектуалды дарынды балаларда ерекше байқалады» [8].

Ж.Ш. Террасье, диссинхрония – қоршаған ортамен қатынаста қиналатын интеллектуалды дарынды баланың күйі. Әдетте диссинхрония әлеуметтік және психикалық деңгейде көрінеді. Бірінші деңгей бала мен оны қоршаған орта арасындағы «алшақтықпен» - оның интеллектуалдық даму жылдамдығымен және басқа балалардың орташа (немесе төмен) даму жылдамдығымен көрінеді. Диссинхрония екі деңгейде анықталады. Сыртқы (әлеуметтік) және ішкі. Сыртқы, әлеуметтік диссинхрониясының симптоматикасы көптеген жұмыстарда сипатталған. Диссинхронияның бұл түрі дарынды баланың айналасындағылармен қарым қатынасында байқалады. Мамандар көзіне бірінші ішкі диссинхрония түседі, яғни, бұл ерекше қабілеттіліктердің дамуын немесе ерекше функциялардың деңгейінің дамуының ұқсаспау мәселесін талқылау. Әлеуметтік диссинхрония, мүмкін болмай қалмайтын құбылыс, сондықтан әдеттегідей және табиғи деп айтуға болады. Істің бәрі ішкі диссинхрониясымен қиындау болып тұр.

«Дарындылық» деп 3 негізгі параметрге сәйкес жағдайда ғана айтуға болады, яғни 1) әлеуметтік даму, 2) интеллектуалдық қабілеттілік, 3) креативтілік. Егер даму параметрлердің біреуіне сәйкес келмесе, онда біз дарынды баламен емес, ол бір маңызды, бірақ ерекше психологиялық қабілетке ие деп қорытынды жасай аламыз.

Педагогтың балалар психикасына әсер етудегі рөлі қарым-қатынас стилі арқылы көрінеді.

Дарынды балалардың ересектермен, әсіресе, педагогтармен қарым-қатынасы өте маңызды, себебі балада мектептегі оқуға өтумен байланысты өзінің іс-әрекетіне, ересектермен және құрбыларымен жаңа қатынасқа, жаңа өмір салтына өту дайындығымен қатар, білімдерді меңгеру дайындығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады. Ересек адам баланы жаңа іс-әрекеттерді орындауға дұрыс үйретсе, оның оқуға деген қызығушылығы нығайып, оқуудың жағымды мотивациясы қалыптасады. Сонымен қатар, жеткіншектің таным процесі де дами түседі.

Жалпы, жеткіншектік кезеңде дарынды балалардың оқу процесінде қажетті бағдарламаға сай материалдарды қабылдауы бейнелермен объектілерді салыстырып түсінуі маңызды. Оқу процесінде қабылдау ойлануы талап етеді. Оқушы көбіне қызғылықты материалға көңіл бөліп, қиын материалды оқығысы келмейді. Сондықтан жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, үзінді етіп мәнсіз қалдыруы мүмкін. Ал дарынды жеткіншек зейіні олардың тек қызық объектіге назар аударуымен шектелмейді. Олардың ой-өрісі қалыптасып қалғандықтан, әр нәрсеге яғни қызықты және қызық емес объектілерге арнайы түрде зейінін бөле алады. Жеткіншек зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір объектіден екінші объектіге аударып отыруға толық мүмкіншілігі бар. Жеткіншек жады мен есі төменгі сынып оқушыларына қарағанда өз айырмашылығымен ерекшеленеді. Себебі төменгі сынып оқушысы мазмұнды ғана жадында сақтаса, ал жеткіншек мазмұнды мағынасына қарай есінде қалдырады. Ж.Пиаже жеткіншектерде ойлаудың ең күрделі тәсілі, формальдық операция жасау көрініс табатынын айтады[9].

Жеткіншектік кезеңде жеке заттарды ұғымға жатқызып, оларды топтастыру, олардың өзара байланысын білу кеңінен өріс ала бастайды.

Психолог В.В. Давыдов баланың абстрактылық ойының дамуына ерекше мән береді. Абстрактылық ой дегеніміз-нақты заттарға мән бермей, солардың негізгі белгілерін біріктіріп, жалпылап бейнелеу. Сонымен бірге, жеткіншек жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге ойша көшіп отырады. Жеткіншек нәрселердің сырын жорамал амалына, яғни аналогияға сүйеніп біледі. Тиісті мәселелердің сырын жорамалға сүйеніп білу ойланудың жоғарғы түрі болып саналады. Математика, физика пәндерінде қолданылатын амал-тәсілдерді тиісті шешіп шығаруда қолдануға үйренеді. «Егер бұлай болса», «мынандай қорытынды шығады» деген сияқты формальдық операцияларды ойша қолдана алу, жеткіншектің ой- өрісін кеңейтіп, келелі міндеттерді шешуге жағдай туғызады[10].

Мектептегі жағымды атмосфера балалардың көбіне құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне байланысты артады. Жеткіншек үшін сабақ тек оқу емес, сонымен бірге сыныптастарымен, мұғаліммен жасалатын қарым-қатынас, елеулі әрекеттер, толғаныстарға толы ахуал. Матриалдың өте қызықты түсіндірілуі және сабақта мұғалімнің жұмысты ұйымдастыру шеберлігі ғана жеткіншекке жолдастарын ұмыттыра алады. Жеткіншекте жеке мүдделер, ұнамды сабақтары мен қызығулары пайда болады. Тәжірибенің, айналадағы ортамен және адамдармен байланыстың молайып, ұлғаюы жеткіншектің оқуға деген зейінін кемітеді. Жеткіншектің оқуындағы қолайсыздықтың бірінші көрсеткіші төменгі сыныптармен салыстырғанда үлгерімнің төмендеуі.

Мұның себептері оқу материалдарының игеру әдісінің дұрыс болмауына, оқуға деген көзқарастағы олқылықтар. Бұл екеуінің табиғи салдары-білімдегі олқылықтардың көбеюімен байланысты болуы мүмкін.

Жеткіншектер қатал мұғалімдерді көп жағдайда үлкен құрметпен қарап, бағалайды. Себебі ондай мұғалімдердің бойынан білімділікті, әділдік пен мейірімді көріп, матриалды тартымды әрі түсінікті етіп түсіндіре білетінін, сабақты қарқынды ұйымдастырып оған оқушыларды тарта білетін қабілетіне мойынсұнады.

Жеткіншектік кезеңде оқу деген ұғымның мағынасы кеңейеді. Өйткені, білім алу оқу программасының шеңберінен шығып, мақсатқа сай жүзеге асады. Оқу мен білімге деген көзқарас әр балада сапалық жағынан әр басқа болуы мүмкін. Көптеген жеткіншектерде ақыл-ой жұмысына деген тұрақты бейімділік, жаңа білімдер мен қасиеттерді меңгеруге ұмтылады. Ғылымның тиісті салаларына, өнер мен техникаға тұрақты ынта пайда болады. Жеткіншектерде мазмұны мектеп программасынан дербес қызметте жеке бастың бағалы қасиеттері қалыптасады.

Жеткіншектік кезеңде мектептегі оқу формалды іс-әрекетке айналуы және оқудан басқа күшті мүдделер басым болуы мүмкін. Оқудың қажеттігін абстрактілі түсінудің өзі жеткіншек үшін жұмыс жасаудың жеткілікті стимулы болмайды. Позициялық себептердің ынталандырушы күші күшті болуы мүмкін. Алайда баға алуды оқудағы басты нәрсе деп қарау, игерілетін білімге ықылас болмаған жағдайда оқу қызметінің күйреуіне апарып соғады. Оқу қызғылықсыз ауыр еңбекке айналып, білімнің формальды ғана сипаты болады.

Жалпы, жеткіншек кезеңде дарынды балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттыру мәселесі ең бірінші кезекте ата - аналар мен педагогтардың сол кезеңнің психологиялық ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылуы маңызды.

Әдебиеттер

1. Рослякова Н. И. Одаренность детей: проблема выявления, обучения // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 37. – С. 71–75. – URL: <http://e-koncept.ru/2015/95637.htm>.
2. Кара Ж.Ю. Общая психология: краткий курс. Ростов-на-Дону: Феникс, 2014. 190 с.
3. Лохов М.И., Фесенко Ю.А., Рубин М.Ю. Плохой хороший ребёнок. (Проблемы развития, нарушения поведения, внимания, письма и речи). 2-е издание. СПб: 2015. 320 с.
4. Психология одаренности: от теории к практике. Под редакцией Д.В.Ушакова. Москва. Институт психологии РАН. 2012.
5. Юркевич В.С. Одаренный ребенок: иллюзии и реальность. М.: Просвещение, 2014. 136с.
6. <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/355029-statja-rabota-s-odarennymi-detmi>
7. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьников: Учеб. Пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений М: Издательский центр«Академия», 2000 – 320 с.
8. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия (избр. труды). Москва-Воронеж, 1997. С44.
9. Грабовский Л.И. К вопросу о классификации видов детской одаренности. //Педагогика, 2003, №8
10. Психология одаренности детей и подростков. Под ред. Н.С. Лейтес, М., 1996, с. 2–30.
11. Щепланова Е.И. Трудности в учении одаренных школьников. //Вопросы психологии, 2003, №3.

**Серікбаева Айдана, ОП-19-1к мамандығының студенті, Caspian University
Ғылыми жетекшісі: Бейсенова Ж.Ж., псих.ғ.к., қауым. профессор**

СТРЕССТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада стресстің алдын алу әдістері бойынша заманауи психофизиологиялық зерттеулер жинақталған. Зерттеудің өзектілігі стресстің салдары ағзаның өмірлік белсенділігіне жан-жақты

деструктивті әсер ететіндігінде, адамдардың денсаулығына нұқсан келтіретіндігінде. Зерттеудің негізгі мақсаты - стресстің себептерін талдау және оның ықтимал алдын алу. Мақалада ғылыми білімге негізделген проблемалық аймақтар мен мәселелер және п стресстің жағымсыз салдарын болдырмау және стресс жағдайында адамдарды қорғаудың көптеген әдістері көрсетілген.

Түйін сөздер: алдын алу, стресс, психоэмоционалдық стресстің салдары, психикалық денсаулық, рефлексивті технологияларды қолдану, рефлексияны дамыту.

Стресс – бұл күтпеген шытырман жағдайда туатын эмоциялық күй. Қауіп-қатер жағдайындағы әрекеттер, жылдап шешімге келу қажеттілігі, қауіп төнген сәттегі реакция, күрт өзгерген жағдайдағы мінез-құлық стрестік күйлер болып табылады [1].

Стрестік жағдайда мақсатты әрекетті, зейінді аудару мен бөлуді жүзеге асыру қиынға соғады, әрекеттің жалпы тежелуіне әкелуі мүмкін. Бірақ дағды мен әдет өзгеріссіз қалады да саналы әрекет орнына жүреді.

Стресс кезінде қабылдау, ес қателіктері, кенеттен көрінген қарсыластардың санын анықтауда күтпеген жерден туған әсерге сай келмейтін реакциялар болуы ықтимал. Бірақ кейбір стресстің адамдардың күшін арттыруы, әрекетін жандандыруы, ойдың ерекше айқындығы мен дәлдігін және стеникалық эмоция туғызуы мүмкін[2].

Стрестік жағдайдағы мінез-құлық көбінесе адамның жеке басының ерекшелігіне – оның жағдайды тез бағалай білуіне, күтпеген жағдайда қолма-қол бағдар табу дағдысына, ерік жинақтылығына, батылдығына, әрекет мақсаттылығы мен ұстамдылығының өрбуіне, осы тәрізді жағдайда бастан кешірген мінез-құлық тәжірибесіне байланысты болады.

Фрустрация – тұрақты жағымсыз эмоциялық күйге душар ететін, шектен асқан қанағаттанбаушылық фрустрацияның, яғни сана мен әрекеттің бұзылуының негізі болады. Тілге, мақсат, түрткінің жүзеге аспауының бәрі фрустрация туғыза бермейді. Фрустрация қанағаттанбаушылық дәрежесі адамның төзімін тауысарлықтай болған жағдайда көрініс береді [3].

Қақтығыс (лат. тілінен conflictus – соғылысу) – жекелеген индивидтерді, өзара тұлғалық немесе тұлға аралық, адамдар тобы арасындағы ұшқыр эмоционалды бастан кешулермен байланысты қарама қарсы бағытталған, бір-бірімен үйлеспейтін бағыттардың соғылысуы [4].

Келісушіліктердің болмауы әртүрлі көзқарас, пікірлер, идеялар, қызығушылықтардың және т.б. болуымен байланысты.

Психологиялық сау тұлғаның қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттары. Стресске табандылықтың төмендігі қандайда бір тұлғалық факторлармен байланысты екендігін қарастырайық. Қазіргі кезде бұл мәселеге қатысты нақты позиция жоқ. В.А.Бодровтың пікірінше, өмірде ақ- жарқын адамдар психологиялық табанды болып келеді, көңіл- күй фоны төмен адамдар керісінше психологиялық табандылығы да төмен болып келеді. Сонымен қатар табандылықтың үш негізгі сипаттамасын бөліп көрсетеді: бақылау, өзіндік баға, сынау [5].

Адам денсаулығының деңгейі оның мәдениетіне тікелей байланысты. Адам бойында денсаулықты сақтауға деген тұрақты мотивация, ұмтылыс, мақсат болуы керек. Адам өзінің генетикалық, физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктерін білуі, өз ағзасының резервті мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, оны рационалды білуі тиіс. Психологиялық денсаулықты дамытуда келесідей негізгі бағыттар ұсынылады: аксиологиялық, құралдық, қажеттілік-мотивациялық және дамытушы.

Аксиологиялық бағыт - өзінің, басқалардың кемшіліктерін адекватты саналау арқылы өзін және басқаларды қабылдай алуды қалыптастырумен сипатталады.

Құралдық бағыт - өз сезімін, мінез-құлық себептерін, іс-әрекетінің нәтижесін саналы түрде бағалап, болашаққа жоспар құру талаптарын қамтамасыз етеді, яғни тұлғалық рефлексияның қалыптасуын қарастырады.

Қажеттілік-мотивациялық бағыт – ең алдымен дұрыс таңдау жасай алу, өз таңдауы үшін жауап бере алу, өзіндік өзгеулерге және тұлғалық дамуға қажеттіліктерді қалыптастыра алу.

Дамытушы бағыт – жеткіншек шақтың аяғына таман келесі негізгі жаңа құрылымдардың қалыптасуын қарастырады: Эго – идентификация (Э.Эриксон), жыныстық идентификация және тұлғалық анықталу (Л.И. Божович). Э.Эриксон бойынша, эго-идентификация өзіндік тұтастықты, белсенділікті және өмірлік күшті, өзіндік құндылықтар мен құзыреттілікті сезіну. Жыныстық идентификация – бұл өз сексуалды мінез-құлқы және сексуалды позициясы жайлы көзқарастардың болуы. Л.И.Божовичтің көзқарасынша, тұлғалық өзіндік анықталу адамның ересек қоғам мүшесі ретінде, өз болашағының мәселелерін шешетін ішкі позициясының қалыптасуы. Бұл бағыт ересек жеткіншектерде әлем және өзі жайлы көзқарастардың мәнділік жүйесінің қалыптасуымен, өз өмірінің мәнділігі жайлы сұрақтар қою және болашақ мамандық таңдаумен байланысты сипатталады [6].

Көңіл-күйдің оң фоны. Белсенді өмір сүретін ағза стрестік тітіркендіргіштердің әсеріне ұшырамайды. Г.Селье стресспен күрестің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты; позитивті ойлау; стресті фармакологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану; белсенді өмірлік бекіту позициясы; ертеңгілік дене шынықтыру [7].

Рефлексивті технологияларды қолдану. Рефлексияны дамыту. Индивидуалды коррекциялық жұмыстар. Ф.Е.Васильюктің күрделі жағдайларға берген анықтамасы. М.Кляйн, И.В: Дубровина, В.Франкйдің күрделі жағдайлардың позитивті жақтарын қарастыруы. Көңіл-күйдің оң фоны. Рефлексивті технологияларды қолдану.

Рефлексияны дамыту. Индивидуалды коррекциялық жұмыстар [8].

Стресстің алдын-алу негізінде келесі негізгі жолдар жатыр:

- Біріншіден, жеке өміріне ақылды қатынас, оның белсенді құрылуы. Р.Л. Кричевскийдің ойынша өмірге ақылды қатынаста болу қағидасына келесілерді жатқызуға болады: Біздің мүмкіндіктерімізге үнемі өмірлік мақсат қоюымыз керек және соған жету. Бұл қағида біздің бағдарымыздың динамикалылығын талап етеді. Үлкен икемді бағдарға ие және үлкен жақын және перспективалы (болашағы бар) мақсат бар, оларды ауыстыруға қабілетті студент, сәтсіздік жағдайында, стресті басқару қабілетін көрсетеді.

- Бастыны қосымшадан ажырата алу. Бұл қағида өмірдің негізгі, басым жолын табуға бағдарлайды. Оқиғаға әсер ету өлшемін білу, яғни өзіміздің мүмкіндігімізді бағалағандай, сондай-ақ біз болып отырған жағдайды бағалауда шынайы болу. Қағиданы елемей тек күшті босқа шашуға ғана емес, сондай-ақ дистриске алып келеді. Г.Селье мынадай кеңес береді: «қандай да болсын өмірлік ситуацияға соқтығыссаң да алдымен – күресуге тұрады ма, жоқ па соны ойлау керек».

- Мәселеге түрлі жақтан қарау. Бұл жерде пайда болған мәселені көруде көп жоспарлы болу, оған түрлі бағытта қарай алу қабілеті, адамдар және оқиғаларды бағалауда икемді бағыттың қажеттілігі туралы сөз болып отыр. Француз ойшылы Мантень айтуынша: «Адам не болып жатыр одан емес, ол болып жатқанды қалай бағалайды содан зардап шегеді». Бұл принцип стресс объективизациясын жүзеге асыруды талап етеді яғни, бастапқыда не нәрсе катастрофалық немесе трагедиялы болып көрінді, соны объективті бағалау.

- Өзін күптеген оқиғаларға алдын-ала дайындау. Өзімізді мүлікке болатын оқиғаларға дайындай отырып, біз икемділікті шынайылыққа реалды қарауды көрсетеміз, керек емес иллюзиялардан құтыламыз, осылайша, жағымсыз жаңалықтарға дайындаламыз. Шынайылық, шын мәнінде қалай, солай қабылдау керек, қиялымыздағыдай емес. Болып жатқан оқиғаны шынайы бағалау, пайда болған мәселені ақылмен қабылдау және шешу.

- Қоршағандарды түсінуге тырысу. Басқаларды дұрыс түсіну, олардың мінез-құлқының мотивін түсіну, олардың ішкі әлеміне ену, олардың ішкі әлеміне ену, мінез-құлықтың икемді жолын таңдауға, керек емес қатығысулардан құтылуға, ақырында өзін психологиялық жайлылықтың бірнеше деңгейімен қамтамасыз ету.

- Болып жатқан оқиғалар сабағынан жағымды тәжірибені игере алу. Кез келген меңгерілген тәжірибе, адамдарды және жағдайларды бағалауда біздің мүмкіндігімізді кеңейтеді, сонымен сонымен қатар өмірлік адаптациясы қабілеттендіреді.

- Толық өмірмен, оның әрбір мезетінде өмір сүру. Біздің өміріміздің күрделілігіне қарамастан, жай тіршілік ету емес, өмір сүру керек, әр бір күн және әр бір сағат өмір сүру қажет.

Екіншіден, индивидуалды өмірдің стрессогенді факторларын болжау және стресске алдын-ала дайындау, яғни стресске – тұрақтылықта қалыптастыру. Бұл бағытқа келесілерді жатқызуға болады:

- түрлі тесттік әдістемелерді, өзін тану үшін өзіндік бағалауды пайдалану;
- стресс бойынша арнайы әдебиеттерден, басқалардың тәжірибесімен танысу;
- адекватты өмір бейнесін динамикалы қалыптастыру (егер өзгертулер қажет болса, онда оларды

енгізу);

- физикалық жаттығулар;
- қолдау беретін тиімді ортаның болуы (жанұя, әлеуметтік орта, достары, туыскандары).
- ерік қасиеттерінің қалыптасуы (мақсатқа ұмтылушылық, тұрақтылық, ынталық, ұстамдылық,

шешімге келе алу) [9].

Стреске қарсы әрекет ету өлшемдері арнайы жүйеде қарастырылады. Бұл жүйенің негізгі құрылымдық элементтеріне келесілерді жатқызса болады:

Біріншіден, стрестің индивидуалды бейнесін талдау.

Стресс – тұлғалық және жағдайлық құбылыс. Талдау мынадай міндетті әрекеттерді талап етеді.

- стрессорлар тізімін құру немесе жағдайды болжау.

- Стрессорға рангілеу (күштіден, әлсізге қарай).

- Стрессорларға қатысты реалды және нақты әрекеттерді жоспарлау; әрекеттің келесі үш түрін бөліп көрсетуге болады.

- тез арадағы әрекет;
- перспективті әрекет;
- елемей немесе бейімделу.

Екіншіден, органикалық физиологиялық мүмкіндіктерін стресске қарсы әрекет ету үшін шақыру:

- сұйықтық өлшемін ұлғайту;
- тағам;
- дем алу;
- физикалық жаттығулар;

Үшіншіден, стресске қарсы әрекет ету үшін психофизиологиялық мүмкіндіктерді шақыру немесе психикалық өзіндік реттеу.

Психикалық өзіндік реттеу – өзінің күйін реттеу үшін арнайы ұйымдастырылған психикалық өзіндік

реттеудің негізгі түрлеріне жататындар:

- релаксация денеде саналы жүйке-бұлшық еттік босаңсу формасында;
- релаксацияның теоретикалық алғышарттарының негізгі ережелері:
- стресс және мазасыздану бұлшық еттік қысымдармен байланысты;
- бұлшықет қысымын әлсірету жолымен бастан кешіру, мазасыздану, тағы басқа жоғары қозушылықтың төмендеуіне жетуге болады.
- бұлшықеттердің босаңсуы, қысыммен салыстырғанда жеңіл жетуге болады.
- стресспен күресуде релаксация дағдылары ерекше қажетті. Ол дене қысымды азайтады және физикалық қозуды төмендетеді.
- аутогенді жаттығу түріндегі өзіндік иландыру, психикалық өзіндік реттеу күйінің ерекше әдісі, жылулық сезімін саналы сенуге негізделген, түрлі мүшелердің және дене бөліктерін жеңілдетуге негізделген.
- сенсорлы репродукция немесе визуализация формасындағы өзіндік илану, жағымды орын бейнесін түгелімен ойша қайта құруға, әдемі көріністі және өзінің ондағы сезімін ойша қайта құруға негізделген күйдің психикалық өзіндік реттеудің ерекше әдісі.
- медитация – (лат. meditatio – ойлау, ойлану, ойластыру) – адам психикасын, өзіне терең шоғырлануға енгізуге бағытталған, ақыл-ой әрекеті көмегімен болатын психикалық өзіндік реттеудің әдісі – медитацияның басты мақсаты - үйлесімділік сезімін жету [10].

Бірінші кезекте өзіндік көмек көрсету өлшемдері.

Стресстің әсері қарқынды, күтпеген және ұмтылған болғаны соншалықты, біздің денсаулығымызға әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда әрбір студент бірінші кезекте өзіндік көмек көрсету негізін білу керек. Мұндай көмекке төмендегілер жатады.

- өткір стрестік жағдайда ешқандай жауапты шешім қабылдауға болмайды.
- жайлап онға дейін санаңыз.
- дем алысыңызға көңіл бөліңіз. Мұрынмен жайлап ауа жұтып, сосын біраз уақыт демді ұстап тұрады [11].

Айтылғандай, стресстің белгілі бір деңгейі бізге қажет. Бірақ әр адам өз бетінше бөлек болғандықтан, бұл деңгейлер ерекшеленуі мүмкін. Біздің арамызда кейбір адамдар селкос, толық тыныштықта болғанды қалайды.

Өмір ағыны барлығымызды бір желіспен алып бара жатқаны белгілі. Күнделікті өмірдегі адам тіршілігі алуан түрлі іс-қимылдармен алмасып жатыр. Әрбір сол іс-қимылдардың ұштасатын жерлері де бар. Таңертеңгі ұйқыдан оянган мыңдаған “ара ордасы” секілді бүкіл адамзат атаулы бір ағынға түседі. Осындай үздіксіз арақатынастың арасынан біздің өмірге керексіз де, бірақ әрдайым келіп отыратын жағдай туады. Оның мағыналыда түсінікті атауы-стресс.

Стресстің біздің тұрмысымызда, жұмыста, мектепте, отбасында болмауы мүмкін емес. Бір сөзбен айтқанда стресс адаммен өмір бойы серік секілді. Сол себептен қазіргі заманда стресс мәселесін толық көлемде қарастыру пікір анық туындап отыр. Сонымен қатар, тек стресті зерттеп ғана қоймай, оны жеңу жолдары айқындалып, белгілі бір, жүйе тұрғысында берілуде. Осы тұрғыдан алғанда біздің әдебиеттерге шолу жасап, оқып түсінгеніміз бойынша кез-келген студенттің кездесетін өмір қиындықтарына төзе алмай жағымсыз стресске ұшырап көптеген ауруға шалдығып қалмауы және оқу үрдісінде жақсы жетістікке жетуі үшін, студент сол стресстің алдын-алумен қатар стресске ұшыраған кезде соны жеңіл қабылдау негізінде осы тренингтерді және жоғарыда берілген кеңестерді біліп жүруі қажет.

Сондықтан да кез-келген тұлғаөмірінде кездесетін қиындықтарына төзе алмай жағымсыз стресске ұшырап көптеген ауруға шалдығып қалмауы және оқу үрдісінде жақсы жетістіктерге қол жеткізу үшін, студент кез келген психологиялық стресстің алдын-алумен қатар стресске ұшыраған кезде соны жеңіл қабылдау негізінде 1 бөлімде ұсынылған тренингтерді және жоғарыда берілген кеңестерді біліп, қажет болған жағдайда психологиялық сауаттылықпен өз игілігіне қолдана алуы қажет.

Әдебиеттер

1. Большой энциклопедический словарь. М., 2000.
2. Занковский А. Н. Профессиональный стресс и функциональные состояния // Психологические проблемы профессиональной деятельности. М.: Наука, 1991.
3. Леонова А.Б., Кузнецова А.С. Психологические технологии управления состоянием человека. – М: Смысл, 2009.
4. Писаренко В.М. Роль психики в обеспечении эмоциональной устойчивости человека // Психол. журн. 1986. Т.7. № 1. С.62-72.
5. Кокс Т. Стресс. М., 1981.
6. Гримак Л.П. Резервы человеческой психики. М.: Политиздат, 1987, 286 с.
7. Василюк Ф.Е. Психология переживания. М., МГУ, 1984.
8. Черепанова Е. Психологический стресс - помощи себе и ребенку. - М., 1997.
9. Рогов Е.И. Эмоции и воли. М.,1999.

10. Фонтана Д. Как справиться со стрессом. Перри Г. Как справиться с кризисом. Брум А., Джеллико Х. Как жить с вашей болью / Перевод с англ. М., Педагогика-Пресс, 1995.

11. Анализ причин стресса и методы его профилактики // Психология и право - 2012. Том2.№2] Портал психологических изданий PsyJournals.ru — https://psyjournals.ru/journals/psylaw/archive/2012_n2/52061?ysclid=lhs2w3wz411442197

Рахметолла Айсана, ОП-19-1к мамандығының студенті, Caspian University

Ғылыми жетекшісі: Бейсенова Ж.Ж., псих.ғ.к., қауым. профессор

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛ: ОНЫҢ РӨЛІ МЕН МӘРТЕБЕСІ

***Аңдатпа.** Мақалада мемлекетіміздегі қазіргі қоғамдағы әйел: оның рөлі мен мәртебесі, әйелдің тәуелсіздігі мен отбасындағы орны, әйел карьерасының типтері, әйелдің карьералық өсуінің психологиялық мәселелері қарастырылған. Әйелдің кәсіби және отбасылық рөлдерінің шет ел, ресей, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне қысқаша талдаулар жасалған.*

***Түйін сөздер:** әйелдің қоғамдағы рөлі, отбасындағы әйел, әйел статусы, әйел карьерасы, әйелдің кәсіби статусы.*

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері, әлемдік өркениетке тиімді интеграциялануы арқылы экономикалық-әлеуметтік қатынастарда дамыды және ол өркениеттің тәжірибелерін алды. Бұл жылдары жаңа ұрпақ қалыптасты, тіпті цифрлық ұрпақты әлеуметтік ортамызға кейде өзіміз байқамай, кейде мақсатты түрде орнықтырып алдық. Аталған мәселе бүгінгі таңда өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Осыған орай, әйелдердің билік пен қазақстандық қоғамның саяси өміріне қатысуы өзекті мәселе және тәуелсіздік алған сәттен бастап, барлық деңгейдегі әйелдерді қолдау мәселелері мемлекеттік саясаттың күн тәртібінде болды.

Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде бірінші болып, қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге арналған ұлттық орган – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияны құрды[1].

Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр.

Соңғы жылдары гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып жасалған кәсіби жетістікке жету жайында бірқатар зерттеулер пайда болды.

Қоғамдық санада карьералық алға басулар процесі әдетте ерлер жынысты өкілдерімен ассоцияланады. Алайда, әйелдердің эмансипациясы көп мәселелерге алып келді, себебі көпшілік әйелдер өзін-өзі дамыту сферасын таңдауда отбасы ғана емес, карьераны да өзінің жеке және кәсіби потенциалын дамытуды көздейді.

1975 жылы Мехикода өткен ООН-ның ең алғашқы әйелдердің конференциясы әйелдер карьерасы және оның жоғары басшылық орындарда отыруы туралы жалпы дискуссияларға нүкте қойып, әйелдің карьералық психологиясы саласында зерттеулер өткізуге, жүргізуге стимул болды.

Шет елде әйел карьерасы мәселелерін зерттеудің 30-жылдық тарихы бар. М.В. Сафонов әйел карьерасын зерттеудің бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетеді[2].

1970 жылдары негізгі зерттеу бағыттары әйелдердің карьералық бағдарлануына әсер ететін әлеуметтену процестерін, әйелдердің карьералық алға басуларындағы бөгеттерді, карьерада жетістікке жетуге мүмкіндік беретін әйелдердің тұлғалық сипаттамаларын, әйел еңбегін қанағаттандыруды анықтайтын факторлар, әйелдердің өмір кезеңдерімен карьераға бағдарлануының өзара байланысын қарастырылған зерттеулер болды.

1980 жылдары әйелдердің жұмыс орнындағы дискриминациялық жағдайларды, жынысына байланысты алға жылжудағы бөгеттері, «жұмыс-отбасы» рөлдік дау-дамайды, әйелдердегі жұмыстағы карьералық стерестің болу себептері мен оны жеңу жолдарын, карьералық бағдар мен карьералық бірдейлікті қалыптастыру сияқты приоритетті бағыттарын зерттеу болды.

1990 жылдары негізінен карьераны құру процесін сүйемелдейтін эмоционалдық қысыммен күресу үшін әйелдер қолданатын карьералық шешімдерді қабылдау, карьералық механизмдері меңгеру, карьералық процесіне әсер ететін жеке қасиеттерді зерттеулерге мән беріле бастады.

Н.И.Захарова «эйелдер карьераны құруға байланысты шешім қабылдау процесі бәрінен бұрын бөгеттерді жеңуге әкеледі» деді. Өзінің кәсіби-тұлғалық әлеуетін дамытқысы келетін әйел: қоғамдағы әйел орнына қоршаған ортаның дәстүрлі көзқарастары мен пікірлері сөзсіз дау-дамайды алып келетін карьераны бастау керек пе? деген күрделі шешімдерді қабылдауына тура келеді. Ол сонымен бірге, ер азаматтар сияқты ақша, абырой, жұмыстан қанағаттану секілді марапаттарға қол жеткізе алады ма? осы сияқты шешімді де қабылдауына тура келеді. Әйел қандай шешім қабылдасын, ол өзінің жеке, отбасы өмірі мен карьерасын арасында өзара үйлестіріп, бірге алып жүреді[3].

С.Адлер және М.Хорнер карьера жолына түскен әйел жолында мәдениет, заң және психологиялық кедергілер кездесетінін айтады[4].

Мәдениет кедергілері әйелдің қоғамдағы рөлі туралы дәстүрлі ұғым-түсініктерді бейнелейді. Көптеген елдерде бұл ұғым-түсініктер жетекші мінез-құлқына, іс-әрекет стиліне қарама-қайшы келеді, сондықтан көпшілік әйелдер карьераға ұмтылмайды, ал еркектер оған қарсы шығатындарға кедергі жасайды. И.Калабихина әлеуметтік кедергілерді талдай келе, олар жұмыс жасайтын әйелдің ұжымы мен жетекшіге де кері әсерін тигізіп қана қоймайды, сонымен бірге, әйелдің өзін-өзі қабылдауына, өзін-өзі бағалауына, өзін дамытамын деген ұмтылыстарына да әсер ететінін айтқан[5].

Заңды карьералық кедергілер әйелдерге қарағанда еркектерге алға басуларда, жұмысқа қабылдау мен қызметтік баспалдақта өсуде, басшылық орындарға негізінен жастар, күші көп еркектер тартылады, тек тәп-тәуір жасқа жетуде карьераны жасау мүмкіндігіне ие әйел жақсы шынайы тәжірибені әйел мен еркекке кепіл болатын заң нормалары арасындағы үйлеспеушілікті бейнелейді.

Әйелдердің карьералық алға басу жолында кездесетін кедергінің бірі психологиялық кедергілер. Олар бір жағынан, басшы әйелмен жұмыс жасағысы келмейтін еркектің «корпоративті» көңіл-күйінен туындаса, екінші жағынан, әйелдің жұмыс пен отбасын үйлестіру қабілеттілігіне сенімсіз болуы, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алмауы, карьералық алға басудың механизмдері туралы ақпараттардың жетіспеушілігі, дәстүрлі әйелдің рөлдік іс-әрекетіне байланысты әлеуметтік қолдауда кездесетін кедергілер болып табылады.

М.Хорнердің айтуы бойынша жетістік әйелдерде мазасыздық тудырады, себебі, әйелге тән нәзіктікті, әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынастың мәнін жоғалту сияқты жағымсыз жағдайлармен байланыстырылады. Бұдан басқа, қызмет бойынша алға басып, қызметтік жетістікке жеткен әйел өзінің балалары, күйеуінің алдында өзін кінәлі сезініп, кәсіби карьерадан саналы түрде бас тартады, сонымен бірге, мәдени дәстүрімізде ерлермен салыстырғанда үлкен жетістікке жеткен әйелдерді мақұл көрмейді. Бұл феномен «жетістікке жетуден қорқу конфликті» деген атқа ие. Отбасы және кәсіби қатынас сфераларындағы жетістікке өзара түсіністікке бағытталған отбасындағы әйелдер жете алады. Сондықтан, отбасылық мәселені бірінші орынға қоятын әйел кәсіби іс-әрекетте жетістікке жетуден қорқа бастайды[6].

Әйел карьерасын зерттеудегі ең маңызды тақырыптардың бірі «отбасы-жұмыс» рөлдік конфликті мен оның әйелге алып келетін психологиялық жағымсыз салдарлары болып табылады.

Жұмыс жасайтын әйелдің рөлдік конфликтісін тұлғаның рөлдерлік конфликтінің жеке мысалы ретінде қарастыруға болады. Бұл кәсіби және отбасы сфераларында бірнеше рөлді орындайтын әйелдің, осы рөлдерге байланысты туындайтын қарама-қайшылыққа толы талаптардың нәтижесінде, оларды толығымен орындау үшін физикалық және уақыттың жеткіліксіздігінен нәтижесінде туындайтын тұлғашылық конфликтісі болып табылады. Бұл сонымен бірге, әйелдің өзі ойлап тапқан, жасаған рөлдік нормалары мен ақталмайтын жоғары талаптарына байланысты болуы мүмкін.

Жұмыс жасайтын әйелдің «отбасы - жұмыс» рөлдік конфликтісіне байланысты көптеген зерттеулерде (О.А.Гаврилица, Ю.Е.Алешина, Е.В.Лекторская, Стеффи Джон, Секаран және т.б.) отбасылық және кәсіби рөлдердің бірігуі әйелдің карьералық бағдарын анықтайды, карьералық шешім қабылдауға әсер етеді деп көрсеткен.

Кәсіби және отбасылық рөлдердің бірігуі Е.В.Трофимованың ұсынған әйел карьерасының типологиялық негіздерінде қарастырылған. Е.В.Трофимова әйел карьерасының алты типін бөліп көрсеткен:

- карьераның бірінші типіне – әйелдер кәсіби мен жеке өмірін қатал бөледі, барлық рөлін өте жақсы орындауға тырысады, үнемі психологиялық қысымда жүреді. Өмірдің мұндай ырғағына шыдай алмастан, мұндай әйелдер жұмыста да (карьеря жасай алмайды), отбасылық өмірде де жетістікке жете алмайды;

- карьераның екінші типіне («күйеуінің көлеңкесінде жүріп») - әйелдер күйеуінің жеткен жетістігін өзінің жетістігі ретінде қарастырады да, карьерадан бас тартады, мұндай әйелдер

отбасылық өмірде жетістікке жетеді;

- карьераның үшінші типіне («тең дәрежедегі карьера») – әйелдер отбасын құру карьераға қарағанда маңызды деп санайды. Бірақ, олар кәсіби бағытта қанағаттану сезімі болғанымен, отбасында бақытсыз.

- карьераның төртінші типіне – әйелдер отбасында да жұмыста да жетістікке жету үшін барын салып тырысады. Бұл жағдайда барлық уақытта отбасындағы және жұмыстағы шамадан артық күш жұмсауына байланысты жоғары рөлдік қысым күрделене түседі де жетістікке жетуге мүмкіндіктер бола бермейді;

- карьераның бесінші типіне (кейінге қалдыру) - әйелдер берік отбасын құрып, балаларын тәрбиелеп (бұған 6-7 жылын жоғалтады) содан кейін ғана, күшті «қамалмен» бірнеше уақыттан кейін карьераға бәсекелестікпен кіріседі;

- карьераның алтыншы типіне – автордың пікірі бойынша, ең ыңғайлы, тиімді карьера типі. Отбасын құрып және балаларын тәрбиелеу кезеңінде әйел кәсіби біліміне, жеке жұмыс уақытына сәйкес келетін, кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін және кәсіби тәжірибе жинақтап, өмірлік приоритеттерінің ауысымынан кейін карьераға акцент жасауға тиімді жеке кәсіпкерлікпен айналысады[7].

Кәсіби әйел карьерасына байланысты шет ел және ресей зерттеулерінен алынған мәліметтер лидерліктің әйел және ерлер стилінің қалыптасу себебі әлеуметтену процесінің әртүрлі өтуінде дегенді айтады[6]. Әйелдер екі «әлеуметтенуден» өтеді, бала кезінен бастап мектепте және отбасында қойылатын талаптарды нақты орындауды үйренеді. Әйелдердегі әлеуметтену процесі бала кезден басталады: қыз балалар өз арасында тығыз эмоционалды байланыс орнайтын кіші-гірім топтарда ойнағанды жақсы көреді, ол жерде олардың қарым-қатынас жасауға икемділігі дамиды. Отбасылық және кәсіби өмірге бір уақытта бағдарлану әйелде икемдікті қалыптастырады. Басшы, жетекші әйел топта жұмыс жасағанды жақсы көреді, олар өз қол астындағы қызметкерлеріне сенеді және дау-дамайдан қорықпайды. Олар дау-дамай құзыреттілігін меңгерген.

Әлеуметтену процесінде әйелдер де, ерлер де нақты мінез-құлық стереотиптерге – қоғамда қалыптасқан маскулиндік және феминистік көзқарастарға негізделген гендерлік стереотиптерге ие болады.

Әйелдерде әлеуметтік байланысты нығайтатын дау-дамайды шешуге қабілеттілігі, эмоционалдылығы, интуициясы, қол астындағы қызметкерлермен қарым-қатынасты құруда иерархиялық құрылымға акцент бермейтіндігі бағаланады.

Әйелдердің карьералық өсу жолында гендерлік стереотиптерді жеңуімен кедергілердің азаюы жынысын тәуелсіз тұлғаның қызметтегі маңызын бағалауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. З.С.Айдарбеков, И.С.Өсімбаева. Басшылық қызметтегі әйелдер рөлі. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11668>
2. Сафонова М.В. Управленческая психология. М.,1999.
3. Ж.К.Жусипова. Нарық жағдайындағы жастардың мамандық таңдау ерекшеліктері. Магистрлік диссертациясы. 2015 ж.
4. Д.Холл. Профессиональная мобильность: кто и когда принимает решение сменить профессию // СоцИс. 1997. - №11.- С. 48-54.
5. А.Д.Кибанов. Личность и профессия: психологическая поддержка и сопровождение. Учебное пособие. Под ред. Л.М.Митиной. Москва «Академия» 2005. - 336стр.
6. Ю.Е.Алешина, Е.В.Лекторская,1989; З.А.Хоткина, 1996. Женская карьера и женская судьба // Управление персоналом. 1996. - №119(5). - С. 48-52.
7. Е.В.Трофимова. Конкурентоспособность молодых специалистов по оценкам руководителей // Социальная политика и социология. 2007. - №2. - С.174-177.

Болатова Амина

**студентка ОП “Межкультурно-коммуникативный перевод”, Caspian University
научный руководитель: Хавронская М.А., магистр ПД**

Проблема «Межкультурной коммуникации» в работе переводчика

Аннотация: Данная статья рассматривает проблему межкультурной коммуникации в процессе перевода текстов и подчеркивает важность учета культурных различий и

особенностей. В статье анализируются проблемы, возникающие в процессе межкультурной коммуникации, и предоставляются советы и рекомендации для переводчиков с целью избежать недоразумений и достичь эффективного общения между культурами, что становится необходимым в связи с глобализацией и взаимодействием различных культур в различных областях.

Ключевые слова: Межкультурная коммуникация, переводчик, международные отношения, взаимодействие, культура, традиции, туризм, различие, глобализация, фоновые знания, термины, грамматика, связь, особенности, конфликты.

Межкультурная коммуникация представляет собой процесс взаимодействия между людьми, представляющих разные культуры, где каждый из участников имеет свой уникальный набор ценностей, норм, верований и традиций. История межкультурной коммуникации насчитывает множество примеров взаимодействия между культурами, которые происходили на протяжении многих столетий.

Одним из первых примеров межкультурной коммуникации было взаимодействие китайской и индийской культур в VII веке во время построения буддийских храмов в Китае. Это привело к обмену культурными идеями и традициями, которые существуют и по сей день.

Еще одним из знаковых примеров межкультурной коммуникации является переселение людей из одной страны в другую. Например, в период колониальной экспансии Европы в XVI-XVIII веках, европейские колонисты переселялись в другие страны, где взаимодействовали с местными народами, что приводило к обмену культурными идеями и традициями.

С развитием торговли и экономики в XVIII-XIX веках, произошло значительное увеличение взаимодействия между странами, что в свою очередь усилило потребность в межкультурной коммуникации. Переводчики стали необходимыми для устранения языковых барьеров во время торговых переговоров и культурных обменов.

В XX веке, с развитием технологий и средств массовой коммуникации, таких как телевидение и интернет, межкультурная коммуникация стала еще более распространенной и доступной. Однако, это также привело к появлению новых проблем, связанных с искажением культурных особенностей в процессе коммуникации и неправильным толкованием информации.

Действительно, межкультурная коммуникация является ключевым элементом во многих областях нашей жизни. Так, например в сфере международного бизнеса. Компании, работающие на международном уровне, должны учитывать культурные различия во время взаимодействия с клиентами, партнерами и коллегами из других стран. Неправильное понимание культурных особенностей может привести к неприятностям и потере клиентов.

Межкультурная коммуникация важна в международных отношениях и дипломатии. Правительства и дипломатические миссии должны учитывать культурные различия в процессе переговоров и общения с представителями других стран.

Межкультурная коммуникация играет важную роль в туризме, особенно когда люди посещают другие страны и культуры. Отправляясь в путешествие не стоит ждать, что в другой стране все будет так как дома, то есть в привычном русле. Путешественники должны быть готовы к культурным различиям и уважать местные традиции и обычаи.

Межкультурная коммуникация также является важной частью образования. Студенты из разных стран и культур учатся и работают вместе, что помогает им не только понимать культурные различия, но и учиться взаимодействовать друг с другом.

Межкультурная коммуникация становится все более важной в нашем глобализованном мире. Понимание и уважение культурных особенностей являются ключевыми элементами успешной межкультурной коммуникации в любой области.

Проблема межкультурной коммуникации в работе переводчика является одной из самых важных и актуальных на сегодняшний день. В условиях глобализации и роста международных связей, переводчик играет непрерывно растущую роль, позволяя наладить эффективное взаимодействие между людьми разных культур, говорящих на языках. Однако, при выполнении своей работы переводчик может столкнуться с множеством проблем, связанных с межкультурной коммуникацией.

Одной из наиболее распространенных является языковой барьер. В случае, если переводчик не знает языка на должном уровне, это может привести к неправильному переводу и недопониманию. Кроме того, между языками существуют различия в грамматике, синтаксисе и

структуре, которые могут вызвать трудности при переводе. Так, например, в английском языке принято выражать свое мнение открыто и прямо, что может считаться нормой в западной культуре. Фраза "I strongly disagree" будет воспринята как нормальная и принимаемая в западной культуре. Однако в японской культуре такое выражение может быть воспринято как грубость и неуважение к собеседнику. Вместо этого в японской культуре часто используется мягкое выражение "Chotto muzukashii" (немного сложно), которое может означать "Я не согласен, но не хочу вас обидеть своим мнением". Не менее показательным является следующий пример. "千里之堤毀于蚁穴" (qiān lǐ zhī dī huǐ yú yǐ xué) - буквально переводится как "дамба на тысячу миль рушится из-за муравейника". Это выражение используется для описания того, как маленькие проблемы могут привести к серьезным последствиям, и может быть не так понятно на других языках.

Еще одной проблемой межкультурной коммуникации является культурный барьер. Каждая культура имеет свои традиции, обычаи и социальные нормы, которые могут быть непонятны для переводчика. Например, в одних культурах знакомство начинается с рукопожатия, в других – с обмена визитками или приветствия поцелуем. Переводчик должен учитывать эти различия, чтобы избежать недоразумений и конфликтов. Что говорит о том, что недостаточно просто знать языки, нужно владеть обширными фоновыми знаниями. Например, выражение "Namaste", которое широко используется в Индии в качестве приветствия и проявления уважения к собеседнику. Однако, в переводе на языки, где такие формы уважения не приняты, может потеряться их значимость.

Еще одной проблемой межкультурной коммуникации является отличие в понимании терминов и понятий. Некоторые термины могут иметь различные значения в разных культурах, что может привести к неправильному переводу. Кроме того, многие термины не имеют прямого эквивалента в других языках, что может привести к трудностям при переводе. Выражение "arranged marriage" (устроенный брак), которое широко распространено в Индии, может вызвать непонимание в переводе на языки, где индивидуальный выбор партнера для брака более распространен. Или приведем другой пример. Слово "和" (wa) в японском языке обычно переводится как "гармония" или "единство", но его значение глубже, оно символизирует уважение к традициям и общественным нормам, а также коллективизм и солидарность.

Решение проблем межкультурной коммуникации в работе переводчика может осуществляться следующими способами:

1. Повышение уровня знания языка. Чтобы избежать языкового барьера, переводчик должен владеть языком на достаточном уровне, чтобы понимать все нюансы и особенности языка. Для этого рекомендуется изучать язык в течение длительного времени, а также практиковаться в общении с носителями языка.

2. Изучение культуры страны. Переводчик должен знать особенности культуры и традиции страны, чтобы не допустить недоразумений и конфликтов в переводе. Для этого рекомендуется изучать литературу и историю страны, посещать культурные мероприятия и общаться с местными жителями.

3. Учитывать контекст. Для улучшения понимания терминов и понятий, переводчик должен использовать контекст, в котором эти термины используются. Это поможет правильно понять и перевести эти термины.

4. Сотрудничество с другими переводчиками. Переводчик может сотрудничать с другими переводчиками, которые владеют языком и культурой страны, чтобы получить более глубокое понимание терминов и понятий, а также улучшить качество перевода.

5. Использование специализированных программ. Существуют специализированные программы для перевода, которые могут помочь переводчику в решении проблем межкультурной коммуникации. Однако, важно помнить, что такие программы не могут заменить профессионального переводчика, и необходимо проводить дополнительную проверку перевода.

В заключении, проблемы межкультурной коммуникации в работе переводчика являются

сложной задачей, которая требует от переводчика знания языка и культуры страны, а также использования специализированных инструментов и сотрудничества с другими переводчиками. С учетом этих факторов, переводчик сможет добиться высокого качества перевода и эффективной межкультурной коммуникации. Однако, необходимо понимать, что проблемы межкультурной коммуникации не всегда возможно полностью решить, и в некоторых случаях переводчик может столкнуться с трудностями, которые необходимо будет разрешать в процессе работы. В таких случаях, важно оставаться гибким и уметь адаптироваться к новым условиям и ситуациям, чтобы добиться наилучшего результата.

Список литературных источников:

1. Бондаренко, Е. Г. (2015). Межкультурная коммуникация: учебное пособие. Москва: Флинта.
2. Комиссаров, В. Н. (2014). Межкультурная коммуникация: учебное пособие. Санкт-Петербург: Питер.
3. Крысин, Л. П. (2013). Культура и перевод: взаимодействие языков и культур. Москва: МГИМО-Университет.
4. Микулина, Е. А. (2012). Межкультурная коммуникация: учебное пособие. Москва: Издательство Юрайт.
5. Севостьянов, В. (2019). Межкультурная коммуникация и перевод. СПб: Лань.
6. Федотова, А. (2017). Межкультурная коммуникация в процессе перевода: теория и практика. Москва: Фонд поддержки науки.

Саметқызы Аяулым

Кәсіпкерлік саласындағы бизнесті басқару

1 курс студенті

Алматы Менеджмент Университеті

Ғылыми жетекші: Бегалиева Л. ф.ғ.к., доцент

Алматы, Қазақстан

ЖАСТАР БОЙЫНДА ЭТНОҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық, мәдени рухани құндылықтары және оның құндылықтарының бір бөлігі болып табылатын салт-дәстүрлер арқылы жастардың бойына этноқұндылықтарды қалыптастыру жолдарының маңыздылығы қарастырылады. Жастар арасында төл дәстүріміз Көрісу күнінің маңызын білу мақсатында сауалнама жүргізіліп, тұжырым жасалды.*

***Кілт сөздер:** Жас ұрпақ, ұлттық тәрбие, этноқұндылық, рухани байлық, дәстүр, көрісу күні, ізет көрсету, амандасу, құшақтасу, бата, сауалнама, жоба, рухани мәдениет, тұлға, ұлттық дәстүр.*

